

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Елубаева М.С.

**ҰЛЫ ДАЛА АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ
ТАҒЫЛЫМДЫҚ МҰРАЛАРЫ
(XV-XVIII ғғ.)**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Тараз 2019

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз)я73
Е49

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың
мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлігі берілді
(№ 3461, 21 мамыр 2019 ж.)

Пікір жазғандар:

Әлсатов Т.М. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Ыбыраимжанов К.Т. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Әбдіқадырова Т.Р. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Елубаева М.С.

Ұлы дала ақын-жырауларының тағылымдық мұралары
(XV-XVIII ғғ.). Оқу құралы /Елубаева М.С. – Тараз: ИП «Бейсенбекова А.»,
2019. – 126 б.

ISBN 978-601-7440-12-1

Оқу құралында XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген ел өміріндегі күрделі тарихи оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейкесті мәселелерін суреттеп, үнемі халық жанынан табылып, ел болашағы үшін замана салмағын өз жырларына арқау еткен ақын-жыраулар поэзиясындағы тәлім-тәрбие көріністері және ұлттық тұлға тәрбиелеудегі орны сөз болады.

Оқу құралы педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, студенттерге, жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдеріне және қалың көпшілік қауымға арналады.

Баспаға Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті
Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылған
(Хаттама № 10, 23.04.2019 ж.)

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз)я73

ISBN 978-601-7440-12-1

© Елубаева М.С., 2019
© Тараз, 2019

АЛҒЫ СӨЗ

Төрткүл дүние Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына кезекті Жолдауындағы: «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады» – деп көрсетілген 7-ші бағытының басты идеясы адами капиталды дамытуға бағытталған.

Елбасының Жолдауында атап көрсетілгендей, тәуелсіздіктің көк туын көтеріп, еркіндіктің кең өрісіне шыққан Қазақстан елінің алдында қоғамның идеалына айналатын елге тірек, нағыз ұлттық тұлға тәрбиелеу міндеті тұр. Ол үшін барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде бүкіл қазақ халқын әсіресе, жастарын өз ұлтының тарихи-мәдени қайнарларынан сусындатып, тағылымды мұраларынан нәр алдырып, ғылыми дүниетаным негіздері мен рухани адамгершілік құндылықтарына тәрбиелеу ұлттық тәрбие жүйесінде жүзеге асырылуы тиіс.

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан жаңару үрдістері өткен тарихымызды объективті тұрғыдан дұрыс бағалауға, ұлттық мәдениет саласында талай ғасырлар бойы жинақталған тәлім-тәрбиелік мұраларды бүгінгі күн талаптарына сай пайдалануға қолайлы жағдайлар тудырып отыр.

Мәселен, елдің әлеуметтік тіршілігін, дәуір шындығын халық тағдыры мен арман-мұратын, ой санасы мен дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білген ақын-жыраулар поэзиясындағы игі дәстүрлер тәлім-тәрбие қазынасына айналуға.

Жер-жаһанда ұлттың, халықтың құрылу, дербес мемлекет болып өмір сүру, Отан қорғау тарихында қазақтай ақын-жыраулары беделді екінші бір ел болмағаны анық. Қазақ жыраулары өткен ғасырларда мемлекет пен ел билеуде, ішкі-сыртқы саясатты белгілеп жүргізуде хандардың оң қолы, белді де беделді сүйеніші болған.

Жаугершілік заман болып, ел басына күн туғанда, жорықшы жыраулардың рөлі ханнан да, батырдан да, бектен де асып түскен. Олар өздерінің отаншыл, патриоттық жалынды жырларымен елдің басын біріктіріп, күреске көтерген.

Жырау – ел ішінде ағартушылық қызмет атқарып, елдің елдігі, азаматтың азаматтығы, адамдар арасында адамгершілік нормаларын қалыптастырып, оның озығын насихаттап, тозығын шенеп, әділдік үшін алысып, қиянатқа жол бермеуге тырысқан, зорлықшылар мен парақорларды бетке тура айтып, аямай әшкерелеген, халықты адалдыққа, еңбекқорлыққа, азаматтыққа шақырған.

Білімдік, танымдық, тәрбиелік мәні зор ақын-жыраулар мұралары жайындағы бұл оқу құралында ақын-жыраулар мұраларының тәрбиелік ой-пікірлерін ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерделеп ұсындық.

Оқу құралы үш тараудан тұрады. Оның алғашқы тарауында қоғам шындығын қозғайтын, өз кезіндегі басты мәселелерге үн қосып, өзекті сұрақтарға жауап беруге атсалысқан асыл сөз иесі ақын-жыраулардың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталсақ, екінші тарауда жыраулар поэзиясының дәуір шындығы негізінде туындағаны жайында айтылды. Ал үшінші тарауда ақын-жыраулардың тәлім-тәрбиелік идеялары қарастырылды.

Оқу құралы педагогикалық жоғары оқу орнының барлық мамандықтары бойынша білім алып жатқан студенттеріне арналады.

I тарау. ЖЫРАУ – АСЫЛ СӨЗ, АДАМИ ИДЕАЛДАР ИЕСІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі»¹ деп атап көрсеткендей, өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп, олардың бойында рухани-адами құндылықтарды қалыптастыру міндеті тұр.

Қазіргі қазақ халқының рухани жағынан қайта даму кезеңінде жастарға ұлттық тәрбие көздерімен сусындата білім беру – еліміздің өркениеті мен экономикасын тұрақтандыруда, патриоттық сезімін арттырып, дәстүрімізді дәріптеуде, тілін құрметтеп, парызы мен арын таза ұстауда, ұлт намысын биік ұстап, ұлттық қалпымызды сақтауда, халқының көңілінен шығып, қауымның үмігін ақтайтын, нағыз ұлттық тұлға етіп тәрбиелеуде өз нәтижесін берері анық.

Ұрпақ бойына ұлттық адами құндылықтарды ұялатар (ата-ананы сыйлау; туған жерін сүю; тілін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін құрметтеп, мақтан тұта қорғай білу; білім мен білігін, ақылы мен парасатын ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау; елінің өткенін өрімдеп, есесін түгендейтін өр, от жүректі намысқой, адалдықты ту етер арлы, жүрегі таза, иманды да парасатты адами қасиеттерді қалыптастырар) рухани күш – тағылымды асыл мұраларымыз.

Талай ғасырлар тарих тағдырын басынан кешірген қазақ халқының да әр дәуірде кейінгі ұрпаққа мирас болған мәдени мұралары мен тағылымды асыл қазыналары болған.

Тарих қойнауындағы халқымыздың санғасырлық рухани мұрасын, әсіресе оның тәлім-тәрбиеге байланысты асыл қазыналарын ғалымдар зерттеп, зерделеп ұлттық сипатын, қоғамдық мәнін айқындап, оның бүгінгі тәрбие мәселесімен өзектестігін көрсетуде.

Біз қарастырып отырған мәдени мұраның арналы саласы – «XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар мұрасы» – қазақ хандығы құрылып, дербес мемлекеттің нығая бастаған дәуірдегі әлеуметтік жағдайларға байланысты туып, дамыды. Жыраулар мұрасында сол дәуірдегі талай тайпалар басынан өткерген тарих іздері, әр дәуірдің ірі, іргелі оқиғалары, көрнекті тұлғалары, сол замандағы оқиғалар хақындағы деректер анық байқалады. Осы кезден бастап қазақтың төл әдебиетінің іргетасы қаланып, жыраулар мен ақындардың есімдері белгілі болып, авторлар сақталды.

Тәуелсіздік дәуірінде жыраулар шығармашылығын, тарихын ғылыми түрде зерттеу – оның философиясының әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық негіздерін түсінуге, толғаулардың қыр-сырын ашуға, жыраулар дүниетанымын танып-білуге, тағдыры мен дамуындағы жыраулардың орны мен рөлін, маңызын айқындауға мүмкіндік берді.

Мәселен, қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетті ғалым М.Мағауин түбегейлі зерттеп, зерделеген, көпшілік жыраудың ғұмырбаян деректерін тұңғыш рет

жұртшылық назарына ұсынған. Өз кезіндегі тарихи-әлеуметтік мәселелерді толғап, қоғам мүддесін көтеріп, жыраулық дәстүрді дамытқан, жыраулар поэзиясын теориялық тұрғыда тұжырымдаған.

Уақиға сырын, замана бағыт-бағдарын, ақыл таразысына салып сынай, салмақтай толғаған, халық қайғырғанда демеп, қуанғанда қанат бітіріп, қоғамның мінін ашық айтып, өз кезіндегі басты мәселелерге үн қосып, өзекті сұрақтарға жауап беруге атсалысқан асыл сөз иесі ақын-жыраулар ел арасында ерекше құрметке ие болған, олардың дарынын халық толығымен мойындап, қадірлеген. Шығармаларында ұстанған батырлық, елдік, еркіндік, бостандық, теңдік, адамгершілік, ар-ождан, сөзге беріктік, өмір, мораль, замана хақындағы адами идеялары халқының дүниетанымының, өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына әсері мол болып, сол заманның тәрбие құралына айналған. Жалпы алғанда жыраулар шығармаларында патриоттық-отансүйгіштік, адамгершілік, эстетикалық тәрбиеге қатысты ойлар бір-бірімен астасып, тәлім-тәрбиелік жүйе құрылған. Мәселен, жорыққа шығар алдында олар өз толғаулары арқылы халықтың патриоттық сезімін оятып, өз ұрпағы, елі, жері үшін жауапкершіліктерін естеріне салу арқылы шабыттандырып, рухын көтеріп отырды.

Ақын-жыраулардың шығармаларының тақырыптары да әр алуан. Саяси мәселелерден бастап күнделікті тұрмыста тәлім-тәрбиелік мәні бар мәселелерге дейін өз шығармаларына арқау етті.

Жыраулық поэзиядағы толғауларда ойды тереңнен қозғап, философиялық түйінді тұжырымдарды, қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуді, отаршылдық әрекеттерге қарсы күреске шығуды талап ететін болса, ақындар поэзиясындағы толғауларда дүние жалғанға, қоғамға, тағдырға, өз өміріне деген кейістігін, қынжылысын, ренішін психологиялық тебіреніс, толғаныс сезімде құрып, жеке басының тағдыр-талайын жырға айналдырады.

Ақындық поэзия мен жыраулық толғаулардың дәуір көрінісін, өмір шындығын суреттеуде көркемдік тәсілдері мен жанрлық ерекшеліктері, тақырып аясындағы өзіндік елеулі өзгешеліктері ғалымдар зерттеулерінде қарастырылған.

Мәселен, Ш.Уәлиханов, Х.Досмұхамедов, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, М.Мағауин, Х.Сүйіншәлиев, Ы.Дүйсебаев, З.Ахметов, К.Келімбетов, Ә.Дербісәлин, Қ.Өмірәлиев, С.Негимов т.б. ғалымдар еңбегінде ой-пікірлері айтылып, түйінді тұжырымдары, анықтамалары беріліп, ғылыми тұрғыда жан-жақты зерделенген.

Профессор Е.Ысмайылов жырау мен ақындар ерекшеліктерін жете зерттеп берді. Ол жыраулар да ақын, көркем сөз шығарушы өнерпаз, қазақ әдебиетінің көне өкілдері деп танытты. Жыраудың ақыннан өзгешелігі – шығармаларының сарыны мен тақырыбы бірыңғай болып келуінде. Адам баласы басындағы қайғыны, зарды, ел ішіндегі ауыртпалықты толғау, әлеуметтік, елдік мәселелерді көтеру, тағы басқа әртүрлі өткен-кеткен күйлерді шерту, болашақты болжап, ақыл айтып, батагөйлік ету, шешендік түйіндер жасап,

терең ой қозғау – жыраулардың дәстүрлі ерекшеліктері. Бірыңғай тарихи тақырыптарды, әлеуметтік қоғамдық мәселелерді, қолбасы батырлар мен ел басы хандар ісін, халықтың жай-күйлерін, қонысын, өткені мен болашағын толғап, осы мәселелер төңірегіндегі өкініштер мен өксіктерге бой ұра, кейде тіпті зарыға жыр толғап отыру – жырауларға тән қасиет. Олар өздерінің болжамдарын, ақыл-өсиеттерін қобыздың зарлы үніне қосып ұзақ толғаған².

Халқымыздың асыл өнері – сөз өнерінің жетекші өкілдері ақын-жыраулар туралы кезінде ұлы жазушы М.Әуезов: «Жыраулардың ақын атаулыдан, жыршыдан бөлек өз жанры бар»³, – дей келіп, жыраулардың мақсаты мен міндетін саралап, дәл басып сипаттаса, З.Ахметов: «Жыраулар өз жырларын қазақ халқының көне поэтикалық үлгісі – толғау арқылы айтып таратқан»⁴ – деп тұжырымдаған.

Шындығында, жыраулар шығармалары негізінен толғау түрінде болады. Толғаудың басқа фольклорлық жанрлардан ерекшелігі – онда әртүрлі мәселерге ой жүгіртіп, талдаумен қатар, үлгі көрсету, өсиет айту орын алды. Толғауда маңызды қоғамдық-әлеуметтік, саяси-философиялық тақырыптар, азаматтық әуендер кеңінен орын алады.

Жыраулардың ерекше қасиеті – сөзіне жауапкершілікпен қарауы, халық алдындағы ашықтығы, әділеттілігі, турашылдығы, күрескерлігі. Олар – адами-рухани құндылықтарды дәріптеп, іске асырушы.

Ақын-жыраулардың қоғамдағы рөлі мен жыраулық поэзияның өзіндік ерекшеліктерін, табиғатын ашып тануда зерттеушілердің ой-тұжырымдары мен пікірлерінің мәні зор.

Жыраудың қоғамдағы рөлі, жыраулық ерекшелігі туралы ойын Ә.Марғұлан: «Жырау ру басы ақсақал, халықтың көкейкесті арманының мұңшысы. ...Жыраулар халыққа күш-жігер беріп, оқиғаның немен тынарын болжап, тебірене жыр толғайтын болған. Болашақты барлап, болжам айту – көреген де білгір жыраулардың поэтикалық өнерінің басты тәсілі болып саналған»⁵ – деп түйсе, ғалым әрі ақын Ә.Тәжібаев: «Жырау да – ақын. Ал жыраулық ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі саласы»⁶ – деп, жыраулық дәстүрді жеке сала ретінде алып қарастырған. «Бұл жанр – ел қамын ойлаған қаһарман батырлардың өмірі мен ерлік істерін дәріптеп жырлау, оларды бүкіл халыққа насихаттау, жас ұрпақты ел-жұртын сүйген қайсарлық рухта тәрбиелеу, ерлік дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін туған жанр»⁶ – деп жазған.

XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар – заманының ойлы перзенті ретінде қоғам мүддесін толғап, өмірдің сан алуан мәселелерін сарапқа салып, философиялық-дидактикалық тұжырым жасап, елдікті, ерлікті, бірлікті жырлаған. Жыраулар көбінесе елдік мәні үлкен, келелі мәселелердің тұсында, халық пен ханға бірдей ақылшы, көпті көрген кемеңгер ойшыл ретінде көрінеді, айтпақ ойларын толғау түрінде философиялық, дидактикалық түйіндер арқылы, өмір құбылыстарын, тарих пен кейінгі өмірді, жақсы мен жаманды, адамдық пен жауыздықты, өмір мен өлімді салыстыру арқылы психологиялық параллелизмдер негізінде, патетикалық рухта жеткізеді»⁷.

Яғни, жыраулар әлеуметтік мәні зор, келелі мәселелерді жырласа, ақындар күнделікті өмірдегі сан қилы тақырыпта бетпе-бет өлеңдер шығарған. Ол туралы академик С.А.Қасқабасов «Жырау, жыршы, ақын» еңбегінде: «Жырау хандық мемлекеттің бас идеологі ретінде толғанса, ал ақын адамның тіршілігі мен сезімін суреттейді»⁸ – деп жазған. Ал Е.Ысмайылов: «Ақын өмірдегі құбылысты, тарихи оқиғаны өзінің ой-өрісі дәрежесінде таниды. Ақынның сезінуі, ол сезгенін қабылдауы шапшаң, ол тез көріп, тез әсер ала біледі, алған әсерін ұғып, есіне сақтауы да күшті, тұрақты. Ақын естігенінен гөрі, көзі көргенін тез сезіп, жылдам жырлап кетеді»⁹ – деп ақындық дарынның ерекшелігін атап көрсеткен. Шындығында, ақын кішігірім мәнді әрекеттер мен адамның көңіл-күйі мен сезімін бейнелеу шебері. Оны Тәтіқара, Көтеш, Шал ақын туындыларынан, ХІХ ғасырдағы ақындар шығармаларынан байқауға болады.

Сонымен, ақындық поэзияда тақырып ауқымы кең, сезімге бай, лирикалық сипаты басым болса, жыраулық поэзияда қоғам тынысын, заман жайын суреттеумен бірге, өз ой-болжамын білдіре, ақыл айта, терең ой қозғау, эпикалық үн басым болған.

Қазақ ақындары мен жыраулар мұралары – ғасырлар бойы шыңдалып, жылдар өткен сайын жаңа арнаға түсіп, ақындық өнердің озық үлгісін өмірге әкелуде.

II тарау. ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫ – ДӘУІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Қай халықтың болмасын дәуірлік мәні бар мәдени мұрасы мен рухани байлығының өсіп-өркендеуі аса күрделі құбылыс.

«Өткенін білмеген, халқының қадірін білмейді» демекші, қазақ халқының да өзіне тән тарихи басынан кешкен кезеңдері, өрлеу сатылары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұралары, тағылымды қазыналары болған. Халқымыздың рухани дүниесі – асыл мұраларымыз салиқалы сөздермен, өнегелі өсиеттермен, ақиқаты мол аңыз-әңгімелермен, даналық нақылдармен, ақын-жыраулардың жыр жолдарымен байып отырған.

Осы асыл мұраларымыз өзінің бүгінгі биігіне талай асу, қиялардан өтіп, сан қилы тарихи оқиғалардың сәулесін бойына сіңіріп, ұлттық сипатта қалыптасқан.

Белгілі жазушы Ғ.Мүсірепов: «Қазақ халқы бар тарихын көше жүріп өткізсе де, батпаққа батырмай, құмға шашпай, жұртына қалдырмай, шабындыға алдырмай, барлық жинаған сөз байлығын, күй мен жырын бізге жеткізді. Бұл – бәрімізге де қымбат мұра, бай қазына»¹⁰, – деп өте әділ бағалаған.

Тарих тылсымына тереңдей бойлап, халық зердесіне байыптай үңілсек, әр дәуірде өлмейтұғын артында із қалдырған қайталанбас тұлғалардың кейінгі жас ұрпаққа мирас болған асыл қазыналарымен құнды деректері барлық адамзатқа ортақ заман ағымының, тарихи жағдайдың, елдің, жердің, адамгершіліктің танымдық құралы, рухани игілігі болған. Бүгінгі күнде қаламынан қастерлі жыр, даналығынан ұлағатты сөз туған ақын-жыраулар поэзиясындағы мән-мағыналы, үлгі-өнеге мен игі дәстүрлер ғасырлар озған сайын құны жоғалмай, қайта арта түсетін рухани азық болып отыр.

Ақын-жыраулар мұраларында елдің ел болу тарихы, шежірелі жайлары кеңінен қамтылған. Олар ел өміріндегі күрделі тарихи оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейкесті мәселелерін суреттеп, үнемі халық жанынан табылып, ел болашағы үшін замана салмағын өз жырларына арқау еткен. Бұл жөнінде заңғар жазушы М.Әуезов: «Ақын-жыраулардың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да, көптің жайы туралы айтылады»¹¹ – деген.

Жыраулық поэзия – халқымыз бастан кешкен тарихи ірі оқиғалардың көркем шежіресі. Ел тұрмысының сан алуан қырларын қамтып бейнелеуге әр кез елеулі үлес қосып отырған асыл мұра.

Мәселен, Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында қазақ халқының XVIII ғасырдағы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған зұлмат күндерінің көрінісі қалмақ әскерлерінің басқыншылық жорықтары, Қожабергеннің өзі көрген тарихи деректі оқиғалар жырланған.

Ақынның дастаны халқымен, халықтың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін арпалысқан сардарлармен, сарбаздармен амандаса отырып:

Ассалаумағалейкум, халқымызға,
Кейісті көріп тұрған жалпыңызға.

Қатал жау тұс-тұс жақтан шабуылдап,
Келтірді үлкен нұқсан салтымызға.

Ассалаумағалейкум, сардарларым,
Жұрт үшін ерлік еткен дегдарларым.
Кеңесіп дұшпандардан ел қорғандар,
Кетпесін жау қолында мал-жандарың.

Ассалаумағалейкум, сарбаздарым,
Болашақ көпке тұтқа маңғаздарым.
Бабаңның біз сияқты жырын тыңдап,
Осыдан жағдайды ұқ, сарбаздарым¹² –
деп ел бүтіндігін, береке-бірлігін, туған жер, атамекенін қорғауға үндеуден басталады.

Орыс елі мен Қытайдың қолдауымен қанышер қалмақ қазақ елін қасіретті соққыға душар етті. Оны жырау:

Алтын, күміс мал беріп аямай-ақ,
Көршілес екі ірі елден білгір жалдап.
Сыбан Рабтан ден қойып өнерпазға,
Ғаскерін үйреттірді он жыл қамдап.

Болмаса қалмаққа өнер қайдан келсін,
Тетігін дәу мылтықтың қайдан білсін.
Осындай мол жабдықпен келіп шапты,
Дегендей қайратымды қазақ көрсін.

...Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,
Орыстар қамалдарын салып жатты.
...Көк шалғын қазақ жерін қанға бояп,
Жауыздар сахарамда асыр салды –
деп баяндаған.

Сібірдегі Енесай өзені алқабы, Алтай, Тарбағатай таулары, ежелгі Еділ аралығындағы кең-байтақ даласы, Жетісу, Іле, Еділ, Ертіс, Қобда өзендерінің атыраптарын тұтастай жаулаған қалмақ басқыншылығының деректі толық суретін күйзеле жырлаған. Дастандағы тарихи деректілік арқылы Қазақ даласына жасалған қанды жорықтардың арғы тарихынан да қанығамыз.

Сегіз жүз тоқсан бес мың жаудың қолы,
Доп атқан дәу мылтықпен аршып жолды.
Айнала қазақ жерін жаулап алып,
Халқыма аямастан құрды торды.
Көп жылғы мол дайындық арқасында,
Паналай дәу мылтықтың қалқасына.
Екпіндеп ілгерілеп жетті жаулар,
Қаратау, Сыр менен Шу, Балқашыңа.

Екінші кезеңі – Кердері (Арал) теңізі аймағындағы, Қаратау, Сыр бойындағы, Шу мен Балқаш өңіріндегі халықты да жаудың басып алғандығы сөз болған.

Түркістан, Ташкент, Шымкент, Сайрам, Созақ, Тараз қалаларын да басып алған жаудың тағылық қылықтары ызалы кек тілімен жырланады. Әсіресе, бүкіл түркі халықтарының қасиетті мекені Түркістанның жаудың қол астына қарағанына ашынады.

Дастанда қалмақтардың тарихи жеңістерін қамтамасыз еткен бірнеше жағдайлар шынайы суреттеледі.

Мәселен, қазақ хандығындағы мемлекеттік құрылымның әлсіздігі. Ол туралы ғалым М.Мағауин: «XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында Қазақ Ордасы үшін ең қатерлі кезеңде үш миллион халықтан тым құрыса үш жүз мың әскер жасақтай алмау – Орданың әскери ахуалының мүлде кері кеткенін көрсетеді»¹³, – деген.

Қалмақ басқыншыларының жеңіске жетуіне: қазақ хандығының саяси-әлеуметтік, экономикалық тұтастық құрылымын басқаратын мемлекеттік біртұтас жүйенің болмағандығы; ел ішіндегі қожалардың, төрелердің, сұлтандардың сатқындық қылықтары; түркі тұқымдас халықтардың дұшпандық қарым-қатынастарда болғандығы (Қоқан, Хиуа, Бұқара хандықтары қару-жарақтарын қазаққа сатпай, қалмақтарға берген); оңтүстіктен түрікмендер, қырғыздар, Еділ жақтан башқұрттар (Естек) шабуылдағанының ықпалы болды.

Жау болды ағайын ел Естек бізге,
Жасады ол да жорық елімізге.
Қоқан да күнгей беттен қоқандайды,
Соқтықпақ ойғыр, қырғыз тағы бізге.
Мұсылман көмектеспей, мұсылманға,
Бермеді қару жәрдем қысылғанда.
Түрікпен, Қоқан, Хиуа, Бұқар жау боп
Жат болды өзбек, тәжік, дін исламға –

деген шумақтардан сол кездегі қазақ елінің ішкі, сыртқы жағдайын тану қиын емес.

Қазақ ұлтының табиғи, шынайы бітім-болмысы, тұрмысы, мінез-құлқы – бәрі де ақынның шындық жырымен өрнектеледі.

Дастанда бет-бетімен бас сауғалап есеңгіреген ел зары, шер-мұңы, ызасы мен кегі, ар-намысы, келер күнге сенімі бейнеленген.

Асынған құтты болсын жарақтарың,
Жырыма құлағың сал, қарақтарым.

Шабуылы жау қалмақтың күшті екен деп,
Кетпендер жаудан қорқып, тарап бәрің, –

деп бас сауғаламай, азаматтардың атқа қонуын тілеп, халықты бірлікке шақырған. Жауынгер қолбасшы атқа қонып, қалмаққа қарсы қолды өзі басқарады.

Ақын-жыраулардың өзі өмір сүрген заманның басты мәселелерін қаншалықты айқын танып, рухани байлықтың дамуына қаншалықты үлес қосқанын және мұраларының қоғамдағы орнын халқымыздың тарихымен ұштастыра қарастырған ағартушы-педагог М.Жұмабаев: «...өз заманының өмір шындығынан із қалдырған белгілі бір авторлары бар, авторсыз жалпы ауыз әдебиетінен өзгеше, фольклордан жазба әдебиетке көшу сатысындағы әдебиет болады. Сондықтан жыраулар мұраларын тарихи әдебиеттің басы деп қараймыз»¹⁴ – деп ерекше бағаласа, ғалым Ә.Дербісәлин: «Қазақ поэзиясының XV-XVIII ғасырлардағы кезеңін тұтастай бағалар болсақ, ол фольклордан жеке авторлардың алғаш бөлініп шыққан кезінен бастап жазба әдебиет туғанға дейінгі екі ортадағы өткінші кезең, өзіндік туу, іздену, өрлеу жолы бар жанды әдеби процесс»¹⁵ – деп сипаттаған. Зерттеуші Қ.Өмірәлиев: «Бұл табиғи дарын иелері қай замандарда да болып отырған. Олар қазақ халқының ауызша әдебиетін – көшпелі халықтың жазба әдебиетке дейінгі жердегі поэзиясын жасады»¹⁶ – деген. Шындығында, заман талабына сай жыраулар өзінің көріпкел, болжағыштық, дана-кемеңгерлік қасиеттері арқылы әр кезеңде белгілі бір ханның қысылғанда кеңес сұрар ақылгөй жыршысы, салауатты биі болған. Мәселен, көне дәуірде Қорқыт ата мен Дерсе яки Баяндүр хан, Ұлық жыршысы мен Шыңғыс хан, бертінгі Сыпыра мен Тоқтамыс, Асан Қайғы мен Жәнібек, Шалкиіз бен Би Темір, Жиёмбет, Марғасқа жыраулар мен Есім хан, Үмбетей мен Абылай хан, Бұқар мен Абылай хан арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін жырлар пікірімізді дәлелдейтін тарихтың көркемделген беттері.

Әр дәуірдегі ақын-жыраулар ел-жұртының басына түскен ауыртпашылықтарға ортақтасып, қайғы-қасіреттерін мұңды-сазды әуендермен зарлана-шерлене толғаған, негізгі сарыны замана күйі болды. Олардың толғаулары арқылы тарихқа да болжам жасауға болады (жоңғар басқыншылары, отаршылдық кезең, әлеуметтік-экономикалық жағдаяттар т.б.).

Мәселен, Асан Қайғы жырларынан қазақтың алғашқы ханы – Жәнібек, қазақ халқының құралу кезіндегі елдік, мемлекеттік мәселелер, сол кездегі Қазақстан жерін мекендеген ру-тайпалар тірлігі, қоныс аударудағы ішкі тартыс, қиындықтар ізін көресіз.

Ал, Жиёмбет жыраудың:

Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,

Қаланың қасы бүлгенде

Сұлтандар суға сылаған, –

деген өлең тармақтарынан-ақ жау кім, не үшін, қай кездегі оқиға басшылары кім екені жайында нақты мәліметтерді байқауға болады.

Жалпы, қоғамдағы рухани байлықтың бәрінде халықтың жандүниесін, таным-нанымын, талғам-талабын, арман-тілегін сезіп, соған орай, заман жайында түйгендері, мораль, этика хақындағы ой-толғаныстары, әлем, болмыс, тіршілік, табиғат сырының мән-мағынасы, адам өмірінің әр кезеңі, олардың іс-әрекеті, адамгершілік қасиеттері негізге алынып, атамекенді сүю, ардақтау арқылы ұрпақтарын отаншылдық, елжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуге мән берген.

Тіпті жазу-сызуды білмеген, ғылым мен мәдениеттен мешеу, тайпалық дәуірдің өзінде де, өз ұрпақтарын өмірге бейімдеп тәрбиелеу халық өмірінен өзекті орын алған. Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский: «Адамды табиғат жаратқанымен, оны өсіріп, тәрбиелейтін – қоғам»¹⁷, – деп өте орынды айтқан.

Түркі халықтарының біразына ортақ ойшыл, ғұлама-ғалымдар өз шығармаларында ел, жер, Отанды сүю, ар-ождан, намысты қорғау, ғылым, білімді халық игілігіне жұмсау сияқты ұлттық рухтың өзекті мәселелеріне мән бере суреттеген.

Қазіргі қазақ жерін мекен еткен туыстас түркі тайпалары V-XIV ғасырлар да ұлттық жікке бөлінбеген. Сондықтан сол кездегі мәдени мұралар (әдеби) туыстас халықтардың бәріне ортақ, бәрінің де қазіргі әдебиетінің басы болып есептеледі. Қазақ, қарақалпақ және ноғай халықтары бірге өмір сүрген кез жыраулық поэзияның алтын дәуірі болды. Сондықтан ғалым Қ.Өмірәлиев: «...бұл сипаттас сөз үлгілеріне қазақ, ноғай, қарақалпақ т.б. халықтардың ортақ еншілігі бар мұра ретінде қарау керек»¹⁸ – деген.

Ғасырлар қойнауынан үзік күйінде болсын жеткен асыл мұра – қазақ, ноғай және қарақалпаққа да ортақ.

Жалпы түріктік, ортақ арнадан бөлініп, қазақ халқының ұлттық дербес мәдени мұраларының қалыптасуы өз алдына мемлекет болып құрылуынан басталады. Зерттеушілер осындай асыл мұралардың арналы саласы қазақтың төл әдебиеті атанған XV-XVIII ғасырларда жыраулар поэзиясының да жасай бастаған уақытын қазақ хандығы құрылған уақытпен сабақтастырады.

Алтын Орданың күйзелісті күндерінде бой түзеп шыққан қазақ хандығы қазақ даласында жаңа мәдени дәуірдің бетін ашты. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулық өнер жаңа дәуір талабына сай дамыды. Жыраулар қазақ тарихының ғасырлық мұңын толғады.

Ғалым М.Мағауин жыраулық өнер туралы: «Қазақ әдебиеті қазіргі Қазақстан жерін жайлаған тайпалар туғызған бай рухани қазынаның заңды мұрагері еді. Ол өзіне дейін ғасырлар бойы жасаған мұрадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, соны соқпақ сараптар қалдыру нәтижесінде кемелденді»¹⁹ – деп тұжырымдаған.

Халқымыздың өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген өшпес, өлмес алғашқы дербес мұралардың бірі – ақын-жыраулар поэзиясын зерделей келіп, әдебиет зерттеушісі Н.Келімбетов: «Қазақ жыраулары қазақ атымен аталатын дербес әдебиеттің басы ғана емес, ...ежелгі түркілердің көркем сөз өнерінің табиғи жалғасы»²⁰ – деген. Ғалым ежелгі түркі поэзиясы мен қазақ жыраулары поэзиясын салыстыра, саралай келіп: «VIII-XII ғасырлардың жазба жәдігерліктеріне тән осы тілдік-стильдік, модельдік ішкі заңдылық бертін келе, XV-XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы дидактикалық-шешендік жыр толғауларға да тән қасиет болып шықты»²¹ – деп түйіндеген.

XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулар мұрасындағы әлеуметтік-дидактикалық сарындардың ежелгі түркі әдебиетінен бастау алғаны даусыз.

IX-XIII ғасырларда өмір сүрген ғұлама ғалым, әрі ақын, әрі философ ойшылдардың еңбектерінен қазақ халқының мақал-мәтел, нақыл сөздеріне

айналып кеткен әлденеше асыл сөз тіркестерін көптеп кездестіресің. Тек бір ғана Ж.Баласағұнидың жүзге тарта асыл ойға, әдемі ұйқасқа құрылған афоризм сөз тіркестері бар.

Кемеңгер ойшылдардың заман озған сайын көнермей, көмескіленбей, қайта көркейе, жандана түскен ақыл-нақыл өсиет сөздері орасан көп. Олардың асыл сөз маржандарынан бұқара қауымның кәрі-жасы үлкен ғибрат алатыны сөзсіз.

Ақын-жыраулар поэзиясынан да осындай мақал-мәтел боларлық тәрбиелік мәні бар терең ойға толы, афоризм сөз тіркестерін көптеп кездестіреміз. Бұл жөнінде әдебиетші, ақын А.Егеубаев: «...әдебиеттің алтын қоры болып есептелетін ақын-жыраулар поэзиясының кемелденіп, керемет шеберлік деңгейіне көтерілуінің түп-тамыры IX-XIII ғасырларда өмір сүрген, бүкіл Орта Азия халықтарына ортақ Ж.Баласағұни, М.Қашқари, Әл-Фарабилер сияқты кемеңгер ойшылдардың трактаттарынан нәр алуында»²² – деп өте орынды пікір айтқан.

Қорқыт ата, Аталық және Сыпыра жыраулар негізін қалаған жыраулық дәстүрлер – дербес мелекеттік дәрежеде өмір сүрген қазақ хандығының әдеби мұрасы. Көрнекті ғалым М.Мағауин: «Қазақ халқының жалпы түріктік ортақ этноқұрамынан бөлініп, дербес Орда құрған хандық заманы төрт ғасырға жуық ұзақ дәуірге созылды»²³ – дейді. Демек, тәуелсіздік жолына мәңгілік бағдар түзеген Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуында ақын-жыраулар мұралары үнемі ықпалды арна болды.

Дәуірлерге тән жыраулар поэзиясы кең арнамен дамыды. Ақын Ә.Тәжібаев: «Ақындығы күшті жыраулардың жадындағы жырлар үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сыйқын бұзбай көрікті күйінде жетіп отырады»²⁴ демекшідей, ата қоныс жер үшін, атамекен ел үшін ұлан-байтақ кең даласын ғасырлар бойы «ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» қан төгіп қорғаған, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған заманда елім деп еңіреген қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап, елдігін ерлікпен қорғап, жерін жауға бермеген, ұлан-байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимеген рухани әлеміміздің шамшырақтары – ел азаматтары, қаһарман қазақ батырлары мен тарихи тұлғаларды, батырлықты жыраулық өнермен ұштастырған бабаларды нақтылықпен дәл көрсеткен жыраулардың құнды өлең-жыр өзегін халқымыз кейінгі ұрпақтарға аман-есен жеткізген.

Профессор Е.Ысмайылов: «Ақындар ел тарихын, мәдени мұраны бізге жеткізуші, өткен ғасырларды бүгінгі дәуірмен жалғастырушы»²⁵ – деп өте орынды айтқан.

Ақын-жыраулар өз ұрпақтарына ғибратты өлеңімен де, батырлық өнерімен де, «елім үшін – жан пίδα» деген азаматтығымен де үлгі болып өткен.

Әдебиетіміздің жеке сала болып тұрақтап қалыптасуына, толысып, кемеліне келіп, өркендеп дамуына үлес қосқан, яғни, XV-XVIII ғасырлардағы (Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар т.б.) ақын-жыраулар мұраларын саралай келіп, көрнекті ғалым М.Мағауин: «...Халықтың рухани өмірінде жетекші орынға

шыққан поэзия әлденеше ғасыр бойы қазақ әдебиетінің жай ғана көшбасшысы емес, ең басты жанр қызметін атқарды. Ал кезеңдегі қазақ поэзиясының ең ауыр жүгін көтерген, сөз өнерінің жетекші өкілдері – жыраулар болды. Қазақ ақын-жыраулары XV-XVIII ғасыр шегінде бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұра жасады»²⁶ – деп тұжырымдады.

Шындығында, жыраулар поэзиясы – қазақ хандығы тұсындағы дара шыққан әдебиет. Ол бізге қазақ халқының құралу кезіндегі қилы күйді жеткізіп, хандық дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірлерді білдіріп, тұтас елдің болмысын көрсетті.

Ол жайында зерттеуші Н.Келімбетов: «Жыраулық өнер өзінің табиғи даму барысында ежелгі түркі әдебиетіне тән жалпылама өсиет, ғибрат айту шеңберінен шығып, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірді білдіретін, күллі қазақ елінің тынысын аңғартатын қоғамдық күшке айналды»²⁷, – деген болатын.

Жыраудың өтімді де беделді болған кезі – қазақ хандығы дәуірінде еді. Олардың атқарған ісі де көп болды.

Зерттеуші, белгілі ғалым Қ.Өмірәлиев: «Жыраулар ...тұтас халықтың амандығын, хандықтың бірлігін толғады, болашаққа көз тігіп, болжау, аян сөздер айтты, ұлы ескертулер жасады. Олар ханның қошеметшісі де, өзін ханға бұлдаушы да болған жоқ. Олар хан ордасының ұлы кеңесшісі, сәуегей ақылшысы болды. Өз заманының, жалпы халықтың мүддесі тұрғысынан толғаулар айтқан осы жыраулар халық поэзиясын жасаушылар да болды»²⁸, – деген еді.

Қазақ халқының тұңғыш рет жеке ел болып бірігіп, өз алдына шаңырақ көтеріп, тарихта бірінші рет тәуелсіз мемлекет құруы да, онан кейінгі кезеңдердегі соғыс, жаугершілік, шапқыншылық қатерінің молдығы да, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған заманы да елден жауға төтеп бере алатын беріктікті, бірлікті, ер азаматтан халқын, жұртын зорлықшыл жау қиянаты мен басқыншылығынан қорғап, пана боларлық «ерлік пен қаһармандықты» тіледі.

Талай қиямет-қайым күндерді өткізген біздің тарихымыз – ерлікке бай тарих.

Ерлік – кісінің қайрат-жігерінің, ақыл-ойының, ар-намысының, ынта-эрекетінің еңбектегі және ел қорғаудағы жеңісті де жемісті көрінісі.

Екі талай заманда қазақ елінің басын қосып, ұлттық ерлік мектебінің негізін қалаған, Отанын сүйіспеншілікпен қорғаудың тамаша үлгілерін көрсеткен Абылайдай ханымыз, Төле, Қазыбек, Әйтекедей билеріміз, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай бастаған жүздеген батырларымыз бен мұраларында сол дәуірдегі тарих іздерінен көрініс берген әйгілі жырауларымыз Қазақстан тарихының беттерінде алтын әріптермен жазылды. Олардың адамгершілік асқақ рухтары күні бүгінге дейін халық жадында, аттары ел аузында сақталып келеді. Бұл – сол дәуірдегі болмыс шындығын, «жатырқап-жасқанбаған, батырлығына қаһармандық қимылы сай ерлер» кейпін бейнелеген жыраулардың аса құнды мұраларының көрсеткіші.

Ақын-жыраулар өздері өмір сүрген кездің ірі оқиғаларынан сырт қала алмады. Олар қай кезде де дәуір шындығын көркемдеген, халықтың қамқоршысы, ерлік пен елдіктің ұраншысы, ту ұстары болды. Мәселен, XVIII ғасырда қазақ елі қилы кезеңді басынан кешірді. Шығысынан – Қытайдан, батысынан – орыс империясынан қауіп төнген еді. Олардың өршелендіруімен Жоңғар шапқыншылары қазақ жеріне жойқын шабуылдар жасады. Басқыншы жау қазақ даласын өртке орады, елді талады, адамдарды қырып жойып, баланы да, кәріні де аямады. Қазақ елі тарихта «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған қайғылы тағдырды басынан кешірді. Тарихымыздың осы бір тарихи кезеңі туралы энциклопедист-ғалым Ш. Уәлиханов: «Бұл қазақ халқының өміріндегі ең ауыр кезең еді» – деп жазған. Ақын-жыраулар XVIII ғасырдағы осы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасы кезіндегі қайғылы тағдырды, аласапыран заманның тіршілік болмысын, ел басына төнген қауіп-қатерді, екіталай кезеңді жыр өрнегіне түсіріп, халқының тағдырына ортақтасты. Осы ақын-жыраулар мұрасын жетік таныған, оның озық қасиеттерінен нәр алған кең тынысты XIX ғасырдағы (Дулат, Шортанбай, Мұрат, Махамбет, Майлықожа, Базар т.б.) ақын-жыраулар да заманының әлеуметтік қайшылықтарын жіті танып, Ресей құрамында болған мың жарым жылдық отарлық дәуір заман жайының шындық беттерін айшықтаған. Яғни, жыраулар мұрасының нысанасы – дәуір шындығын көрсету.

Жалпы, XV-XIX ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының поэзиясынан ғасырлар сырын, халықтың салт-санасын, ой-өрісін, тілек-мақсатын айқын аңғарамыз. Өйткені ақын-жыраулар толғауларында халықтың небір нәзік сырлары, мұң-мұқтажы, қайғы-қасіреті, қуаныш-сүйініші, келер ұрпаққа айтар өсиеті орын алған.

Ғалым әрі ақын Ә.Тәжібаев: «Асан Қайғы, Қазтуған жырау, Шалкиіз жырау, Бұқар жырау айтқан толғаулардың бізге жеткен бөлшектеріне қарап отырсақ, тыңдаушысын теңіздей шайқайтын терең ойлардың толқынында жүзгендей сезінеміз ...өмір, тарих, қоғам, адам жөнінде ғажайып топшылаулар, толғау-түюлер айтады. Жастарды сол ой-өрісіне тәрбиелеуді мақсат еткен»²⁹ – деген.

Ғалым С.Қалиев: «Бұл пікір жыраулар мұрасының дүниетанымдық қасиеті мен тәрбиелік мәнін ашуға берілген әділ баға»³⁰ – деп баға берген.

Ал осы жыраулар поэзиясының тәрбиелік мәні, педагогикалық негіздері де қолға алынып зерттелуде. Әсіресе, бұл салада сүбелі үлес қосқан белгілі ғалым С.Қалиев еңбектері жас ғалымдарға тірек болары анық.

Қазақ халқы – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, өнеге ретінде данышпандықты өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен тәрбиеленіп, өсіп, өнген халық.

Халық мұрасының танымдық-тәрбиелік мәні, әрине, ұланғайыр дүние.

Осы асыл мұралар – бізге ғасырлар тынысын танытып қана қоймай, өздерінен бұрын өмір сүрген аға буынның тәрбие мәселесіндегі жинақталған бай тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты адал еңбекке, өнер-білімге баулу, өмірге бейімдеу, жанұяның, ауыл-аймақтың, Отанның ар-намысын

қорғау сияқты ізгі адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу міндетіне жауапты қараған.

Онда ел арасында береке-бірлік, үлкенге деген сый-құрмет, қазақ қыздарына тән биязылық, әдептілік, ізеттілік, қазақ жігіттеріне тән айбаттылық, қажырлылық, серілік, ерлік, үлкендерге тән парасаттылық білмегенді үйрету, жақсы тәрбие үлгісін көрсету сияқты асыл қасиеттерді, халықтың көрегендігін, кемеңгерлігін, даналығын, әділдігін паш еткен.

Революцияшыл демократ В.Г.Белинский: «Саяси бостандығы жоқ халықта әдебиет – бірден-бір трибуна»³¹ – деген. Жыраулар поэзиясы да – мектебі жоқ кең даланың халқына тәлім-тәрбие құралы болған.

Ақын-жыраулар қазақ қоғамының прогресі үшін барша жұртты бай, кедей деп бөлмей, адамгершілікке, бірлікке, бауырластыққа баулуды қажет деп санады. Олардың ойынша, адамның мінез-құлқы жақсы болуы үшін айналасындағыларға жанашырлық, ізгі жүректілік білдіруі, қамқоршы болуы қажет. Өзіне қажетті игіліктерді жасауда адамдар бірлесіп, қоғамдасып, бауырмалдық іс-әрекет жасауы керек, сонда ғана бақытқа жетеді, басына бақ қонады деп ұқты. Олардың бүкіл халқының қамын ойлауы, елді берекелі бірлікке, шынайы достыққа, адал еңбекке шақыруы сол замандағы прогрессивтік маңызы зор гуманистік көзқарас еді.

Жалпы Е.Ысмайылов жыраулардың қоғамдық тұлғасын жоғары бағалай келіп: «Ақын-жыраулар өмірдің ұсақ мәселелеріне аз араласып, көбінесе, заман-дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық, жамандық жайлы ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған»³² – деп түйген. Халқының санасын адамгершілік идеялармен де жаңартқан ақын-жыраулар поэзиясының психологиялық күш-қуаты орасан зор болған.

Жыраудың қоғамдық тұлғасы қазақ хандығы жойылған тұста өзгеріске енді. Мемлекет, қоғам ісін реттеуде жыраулардың атсалысу ісі жойылды. Ханға кеңес, мін, сын, мадақ айту өткен тарихтың еншісінде қалды. Ал ел қамын жеу, адами-рухани құндылықтар, үгіт-насихат, үлгі-өнеге, ақыл-нақыл, ғибрат т.б. сарындар күні бүгінге дейін сақталған.

Халқымыздың сол дарынды өкілдерінің таңдаулы мұраларында ұлттық сезімнің нақты көрінісі мен дәуір көрінісі айқын бейнеленген.

III тарау. АҚЫН-ЖЫРАУЛАР МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ

1. XV-XVII ғасырлардағы ақын-жыраулар мұраларындағы тәлім-тәрбие

Біз қазақ ұлты – терең тарихы, бай мәдениеті, озық өнері мен тағылымды мұралары бар елміз.

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жиып-терген тәлімдері мен тәрбие жүйелерін зерттей келе ғалым С.Қалиев: «Халық әрқашан өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен тәрбиелік тәжірибелер мен жақсы дәстүр атаулыны жинақтап пайдалана отырып, келер ұрпағын шынайы адамгершілік қасиеттерге баулып тәрбиелеуді мақсат еткен»³³ – деген.

Ұлттық тәлім-тәрбие бастаулары тарихи дәуірлер көшінде заман талаптары мен құбылыстарының өзгерістеріне қарай сипатталып отырды.

Сақ, ғұн, үйсін тайпаларынан басталатын арғы тарихымызға көз жіберсек, елін, жерін, дінін, тілін қорғап, бірлік пен ынтымаққа ұмтылған ата-баба жерін кеңейтіп, байытып ие болуды көксеген елжандылық құндылықтардың сонау заманнан бастау алғанын аңғарамыз.

Мәселен, Күлтегін жазбасында ел бірлігін бұздырмай, халқын жауға бермей, ерлікпен, даналықпен басқарған Білге асқан ақыл иесі, батыр ретінде суреттеледі:

Әкеміз, ағамыз құрған халықтың
Аты, даңқы өлмесін деп,
Түркі халқы үшін
Түнде ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым...

немесе,

Кедей халықты бай қылдым,
Аз халықты көп қылдым...³⁴

делінген.

X-XI ғасырларда өмір сүріп, сол дәуірдің озық өнер туындысын дүниеге әкелген есімі күллі шығыс елдеріне мәлім болған ойшыл, энциклопедист-ғалым Жусуф Хас-Хажиб Баласағұнидің «Құтадғу білік» еңбегі де бүгінгі таңда өз өнегесін берері даусыз. Мәселен, «Салқындылық, тұрақтылық, мінезділік – адамға ауадай қажет, қайда жүрсең де ерлікпен қатар ақкөңілділік те керек»³⁵ деген сөздері арқылы әрбір азаматты жақсы қасиеттерге баулып, жаман жат мінез-құлықтардан аулақ болуға негіздейді.

Ортағасырлық жұлдыздардың бірі Махмұд Қашқаридың:

Ұлым менің өсиетіммен жаңды аузыңа қаратқын.

Ғалым болып, біліміңді ел ішіне таратқын...³⁶, – деген өсиеттерінен келешек ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершілік сезімін танысың.

Ал, халық тәлімгері атанған У.Қайқауыстың: «Кодекс Куманикус» еңбегінде: «...ей, перзентім... сені жан-діліңмен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-анаңның көңілін қалдырма. Білім – ақылдың ажар көркі. Аңдасаң – ақыл деген қымбат нәрсе. Оны ұры алып кете алмайды, отқа жанып, суға ақпайды...»³⁷ – деген нәрлі ойлары арқылы ұлттық тәлім-тәрбиенің кілті тереңде жатқанын сипаттайды.

Осы ортағасыр ғұламалары мен Алтын Орда дәуірінің ойшылдарының мұралары, халқымыздың ұлтжанды өкілдерінің ұлағатты өсиеттері мен төл жәдігерлері – ұлттық сезімді оятудың төте жолы.

Елдің бүгінгісі кешегі тарихымен астасып жатады. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбиесін, ғибратын алмаған халықтың ұрпағының келешегі тұрлаусыз, болашаққа берері де шамалы болады. Келешектің кемшіл болмауын ойлаған ел жастарына өткеннен мирас болып қалған тағылымды асыл қазыналары мен рухани-тарихи мұралары және төл жәдігерлері арқылы ұлттық негізде саналы тәрбие берері анық.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» – дейді қазақ мәтелі. Иә, ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Ол сәт сайын өзгеріп, өрлей дамыған саналы тірлік. Адамзат еншісіне ғана тиісті сол тірлік дамуының бағбаншысы – тәрбие. Демек, ұрпақ тәрбиесі – қай заманның, қай қоғамның болмасын көкейкесті мәселесі.

Ұлы ағартушы-педагог М.Жұмабаев: «...баланы жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу үшін ұлт тәрбиесімен қоса түрлі замандарда шыққан ғалымдардың ой-пікірлері арқылы тәрбиелеу міндетті»³⁸ – деген.

Кезінде орыс педагогы Н.К.Крупская шығыс тәрбиесін зерттей отырып, оның ұлттық тәрбиесімен ұштастырыла берілетініне тандана отырып: «Балаға тәрбие беруді шығыс халықтарынан үйрену керек»³⁹ – деп бағалаған.

Ұлттық тәрбие алған адам өз ұлтын өз ата-анасындай сыйлайтын, өз елі мен жерін Отаным деп сүйе білетін, халқының тіліне, өнері мен мәдениетіне құрметпен қарайтын иманжүзді, ұлтжанды азамат болады.

Ғалым Қ.Бөлеев: «Ұлтжандылық – жеке тұлғаның туған жеріне, ұлтына адал ниеті, мемлекетінің күш-қуатын, өміршеңдігін, тұтастығын қорғайтын рухани тірегі. Ал ұлтжандылық тәрбие дегеніміз – ұлт, ұлттық тіл, ұлттық сана, ұлттық мінез-құлық, ұлттық намыс, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мәдениет т.б. ұлттық қасиеттердің ерекшеліктерін көрсететін ұлттық тәрбиенің түрі»⁴⁰ – деп, сипаттама берген.

Ұлттық тәрбие құндылықтары мен озық жетістіктерге негізделген білім нәрін бойына сіңірген ұрпақтар ғана ұлт тағдырын тереңнен таразылап, болашағын барынша болжайтын тұлға болары анық.

Рухани жан дүниесі бай, халқын сүйген, ата-баба жерін қадірлейтін ұрпақ қана болашақ ел тірегі бола алады.

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен түрлі ақын-жыраулар толғауларына назар аударсақ, оның өн бойынан ұлттық сезім, ұлттық тәрбие құралын аңғарғандай боламыз.

К.Оразбекова: «...ұлттық тәрбиенің тәлімдік негіздері Адам атадан бастау алып, бүкіл өмірі – өлеңге, өлеңі – өмірге айналған жыраулар арқылы жалғасын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды...»⁴¹ – деп өте орынды түйіндеген.

Дербес мемлекет дәрежесінде өмір сүрген қазақ хандық дәуірінде жыраулық дәстүр кеңінен дамыды. Олар халыққа өнегелі сөздерімен ықпал етіп, оларды іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырды. Ақын-жыраулар жаугершілік заманда хандар мен бектердің ақылгөй кеңесшісі болып, жорықтарға бірге аттанды, ру-тайпаларға басшылық етті, сұрапыл қанды майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, шейіт болған батырларды жоқтап, ел қайғысын бөлісті.

XV-XVII ғасырлар аралығында өмір сүрген ақын-жыраулар қазақ қоғамының қалыптасу, даму кезеңінен бай рухани мұра қалдырды, олар өздерінің жырларында қоғамдық өмірдің әлеуметтік саяси жағдайы мен халықтың ой-санасын бейнелеп, өзіндік айшықты орны бар, өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, басқаша айтқанда, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен халықтың сана-сезімін тәрбиелеп, қоғамдық тәрбиешілердің рөлін атқарды.

Осындай асыл мұралардың арналы саласы жыраулар поэзиясын жете біліп зерделеп, ондағы үлгі-өнеге мен игі дәстүрлерді ұрпақ тәрбиесіне ұтымды пайдалану тұрғысында этнотәлімгер-ғалым С.Қалиевтің ғылыми еңбектерін басшылыққа ала отырып қарастыру өте тиімді.

Аталмыш оқу құралының осы бөлімінде өздерінің өлең-жыр, толғауларымен елдік пен ерлікті, сақилық пен серілікті, әділдік пен адалдықты жалықпай насихаттап, «ел намысы – ер намысы» деп қарап, дұшпанға өткір тілді өлеңін де, алмас қылышын да жұмсай білген XV-XVII ғасырларда өмір сүрген Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа сияқты ақын-жыраулар мұраларының тәлім-тәрбиелік қырларына тоқталдық.

Асан Қайғы

Халқымыздың рухани асыл қазыналарын жасаған да ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген де халық арасынан шыққан дарынды жандар – ақындар, сал-серілер, жыраулар.

Жыраулар поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі – Асан Қайғы өз халқына еңбек етіп, кейінгі ұрпақтарға үлгі-өнеге етерліктей мұра қалдырды.

Асан Қайғы жырау туралы ғалым М.Мағауин: «Кейінгі ұрпақ әулие танып, аңыз кейіпкерлеріне айналдырған, ал Ш.Уәлиханов «көшпенділер философы» атаған Асан Қайғы өз заманының үлкен ойшылы еді...»⁴² – деп жазды.

Шындығында, Асан – аты аңызға айналып кеткен, даңқты адам, өз кезінің ірі қоғам қайраткері әрі шешен биі, асқан ақылгөйі. Қолжазба қорындағы аңыздар мен түрлі зерттеулерді саралай отырып, деректерді негізге алып, көрнекті ғалым Х.Сүйіншәлиев Асан Қайғы туралы көптеген мағлұматтар

берген: Асанның өз аты – Хасан. Ал әкесі – саятшы Сәбит, шешесі – Салиха, әйелінің аты – Күлжазира сұлу, баласы Абат батыр екен. Асанның енді бір баласы Жетім Жаңалы. Ол Әз Жәнібекпен бірге қалмақ ханында бірнеше жыл кепілдікте жүрген. Оның жетім атануы, асылы, ол Асанға өкіл бала болып кеткен аға-інілерінің баласы болса керек.

Асан Қайғы Шыңғыс хан тұсында жасаған Майқы бидің 6-шы ұрпағы. Жырау шамамен 1330 жылдары туып, 1450 жылдары дүние салған.

Академик М.Әуезов Асан Қайғы жөнінде: «өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс-елес, білік-дерек береді»⁴³ – деген.

Қолжазба деректері мен аңыздарда 1420 жылы Орманбет хан бөлініп, сары ноғайлар Еділде қалады да, қара ноғайларды Қазтуған мен Абат бастап көп қиындықты бастан кешіре отырып, жылы жақ Қаратауға көшіп келеді. Шерқұтты бастаған бір топ кейін қайтып кетеді. Осы тұстағы жыр атасы Асанның кері қайтпа деп кеңес берген ақылы мен батасы жайындағы толғауында өз жайынан да, заман аңғарынан да білік-дерек берген.

Қазтуған мен Абатым,
Дұшпанды жер болғанда,
Сегіз қырлы болатым
Мен бір жасы жеткен қарт едім,
Көлеңкелі жерде бағатын.
Күні-түні жатырмын
Бес намазды тәрк қылмай,
Құдайдың өтеп тағатын...
«Әумин» де Абат жан
Батамды саған берейін
Балам да болсаң ер едің.
Тұла бойым тұңғышым
Менен туып тұр едің,
Жылы жерге алып бар,
Қатын, бала тоңбасын,
Енді кейін қайтуға
Қақ тағала жазбасын⁴⁴.

...

Қайда барсаң, аман бол,
Маңдайыңнан алла оңдасын!
Жыр атасы «Асан сөзі» деп айтылатын өлеңдегі:
Баласы еді ағамның
Құламай тұрған басында,
Жұрт билеген Қазтуған –

деген жолдарынан әрі батыр, әрі шешен жырау Қазтуған Асанның ағасының баласы екендігін аңғарасың.

Жәнібек бастаған қазақ хандығы XV ғасырдың 60-шы жылдарында Әбілхайыр (Өзбек) бірлестігінен бөлініп, Шу бойында жаңа Қазақ Ордасын

құрды. Атақты ақын, жырау Хасан Сәбитұлы (тарихта Асан Қайғы аталған) осы Қазақ Ордасының ұраншысы болды. Асан Қайғы Жәнібек пен Керей ханның қазақ халқы үшін қызмет етуін, халықтың жай-күйін ойлау қажеттігін, қол бастап қазақ халқын, жерін жаудан қорғау керектігін, жалпы елжанды болуын уағыздаған.

Жәнібектің ел басқару саясатына жиі араласып отырған Асан Қайғы: «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің», «Қырында киік жайлаған», «Алты атанға қос артып» секілді толғауларында ел бірлігі, ата қоныс жайы, дербес ел болу жағдайлары мен қиырдан қиырға, жат мекенге қоныс аударудағы ауыртпалықтар ру-тайпалар арасындағы текетірестік тірліктер сөз болған.

Асан Қайғы өмір сүрген кезде Алтын Орданың тепкісінде болған орыс елі қайта көтеріліп, Алтын Орда ыдырап, оның орнын өзара қырқыстан басқаны білмейтін дербес хандықтар басты. Асан Қайғының «Қырында киік жайлаған» атты толғауының мазмұнына ой жіберсек, өзара хандыққа таласып, қырқысып, елдің мазасын кетірген Алтын Орда хандарын көреміз. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген халық даналығын қағида тұтқан жырау Жем, Ойыл өзендері мен жерлерінің қоныстық ерекшеліктерін, оның отқа, суға, малға, адамға жайлы жақтарын:

...Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің⁴⁵, –

деп, үйреншікті мекенінен жат жерге көшірген ханға деген наразылығы мен ата қонысына деген сүйіспеншілігін, қимастық сезімін, құрметін өлең сөзбен өрнектеген.

Ойыл көздің жасы еді
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кеңес қылмадың, –

деп елді сергелдеңге салып, бауыр басқан өз мекеніне тұрақтамай, ата қоныс, ауыл-аймақ, ағайын-туыстан айырдың деп ханды айыптайды.

Жырауға туған жер, атамекен бәрінен де ардақты.

Асан Қайғы халқының үйреншікті мекенінде еш ауыртпалықсыз: жаз жайлауында, қыс қыстауында, шөбі шүйгін, жайлы қоныста, молшылықта, бірлігі мен тірлігі жарасқан бейбіт өмір сүруін тілеген. Оның осы арманы толғауларының негізгі арнасы еді. Сондықтан да оны халқы ел қамқоры, ел мұңшысы атаған. Алдағына болжағыш жырау:

Аңдып жүрген көп дұшпан,
Елге жау боп келеді, –

деп ескерту жасап, ел басшылары мен халқын қамсыз отырып, қапы қалмау, дұшпаннан сақтандыру жайын жырлайды.

Мал баққан ел басына түсер ауыртпалықты байқаған Асан Қайғы халықты береке-бірлікке шақырады.

Есенің де, тірің де –
Бір болыңыз бәріңіз! –

деп «бірлік» мұратқа жеткізер жол екенін насихаттайды.

Мал баққан көшпелі елге керегі – бейбіт тіршілік. Бірақ ол кезде ұсақ хандықтар, ру-тайпалық топтар арасында жаугершілік, басқыншылық, соғыс, құнарлы жер үшін ұрыс-қақтығыс жиі болып, ел берекесін кетіріп, күйзеліске ұшыратқан. Ол туралы С.Сейфуллин: «...жылдың, заманның ыңғайына қарай осы жерлердің бірін бір жыл жайлап, бірін күздеп, бірін қыстап, қаптап жүрген. Осы айтылған жерлердің бір жағын жау алса, бір жағына жөңкіліп ауған. Қайтадан ол жерді және тағы да жапсарлас жерлерді көршілес елдерден өздері де тартып алып жүрген»⁴⁶ – деп сипаттайды. Жырау халық басына түскен осы ауыртпалықты көре біліп, халық бақытын, ел тыныштығын ойлаған. Әділдік үшін күрескен Асан Қайғы жайындағы аңыздарда «бұл қария қашанда ханға жағынбай, жарамсақтанбай тура сөйлеуші еді» делінген.

Оның ақиқатын «Әй хан, мен айтпасам білмейсің» деген Жәнібек ханға айтқан толғауынан байқаймыз. «Шабылып жатқан халқың бар, Аймағын көздеп көрмейсің» деп күйзелген халқыңның қамын ойлау орнына «Қымыз ішіп қызарып, масаттанып қызып терлейсің, Өзіңнен басқа хан жоқтай, елеуреп неге сөйлейсің» – деп мансабына масаттанған ханға батыл үн қатып, ханның парықсыз мақтаншақ, өркөкірек, асқақтығын бетіне айтып, ренішін білдіреді. Халықпен санасуды, елге қысым көрсетпеуді, егер халық көтерілсе, хан басына ауыр күн туатынын ескертеді.

Күйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтп күн көрер...
Хан менен билер қысқанда
Халық қайтып күн көрер?
Онда халық түнерер,
Халыққа қысым күш берсең,
Халықтың кегі күшке енер.
Онан әрі ханға:
...Құладан құлы өлтірсе,
Өз басына келеді
Құлың кеп сені өлтірер
Осыны Асан біледі, –

деген халық күшінің жоғарылығын көрегендікпен болжай ескертеді.

Ел қамқоры Асан Қайғы жырларында ел бастаған хан да, қол бастаған батыр да, халқымен бірлікте болуы керектігі, жүрегі елім, жерім, халқым деп соққан азамат қана ел тірегі болатыны насихатталып, адамдарды кішіпейіл, жомарт, кешірімді, шыншыл болуға шақырған ой меңзеуі айқын көрінеді.

Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілмен таласпа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама, –

деген өлең жолдарындағы өмір тәжірибесінен түйген, толғамы терең, күрделі ойлардың бүгінгілерге де үлгі-өнеге болары анық.

Жарқын өмір тіленшісі – Асан Қайғының арманы – елдің бірлігі, достығы, ынтымағы, бейбіт өмірі, бай өлкесі. Ол ханға:

...Тіл алсаң, іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір, –

деп ақыл-кеңес береді.

Қарт жыраудың бейбіт өмірді, ел-жұрттың татулығын көксеп, ханға:
Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа! –

немесе,

Ақың болса біреуде
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа, –

десе,

Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.

Ашу-дұшпан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа!... –

деп халық нақылдарындағы «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, Ақылыңа ақыл қос» деген өсиетті насихаттап ашудың зиянды қасиет екенін ескерткен ежелгі ақыл-кеңесі бүгінгі күнде де өз күшін жойған жоқ.

Оның ел қорғаушы азаматтарды қайырымды, кешірімді, көпшіл болуға, достықты бағалап, ерлік жасауға, теріс мінездерден аулақ болуға уағыздаған жырлары – өз тұсындағыларға да, келешек ұрпаққа да ғибрат, өнеге аларлық тағылымы зор мұра.

Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,

Бұрынғыны қуыспа, –
деп көпшіл бол, кешірімді бол, достықты бағалай біл деп үгіт-насихат айтады.
Жатса-тұрса халық қамын жеген, халықты берекелі бірлікке, достыққа
шақырып, сөз маржанын тізбектеп, терең ойды топшылап өткен Асан Қайғы
жыраудың:

Мінезі жаман адамға,
Енді қайтып жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыспа –

деген моральдік, насихаттық жыр жолдарына ой жіберсек, Асан Қайғы жырау –
ұлттық тәрбие тағылымының қайнар көзі, ұлт тәлімінің дүлдүл жыршысы дей
аламыз.

Ол өзі бастан кешкен қорытынды, тұжырымды ойларын аз сөзбен
жинақтап беруге бейім.

Әділдіктің белгісі,
Біле тұра бұрмаса
Ақылдының белгісі,
Өткен істі қумаса
Жамандардың белгісі,
Жауға қарсы тұрмаса
Зұлымдардың белгісі,
Бейбіттің малын ұрласа
Надандардың белгісі,
Білгеннің тілін алмаса.

Жырау поэзиясындағы адам бойындағы әр алуан қасиеттер ұлтымыздың
тәлімгерлік бай тәжірибесінің бірі – мақал-мәтел, нақылдарымен ұштасуда.
Ғалымдарымыз ел ішіне кең тараған қанатты сөз, мақал-мәтел болып
қалыптасуына жыраулардың да үлес қосқанын көру қиын емес деген пікірлерін
айтады.

Сөз өнерінің қадірін білген, оған ерекше мән берген Асан Қайғының мына
бір өлең жолдары да терең ойлы нақылдар.

Таза, мінсіз асыл тас –
Сөз түбінде жатады.
Таза, мінсіз асыл сөз –
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса шығады.

Теңіздей терең ақылдың иесі Асан Қайғы жырау:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер!?
Шыбын шықса жаз болып, таздар қайтіп күн көрер,
Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтіп күн көрер!? –

деп, қоғамдық тұрмыстың жайы мен сыр-сипатын ашатындай әлеуметтік, азаматтық пафосқа өріп суреттеген.

«Көлде жүрген қоңыр қаз» толғауындағы ғибратнамалық ойлары да тереңдігімен, парасаттылығымен құнды. Жастардың туған жер, өскен елдің қадірін біліп, Отанын сүю адамгершіліктің үлкен парызы деп ұғуын қалаған жырау Отан, ел-жұрт намысын қорлаушыларды ашына сынға алып:

Көлде жүрген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін!
Қырда жүрген дуадақ
Су қадірін не білсін!
Ауылдағы жамандар
Ел қадірін не білсін!
Көшіп-қонып жүрмеген
Жер қадірін не білсін!..
Ақылыңа көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін! –

дейді.

Қазақ хандығының жаңа ғана қаз тұра бастаған заманда әлеуметтік мәселеге өз жырымен үн қосып, қоғамдық көзқарасын таныта алған ақылшы жырау туралы ғалым Б.Кенжебаев: «Асан Қайғының шығармалары өз тұсының айнасы, ол өз дәуіріндегі қазақ халқының мұңын, тілегін көрсетеді»⁴⁷ – деп жазған.

Асан Қайғы – данышпан, ғұлама адам. Асан Қайғы – XV ғасырдың Әл-Фарабиі. Ол тек Жәнібек ханға емес, бүкіл қазақ халқы үшін аспандағы жұлдыз.

Қазтуған жырау

XV ғасырдың аты әйгілі жырауы Қазтуған ноғайлы дәуірінің перзенті. Әрі батыр, әрі шешен Қазтуған жырау Еділдің кішігірім төменгі салалары Ақтуба мен Бозан өзендерінің бойын мекендеген елден, қазіргі Орал өлкесінің Жалпақтал мен Жәнібек аудандарына жататын өлкеден. Қазтуған жыраудың дәл қашан туып, қашан дүниеден өткені туралы нақты дерек жоқ. Шамамен 75 жасында қайтыс болған.

Қазтуған поэзиясының тақырыбы жайлы ғалым Ә.Дербісәлин: «Қазтуған толғаулары... қазақ халқының халық болып құрыла бастау тұсындағы жақсы қоныс, жақсы мекен іздеу мәселелерінің сол алыс замандағы жаңғырығы, поэзия өмірінде сақталған шағын ескерткіш үлгісі тәрізді кейінгі дәуірге жетті. Бұлар өз дәуірі мен шығарушысы жайында кішкентай болса да елес, ұғым бере алса, поэзия эволюциясындағы белгілі бір кезеңнің көркемдік дүниетанымы тарапында нышан таныта алса, өз міндетін артығымен орындағаны болып саналады»⁴⁸, – деген.

Жырау толғауларынан өзінің әлеуметтік-философиялық ойлары, дүниеге деген көзқарасы, адамгершілік мәселелерін насихаттап, халықтың қамқоршысы, ерлік пен елдіктің ұраншысы болғанын аңғарып, өзінің өмірі туралы мағлұматтарды кездестіреміз. Оның өзіне арнаған жырында:

Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі.
Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті,
Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы,
Билер отты би соңы,
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы,

...

Мұнар болған күнді ашқан,
Сүйінішұлы Қазтуған! –

деп ескі елдік, қайтпас ерлік дәстүрін уағыздаған. Қазтуған жыраудың жорықшы, жауынгер жырау болғандығын аңғарып, елі, жері үшін туған «ер» тұлғасын танимыз. Ол өзін «айдаса қойдың көсемі», «сөйлесе қызыл тілдің шешені», «буыршынның бұта шайнар азуы», «би ұлының кенжесі» деп таныстырады. Қазтуған жырау елінің отты биі, әскербасы, арқалы ақыны болған.

Халық аузында батырдың «өзі айтыпты» деген өлең жолдарынан да батыр жыраудың ерлік бейнесін елестетіп, өмір деректерін кездестіреміз.

...Жетпіс бесте жасы бар...

Қабыршықты жайлаған.
Ақсуды төмен бойлаған,
Шағанға атын байлаған,
Қарға бойлы Қазтуған...

немесе,

...Жолдасын жолай іздеген,
Өзіне тиген дұшпанын,
Қарт бурадай тіздеген,
Мен қарға бойлы Қазтуған.

Қазақ елінің ежелгі ата жұрттарын мәңгілік мақтанышпен, масаттанумен жырлау – ұлттық сезімнің нақты көрінісі. Бұл Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауында туған жердің қымбат әрі ыстық болатындығы ерекше шынайы бейнеленген. Жырау «жұрт» сөзінің мағыналық ауқымына ата-баба мекен еткен, өзі рубасы көсемі, әскербасы батыры болған, Еділ мен оның салалары Ақтуба, Бозан жағалауларын перзенттік тілмен сыйғыза жырлаған.

Атамыз біздің бұл Сүйініш,
Күйеу болып түскен жұрт.
Анамыз біздің Бозтуған,
Келіншек болып түскен жұрт.
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт...

...

Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Сәулетті менің ордам қонған жер... –

деген өлең жолдарынан Қазтуған жыраудың әкесі – Сүйініш, анасы – Бозтуған, өзі үш өзенді жайлаған батыр болғанын, туған еліне, кіндік кескен, кір жуған атамакеніне деген махаббат, ыстық ықылас, елжандылық сезімін білдіргендігін көреміз.

Осы толғауында ата-анасының құтты мекені – Еділін еске алып, тебірене жырлауы арқылы келер ұрпақты абзал азаматтыққа тәрбиелеуі хақ.

Елдің тұтастығын армандап, талай қан майданды басынан кешірген өр кеуделі жырау Қазтуған туған елінің құт-береке қонған мекен екенін мақтап, жер-су, жайлы қоныс, мекенді бүкіл ел-жұрт тағдырымен байланыстыра жырлады.

Туған жердің топырағын өле-өлгенше қастерлеп өткен жырау:

Жабағылы жас тайлақ,
Жардай атан болған жер.
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер.
Жарлысы менен байы тең,
Жабағысы менен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
Боташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай
Балығы тайдай тулаған.

...

Сөйткен менің, Еділім –

деп туған жердің байлығын сипаттай келе, «Жері байдың елі бай», «Өз елің қорғап өлген ердің арманы жоқ» деген ой-пікірді дәріптейді.

Осындай құт қонып, береке ұйыған жерді кім тастап ауа көшер дейсіз?

Ел іргесі сөгіліп, Еділден қуылған еліне қабырғасы қайысқан, атамекеннен қол үзген Қазтуған жырау:

Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт!.. –

деп қалған жұртқа береке тілеп, егіледі.

Атамекенді сүю, ардақтау арқылы ұрпақтарды отаншылдық, елжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуге мән берген.

Жыраудың елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін елі мен жерін мадақтап шығарған: «Ағала ордам қорған жұрт» деген өлеңінен де байқайсыз.

Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт.
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт –

деген.

Батырлықты, ерлікті, елдікті дәріптеген жырау толғауларынан «ар, намыс үшін күресу – ерлердің ғана ісі» деген ой-пікірі аңғарылады.

Жыраулар өзіне тән биік парасатын, яғни, өзінің бағасын біліп, оны қастерлеуін өнеге етеді. Ол қазақта «тектілік» тағылымын таныту болып саналады. Мәрттік, тектілікті ұқтыратын көркемдік астарлар Қазтуған жырау жырларында ұшырасады.

Қазтуған жырау «Белгілі биік көк сеңгір» атты толғауында хас батырларға тән қажыр қайратын ұштап, намысын қайрап, нағыз жырауларша елге дем беріп, рухтандыра түсіп:

Белгілі биік көк сеңгір
Басынан қарға ұшырмас...
Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар,
Арқа мен қосым қалар деп,
Ақ дария толқын күшейтер,
Күйрығын күн шалмаған балығым,
Ортамнан ойран салар деп.

...

Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмен
Жамандар мазақ қылар деп! –

деп өрнектеген.

Қазтуған – ел дағдарып, сарсаңға түскенде соңынан жұртты ерте білген, топ бастаған көсем; шаршы топта суырылып шығып, сөз сөйлейтін шешен; кейінгі ұрпаққа Ноғайлы – қазақ дәуірі заманы жайын аңғартатын толымды жыр қалдырған жырау.

Жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнеріндегі шынайы ұлттық сипаттың негізгі көркемдік іргетасы. Сондықтан, қазақ ұлтының жаңа ұрпағына игі әсер, ықпал етіп, адамгершілік, эстетикалық, этикалық дүниетанымын кеңейтері анық.

Қысқасы, Қазтуған жыраудың бізге жеткен бес-алты өлеңінің өзінен оның халық қамын жеген ақылгөй, қамқоршы және арынды ақын екендігі байқалады. Игілікке айналмаған бай рухани байлығымыздың кең әрі терең қоймасы – жыраулар мұрасындағы тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге және игі дәстүрлерден бүгінгі ақыл-ойы кемелденген жастарымыз тағылым алып, нағыз ұлттық тұлға болары сөзсіз.

Доспамбет жырау

Донның төменгі ағысын, Азау маңын мекендеген Кіші Орданы билеуші әскери шонжарлар тұқымынан шыққан Доспамбет жырау – өз заманында жақсы тәрбие алған, парасатты, білгір адам болған. Оның Стамбұлда, Бақшасарайда, Қырымда болғаны, түркі халықтары мекендерімен таныстығы және олардың жайларына қанықтығы, Дешті-Қыпшақты жақсы білгені – тарихи шындық. Жыраудың білім-біліктілігі мен өмір деректері өз толғауларында шынайы бейнеленген.

Айнала бұлақ басы Тең,
Азаулының Стамбұлдан несі кем,
Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағаның
Хан ұлынан несі жоқ,
Би ұлынан несі кем
Тәңірінің өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менің несібем!
Азаулыда аға болған ерлер көп еді,
Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді!

Сондай-ақ, жырау өзін «ер Доспамбет» деп таныстырып, «Азаудың ер Доспамбет ағасы, Азаулының бір бұрышындай нарты екен», «Хан ұлынан артық еді несібем» деп өзін өзгеден биік санап, өзінің қоғамдық рөлін жоғары қоя суреттеген. Бұл – жыраулық, ақындық тұрғыдан алғанда заңды құбылыс.

XV-XVI ғасырларда жыраулар мұраларына тереңдей үңілсек, жорық, майдан, ұрыс, шайқастың себебі «қоғалы көлдер», «құм, сулар», «тоғайлы су», «ағынды су», «бетегелі сарыарқа» үшін екендігі аңғарылады. Бірде қоныс, мекен, ел мен жерді шет жаудан қорғау, бірде жау тартып алған аймағын қайтару, енді бірде өз жері шеңберін кеңейту өжеттігінен туған шабуыл, жортуылдар өз кезіндегі өмір шындығы. Жаугершілігі мол сол заманда әлеуметтік іс-шаралардың бел ортасында жүріп ерлігімен, батырлығымен, өрлігімен, өр рухты жырларымен ел құрметіне бөленген. Доспамбет жырау – тарихи тұлға. Ол батырлықты үлкен жыраулық өнермен ұштастырған дарын иесі.

Доспамбет жырау жырларында жаугершілік жорық кездеріндегі өлім мен өмір арасында қиналған арпалысты сәттері, елі мен жері үшін аяусыз айқасы, сол дәуірдің болмыс шындығы, «ел қорғар ерлердің» қайсар қылықтары мен өршелене жауға ұмтылған қимылдары, жабырқап, жасқанбаған батырлығына қаһармандық қимылы сай ерлер кейпі әсерлі бейнеленген.

Сарыарқаны сан рет шарлаған жорықты күндерін сипаттай келіп:
Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес –

дейді. Не деген елжандылық сезім десеңізші!

Жырау еліне, жеріне деген ыстық ықыласын білдіреді. Туған жерін жаудан қорғау – жырау үшін басты «азаматтық парыз». Осы жыр жолынан-ақ жастарды елдікке, бірлікке, ерлік-қаһармандыққа және елін сүйер азамат болуға шақырған насихатты аңғарасыз.

XV ғасырдың 90-шы жылдарының орта шенінде Азау қаласында дүниеге келген жырау – ел басына қатер төнген сәттерде майдан, ұрыстарға қатынасқан, килы жортуыл, жорықтардың басшысы болған белгілі батыр, жауынгер жырау.

Көп күндері жорықта жүріп, қан кешкен талай соғыста дұшпанға қарсы қол бастап, өз елін ерлікпен қорғаған батыр-жыраудың толғауларындағы негізгі идея – ерлікті дәріптеу, атамекенін сырт жаудан қорғау.

Ерлігімен, өрлігімен, кісілігімен замандастарының құрметіне бөленген жырау:

Сере, сере, сере қар,
Асты кілең, үсті мұз,
Күн-түн қатса жібімес,
Мен көлікке қосымды артқанмын,
Көмбідей ару жаларға
Күректей мұзды тоңдырып,
Кірмембес ауыр қолға бас болып,
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын!

немесе,

Ағарып атқан таңдай деп,
Шолпанды шыққан күндей деп,
Май қаңбақта ағалардың аты жусап жатыр деп,
Ақ шаңдақты құрып қойған шатыр деп,
Жазыда көп-ақ жортқан екенбіз
Арғымақтың талдай мойнын талдырып,
Үйде қалған арудың
Ал иіндігін аудырып –

деп жырларында сол дәуірдің болмысына тән батырлардың алыс сапары мен қауырт жорықтары бейнеленген.

Жаугершілік жорық кездеріндегі ел-жұрт пен ер-азаматтардың әбігер азабы, бастан кешкен ауыртпалығы, жұрттың қайғы-қасіреті, аяусыз айқас сипаты мен оқ тиген арғымақты, жаралы батырдың қаңсырап, әлсіреуін суреттеген жырлар айқас алаңында жүректі жарып шыққан дүниелер екені анық.

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен,
Аймедетке оқ тиді,
Отыз екі омыртқаның буынынан,
Зырлап аққан қара қан
Тыйылмайды жонның уақ тамырдан.
Сақ етер тиді саныма,

Сақсырым толды қаныма.
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты,
Жарақшылар жоқ па екен
Жармай білте саларға,
Жағдайсыз жаман қалып барамын
Жанымда бір туғанның жоғынан!... –

деген жыр жолдарында еліне жан жүрегімен берілген батыр жырау зерделенген. Осындай өз кезіндегі өмір шындығын шынайы толғау арқылы «ерлік», «қаһармандық» қасиеттерді дәріштеп, жауға төтеп беретін беріктікті, бірлікті, жұртқа пана болар ер-азаматтықты тілегенін аңғаруға болады.

Өмірде аз жасап, елінің ар-намысын қорғау үшін «шашақты найза қолға алып, жарақты жауды жайратқан» Доспамбет жырау бір жеңіліске ұшырағанда, өткен күндердегі шайқас елесін тебірене еске алып, әсіресе, қасиетті өзен Ақ Жайықты, туған атамекенін қорғау үшін қайсарлықпен айқасқан сәттерін, сол еліне құт, жеріне береке орнаған сәтті көрсем деген мұратын:

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда,
Еңсісі биік боз орда
Еңеке кірер күн қайда,
Кет-Бұғадай билерден
Кеңес сұрар күн қайда,

...

Алты құлаш ақ найза
Ұсынып шанжар күн қайда –

деп толғаса,

Еділдің бойын ел жайлап,
Шалғынына бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп, ойнап,
Қымыз ішер күн қайда –

деп еліне тыныштық өмір, бейбіт күнді тілейді.

Батыр жыраудың ерлікті дәріштеп, бейбіт өмірді армандаған қаһармандық поэзиясы – ел азаматын тәрбиелеуде таптырмас қазына.

Ойлы жырау жорықта жүрген кезінде сүйікті перзенттерін, оларды туып, тәрбиелеп өсірген инабатты, ақылды, көрікті жарын еске ала сипаттайды.

Алғаным Әли ағаның қызы еді,
Қас арудың өзі еді.
Маңдайы күнге тимеген,
Желге шашын үрмеген,
Серпіліп адам бетін көрмеген,
Қалай күн кешті екен

Қосақай, Қосай, ер Досайдың анасы... –

деп аяулы жарының, ұлдарының кім екенінен хабардар етеді.

Ел тағдырына қатысты қоғамдық-әлеуметтік жырларын халқына тарту еткен Доспамбет жырау ауыр жараланған кезде өткендегі өмірін «халық қамы», «ел жайына» арнағанын, рулық-феодалдық қоғамның бүкіл «қызығы» мен «жақсылығын» өз басынан өткергенін, өмірінің босқа өтпегенін, жауды қашырған батыр, ел «ағасы – азамат» болғандығын:

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып
Дұспан аттым, өкінбен.
Тоғынды сарты нар жегіп
Көш түзедім, өкінбен.
Ту құйрығы бір тұтам
Тұлпар міндім, өкінбен,
Туған айдай нұрланып
Дулыға кідім, өкінбен,
Зерлі орындық үстінде,
Ал шымылдық ішінде
Тұлымшағын төгілтіп,
Ару сүйдім, өкінбен,
Бүгін, соңды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын, –

деп толғаған.

Бізге жеткен аз ғана – бар-жоғы 160 жолдың көлеміндегі мұрасының тағылымдық мәні зор.

Небәрі 30-ға толар-толмас жасында үркіп, жабырқап, жасқанбай батырлығына қаһармандық қимылы сай «ерлер» кейпі бар «жігерлі жырлар» қалдырған, елінің ар-намысын қорғау жолында (1523) жанын пида еткен төкпе шешен жырау:

Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен!.. –

деп жырлаған.

Жырау жырларында өзі есейіп ержеткен елін сырт жаудан қорғаудан артық арман жоқ, «ел қорғар – ер» болудан артық бақыт жоқ деген идея бар.

Жалпы Доспамбет жырау жырларының игілікті әсері Бұқар жырау, Ақтамберді жырау, өршіл рухты азамат Махамбет ақын мұраларынан айқын аңғарылады. Доспамбет жырау мұраларындағы ғибратты тәлім-тәрбие – жас ұрпақты тәрбиелер құрал.

Шалкиіз жырау

Алшын ішінде Құяс табынан шыққан Тіленшіұлы Шалкиіз жырау XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысы аралығында өмір сүрген, сол кез оқиғасын жырлаған әрі шешен биі, әрі батыры, әрі жыраулық поэзияның алыбы болған.

Ежелгі тірлік тынысы өзгерген XIX ғасырда жауынгер жыраудың кейбір туындылары, нақыл-ғибрат сөздері ертеректегі әртүрлі жинақтарға, хрестоматияға енгізіліп, кейбір шығыстанушы ғалымдардың еңбегінде жарияланып, орыс тіліне аударылды. Сөйтіп, ұрпаққа мұраларының жету мүмкіндігі туды.

Белгілі ғалым М.Мағауин: «Шалкиіз мұрасынан біздің заманымызға жеткені – 600 жол шамасында... Алайда Шалкиіздің әдебиетіміздің тарихынан құрметті орын алуы үшін ғасырлар бәйгесінен келген осы санаулы шумақтардың өзі-ақ жеткілікті»⁴⁹, – делінген.

Шындығында, Шалкиіз жырау толғауларының жыраулар поэзиясындағы орны ерекше. Талай жорықтарға қатынасқан әйгілі ақын өз жырларында өмірге терең көз жіберген, аталы ғибратнамалық сөз қалдырған. Бізге жеткен өлеңдерінің бірінің мазмұнынан оның Жайық, Елек, Ойыл өзендері бойларын жайлаған елдегі ұлыстар арасында өмір кешкенін, өзінің ата-тегін, қандай ханға тәуелді болғанын, толғағанын аңғарасың.

Темір еді биіміз,
Теңіз еді халқымыз,
Тебірлерге қалғанда
Теңселер сойды ауыр ноғай жұртымыз,
немесе,

Тіленшіұлы Шалкиіз
Иесі Би Темірдің тұсында
Бұлтқа жете жазды бұ мүйіз.
Білерді білмес не демес,
Сұлтан ием, сен менің
Бармай тапқан қағбамсын! –

деп пенде біткеннің құдірет тұтар қасиетті орны қағбаға теңеп, асыра мақтап, Би Темірді «әр ісінде тура», «әділ әмірші» деп дәріптеуінен қазақ хандарына «халық қамын ойлаудан артық бақыт жоқ» деген идеяны ұсыну, үгіттеу елесі байқалады.

Арық ханға айтқан толғауында да:
Арық хан!
Менің ием Темір іс етсе,
Айналаңды берік етер,
Жиған малың тәрк етер,
Атың, тоның бұлды етер,

Өз басыңды олжа етер –
деп т.б. өз ісіне беріктігін паш етіп, қиып кетер қаталдығын да ескерте, өзгеге сес көрсете толғады.

Шалкиіз жыраудың Би Темірге айтқан толғауларында:

Алп, алп басқан, алп басқан,
Арабы торым өзіңсің,
Жүзі алтын, мол кескен,
Алдаспаным өзіңсің!..
Соқса бір жілік сындырған,
Көк қоянның қос құлағын тұндырған,
Көгілдірдің жез қанатын сындырған,
Тегеурінді болат темірдің тегеуріні өзіңсің...
Саһарыңды сайлап қаусырған
Боз сұңқарым өзіңсің! –

деп күдіретті етіп, қасиеттерін термелей дәріштеп, ел басқарған азаматтың бойында ұлы адамгершілік қасиеттің болуын насихаттаса, енді бірде адал жүрегімен берілген биі мен үстем тап өкілдерінің әрекеттеріне көңілі толмаған ойын хан, би алдында өктем леппен, түйрей, мейлінше батыл да еркін сөйлейді.

Жақсыңнан мені кем көрдің,
Жаманыңмен тең көрдің.
Жақсыңнан мені кем көрсең,
Жаманыңмен тең көрсең,
Ұялы берікке қос артып,
Сен есенде, мен сауда
Ырысымды сындайын,
Сегіз қиыр шартараптан іздермін! –

деп өзінің құнын білер, еркелетер, арқа сүйер халқына сене, Темір биге күнінің карап тұрмағанын, өкпе-назын толғайды. «Ұлық болсаң, әділетті бол», сатқындық, екіжүзділік өзіңе сор дегенді ескертеді.

Тепсініп келгенде
Тең атаның ұлы едің,
Дәрежеңді артық етсе, Тәңірі етті! –

деп өктем ойын батыл өрнектеген жырау ханның «хан көтерген халыққа адал қызмет ету – парызы» екендігін ескертеді. Опасыздықты дүйім халық көтермейді, «көптен қол үзбе, не істесең де көппен кеңесіп шеш» дегенді уағыздайды.

Өзінің дос тұтқан, «бас» тұтқан адамына адал қызмет етіп, шын пейілмен берілген көңілінің тазалығын айту арқылы жырау өз бейнесін:

Саған дұспан – маған жау,
Керекті күні алдыңда
Ғазизлеген сұлтан жаным аяман!

немесе,

Бұз үстінде от жаққан,
Бұзмай бұлан пісірген,

Мен иемдің бөрлі ала тасы едім,
Иә, ием, сенің сырың мен білем,
Менім ием Би Темірдің әрі өзім
Жау көрген күн жүрегiнiң басы едім,
Көз үстiнде қасы едім! –

деп суреттейдi. Жырау халыққа қызмет етер азаматтар арасындағы адалдықтың үлгiсiн паш етiп, «адалдық – адамгершiлiк, парасаттылық белгiсi», оның қадiрiн бiлмей опасыздық, екiжүздiлiк, сатқындық жасар пәтуасыз жандардан сақтану керектiгiн уағыздайды.

Шалкиiз жырау жыр жолдарында Би Темiрдiң мәртебесiн көтерiп, күдiретiн асырып әрi жүрегiн кернеген өкпе-назы болса әдiл ащы сөзiмен, қисынды пiкiрлерiмен бiлдiрiп, тiптi:

Атаның ұлы жақсыға
Малыңды бер де басың қос,
Бiр күнi болар керегi..
Жауға кiсең берен кi,
Егеулеген болат өте алмас,
Есендiкте малыңды бер де батыр жый,
Басыңа қыстау iс түссе
Дұшпанның қолы жете алмас!
Бар күшiңдi сынамай
Балуандармен күреспе,
Таң боларсың әлемге,
Сөз боларсың күлемге, –

деп мәндi ақыл-кеңесiн де берген. Шалкиiз жырау жырындағы:

Атадан алтау тудым деп
Салмақтама немендi,
Салмақтасаң немендi
Тәңiрi тесер төбендi, –

деген шумақта асып-тасыған, менмендiк пен тәкәппарлықтың ақыры жақсылыққа апармайды деген идея бар.

Өмiрдiң ыстық-суығын көп көрген Шалкиiз жырау көңiлi құлазып, жапа шегiп қиналған кезiнде:

Арғымақ атқа көп мiндiм,
Садақ кетсiн боданнан.
Азаматқа көп ердiм,
Садақа кетсiн туғаннан

...

Жағаға дұшпан қолы тимеске
Артыңда туысқанның көбi игi –

деп, жолдасын, туысын жауға қалдырмас жанашыр, «Жалғыздың аты шықпас, жаяудың шаңы шықпас» демекшiдей, азаматтығы атына сай туыстың көп болуын аңсайды.

Шалкиіз жырау – ислам дінін ұстанған жыраулардың бірі. Ол Би Темірді қажы сапарынан тоқтату үшін:

Тәңірінің үйі Кебені,
Ибраһим Халил Алла жасапты,
Ғазырейіл-жан алмаға қасапты,
Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәңірінің үйі бәйтолла,
Сұлтан иесі, қарсы алдында жасапты! –

деп өзінің өрісті ақыл-парасатымен Би Темірді тоқтатады.

Шалкиіз жырау құдайдың шын парызы – қарауындағы халыққа рақымды, әділет өмір жүргізу деп санайды.

«Шалкиіз жырау жырларындағы діни-танымдық сарындар» атты ғылыми мақаласында ғалым-жазушы Меңдібай Әбілұлы: «Жырау «тәңірінің үйі кебе» – деп қағбаны айтып тұр. Қағба Алла тағаланың жер бетіндегі алғашқы үйі. Әйгілі Қағба әл-Масхид әл-Хәрәмнің дәл ортасында орналасқан.

...Ислам дінін құрметтеп, адамгершілік пен имандылыққа ұйытылған адамның көңілі әрқашан нұрланып тұрады. Адам баласы Алланы білуі және оған шын көңілмен сенуі қажет.

...Қазақ жыраулар поэзиясының атасы Шалкиіз Тіленшіұлының діни көзқарастарында ғылыми тұрғыдан пікір өрбіту, оның діни бағыттағы шығармаларын жинап, зерттеу ғалымдардың ізгі ниетті парызы болмақ»⁵⁰ – делінген.

Шалкиіз жыраудың енді бір толғауларында ер жігіттің халық қамын жеп, ел үшін белін буып, күреске шығып, қиындықтан қашпайтын нағыз батыр болса деген ойы:

Шағырмақ бұлт жай тастар,
Ағытқан қойды жол бастар.
Ақ желкенді жел бастар,
Әділ төре ел бастар,
Батыр жігіт қол бастар,
Шешен адам сөз бастар –

деп топшыланған.

Осы «Шағырмақ бұлт жай тастар» деп басталатын моральдік, этикалық сипаттағы өнегелі ақыл, өсиет, ғибрат сөздерден тұратын толғауының көлемі 244 жол. Онда жұртты әділдік пен жақсылыққа, жаманшылықтан аулақ болуға үндеген құнды пікірлерін өлең өрнегімен бере білген.

Құсты жисаң бүркіт жи,
Қыстауыңды түлкі етер
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мүлк етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің, күні болғанда

Жұмыла ғаламға күлкі етер –
десе, жақсы мен жаманды салыстыра келе:

Жақсының жақсылығы сол болар
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар етер;
Жаманның жамандығы сол болар,
Сөйлесе дәйім бетін қара етер;

немесе,

Бір жаманға сөз айтсаң,
Есікті кетер сарт ұрып,
Сол жаман елден кетер деп,
Артыннан жақсылар қалар шақырып... –

деп сөз қадірін білмес, ақырын аңғармас, ақылы аз, ақымақтығы мол жаманнан жирендіре, жақсыға ұмтылдыра саралай суреттейді.

Тәлімгерлік құдіреті күшті, асыл ойға құрылған афоризм сөздерге толы, өз заманының жастарына дос пен қасты тани білуге және тәлімдік құндылығы зор өнегелі ақыл, ғибратты кеңес берерлік нақыл сөздермен термеленген Шалкиіз жырау поэзиясының елге тірек болар азаматтарға берері мол.

Шалкиіз жырларында философиялық толғаныс, тебіреністі шумақтар мол. Ол жыраудың өмірден түйген өрісті ойларынан туған. Мәселен,

Жағаға жақын қонбаңыз,
Жағаға жақын қонғанды,
Жайылып сулар алмас па?!

...

Жаманға дос болғанның
Жазымда басы қалмас па? –

деген өлең жолдарында «Жаманнан-кесапат» деген халық даналығымен үндесе, ақылсыз достан сақтану керектігін ескерткен.

Жат туғанды өз еткен,
Жақсының ғұмыры аз-ақ болмас па?

деп «жақсыда – жаттық жоқ» демекші, жайсаң азаматтық, адалдық, абзалдық қасиеттерді өсиет еткен.

Ағынды сулар, аймақ көл
Тасылса төңбек келтірер,
Дұшпанға беліңді шешіп инанба,
Инантып тұрып өлтірер, –

деп дұшпаннан сақ болуға үндеген. Жыраудың:
Жақсылардың өзі елсе де сөзі сау.

Ойлап тұрсам жаманның
Жалаңдаған өз басына тілі жау

немесе,

Көп өтірік, жаман сөз
Басыңа пәле келтірер –

деген өлең жолдарында «Жақсының өзі өлгенмен сөзі өлмейді», «Басқа пәле – тілден», «Жақсы – байқап сөйлер, жаман – шайқап сөйлер» тәрізді халық даналығындағы ой-пікірлермен ұштастырыла насихаттаған.

Жас ұрпақты жағымды мінез-құлыққа тәрбиелеуде, әділеттілікке, татулыққа, адамгершіл асыл қасиетке баулуда өмір тәжірибесінен қорытылып сараланған, жақсылық жолдарын нұсқар ғибратты ойларын:

Жақсыға қоссаң басыңды,
Отырар орның төр болар.
Жаманға қоссаң басыңды,
Саз балшыққа аунаған
Бөрімен орның тең болар...

немесе,

Жаманды құдай алар ма?
Жақсыны құдай қояр ма.
Жақсы алдында сөз айтсаң,
Жақсылар сөзге тояр ма?
Жаманға жақын болсаңыз,
Күнінде бір күн болғанда,
Оның залалы тиер басыңа.

...

Жаманға жақыным деп сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты! –

деп, жырының өзегі болып отырған түз тұрғынының адамдық табиғаты, ізгілік-парасаты, дүниетанымы туралы ойын тереңдете, халық даналықтарындағы идеямен ұштастыра өрнектеген.

Жырау ағайын арасындағы күншілдікті әшкерелейтін «Ағайын бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды» деген халықтың даналық ой-пікірін өлең өрнегіне арқау еткен.

Ағайынның ішінде
Бір жақсысы бар болса,
Қауқаулаған көп жаман,
Сол жақсыны көре алмас, –

деген өкінішті толғаныстарынан сыйластық, татулық, бірлік, адалдық, әділеттілікті аңсаған тәлімдік ойлары айқын аңғарылады.

Жалпы жырау толғауларының оқырмандарын рухани адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу мәселесінде маңызы зор.

Бұл туралы ғалым Ә.Дербісәлин: «...адамдық пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық арасындағы ежелгі күрестің түрлерін алғаш осы Шалкиіз толғауларынан кездестіреміз. Бұл оның өмірді суреттеудегі, өмірді танытудағы, адам бейнесін жасаудағы өзінше, өзгеше бір көркемдік тәсілі»⁵¹ – дейді.

Шалкиіз жырау – негізінен, адамгершіл, ақыл, ғибрат сөз уағыздау шебері. Айтар ойын нақылдап термелеуге дағдыланған шешен жырау. Оның әсіресе, ерлік дәстүрін, ел бірлігін, қазақ халқының бойындағы табиғи ерлік қасиеттерін

жеке батырлар бейнесін суреттеп, адамның ерлік тұлғасын сомдау арқылы көрсетуі – өлеңдерінің негізгі түйіні.

Шалкиіз жыраудың бізге жеткен өлеңдерінің дені азаматтық лирикаға жатады.

«Дулығамның төбесі туған айдай болмаса, батыршылық сүрменді», «дулығалы бас кескен, ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма?» деп батырлықты жоғары бағалаған.

Асыл туған батыр ер

Тоқсанға жасы жетпей қарымас, –

деп ерлікке үндеген, «ерлер – елдің панасы» екендігі дәріптелген. Олардың қанат-көлігін:

Арғымақтың баласы

Жаздың алты ай жорытсаң,

Неш өкпесі қабынбас, –

деп бейнелеген.

Терең ақыл, шалқар даналық иесі жыраудың «Жуан ханға» деген толғауында қазақтың аруағы асқан айбарлы тоғыз батырының бір-біріне ұқсамайтын тұлға-бітімдері, ерлік кескін-келбеті, қуат-жігері үлкен шеберлікпен сомдалған. Мәселен, Ер Қосай тұлғасын:

Жеті аршын жарым бойы бар,

Адамнан артық біткен сойы бар.

Артынан келген дұшпанға,

Көрсететін тойы бар, –

деп сомдаса, Ер Тарғынды:

Жөнелте қолын бастаған

Көксүйрік атты борбайлап,

Қамалды бұзған айқайлап, –

деп басқаша шабытпен жырлаған.

Шынында да, Шалкиіз жырау поэзиясының рухы – ерлік. Оның шығармалары жауынгерлерді қаптаған қалың жаудан именбеуге, тайсалмай ұрысқа кіруге шақырған, өр ұранға толы.

Батыр болмақ сойдан – дүр,

Жалаңаш барып жауға ти,

Тәңірі өзі біледі,

Ажалымыз қайдан – дүр!

Елін жауынан, дұшпанынан тек «жалаңаш барып жауға тиер» ер ғана қорғай алар «Батыр жігіт қол бастар» деп ерлікті, батырлықты жырына ту еткені жыр өрнектерінен айқын көрінеді.

Есендікте малыңды бер де батыр жый,

Басыңа қыстау іс түссе

Дұспанның қолы жете алмас! –

деп тілек айтады.

Тәрбие негізі – халық даналығында демекші, «Ынтымақты елге жау тимес», «бірлік болмай, тірлік болмайды» деген халық даналықтарымен өзектес бұл тілек жыры адамгершілікке меңзейтін өрісті өнеге, тағылымды тәрбие.

Жалпы, өз заманының жетік шешені Шалкиіз жыраудың шығармашылығы жайлы ғалым М.Мағауин: «...Жыраудың ғасырлар көгінен өтіп, біздің дәуірге жеткен шағын көлемді, шымыр толғауларынан көне заман таңбасы – түз тұрғынының дүниетанымы, адамдық табиғаты, мінез ерекшеліктері, моральдік, этикалық қағидалары айқын аңғарылады»⁵² – деп орынды айтқан.

Жиёмбет жырау

Қазақтың аса талантты жырауы, ірі ойшыл биі әрі қырағы сардар, жеңімпаз батыры Жиёмбет Бартоғашұлы Кіші жүздің Алшын руының ірі феодал тұқымынан шыққан, туып-өскен жері – қазіргі Орал облысы, Тайпақ ауданы, Байбарақ, Байшерек деген жерлер.

Есім ханның әскербасы батыры әрі жорықшы жырауы – Жиёмбет Бартоғашұлы 1570-1575 жылдары шамасында туып, 1980 жылдары шамасында тоқсанның үстіне шығып дүниеден қайтқан.

16 жасынан хандар, билер, батырлар жанында жүріп, ел билігіне араласып, ханның жауынгер жасағын басқарған, беделді бас биі, өз дәуірінің өткір азаматы болған. Жырау – батырлықты жыраулық өнермен ұштастырған дарын иелерінің бірі.

Әділеттікті айтудан именбеген жас жырау өзінің бәйбішесі Есенбикені қыздың әкесінің рұқсатынсыз алған екен. Дау хан алдына жеткенде:

Үш ай тоқсан кезінде,
Қошқар менен бура мас.
Нақ көктемнің кезінде,
Айғыр менен бұқа мас.
Жас болжалы жеткенде,
Қыздар менен жігіт мас.
Сол мастықтың күшімен,
Алдыңа келген мен бір жас,
Кессеңіз, ханым, міне, бас! –

деп жастықтың желігі, қыз бен жігіттің тіл табысуы – табиғаттың заңы. Оған кінәләсаңыз, басымды алсаңыз да өзіңіз біліңіз деп ізгілік жолмен, тапқыр ойлы сөзбен оң шешімге жеткен.

Жиёмбет жырау – 1620 жылғы Есім ханның ойрат-қалмақтармен соғысы кезінде ерекше ерлік, тапқырлық көрсетіп, шапқыншы жауды ойсырата жеңіп, бетін қайтарған жеңімпаз қолбасшы. Оның орасан ерлігі Қазақ совет энциклопедиясында: «...Қалмақтарға қарсы 1620-1627 жылдардағы жорықтарға қатысып, ұйымдастырушылық қабілетімен, ерлігімен көзге түскен»⁵³ – деп жазған.

Халық қамын жоқтаған, ел бірлігін сақтаған, елдің көкейіне қонымды жыр толғаған, бойындағы ақындық шабытын батырлықпен байланыстырған жорықшы жыраудың бір толғауы 1908 жылы «Жақсы үгіт» жинағында басылып шыққан. Ол – Есім ханға айтқан жыры. Жырды оқи отырып, жыраудың ханға жас кезінен адал қызмет етіп, сенімін ақтаған ерлердің бірі болғанын, сол ақ ниетті адал ісін ханның ескере білмегенін қынжыла, өкіне толғағанын аңғарасың.

Ес білгенден Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.

...

Көруші едім Есім хан,
Ханымды күнім, сізді айымдай...
Жұмыскерің мен едім,
Сатып алған құлындай,
Жүруші едім аранда
Өзіңнің інің мен ұлыңдай –

деген шумақтардан халықты бастар ханға үлкен сенім артып, жан жүрегімен берілген жыраудың адами қасиетін көреміз. Жырау:

Менің ер екемді көргенсің,
Әуелден бірге жүргенсің,
Дегенімді қылғансың,
Қайратымды білгенсің –

деп, өз дегенін ханға істетердей ықпалы болғанын, сарай маңындағы өзінің орнын ханның есіне сала, тіпті елге де, ханға да өзінің керек адам екенін ешнәрседен сескенбей, ханнан қаймықпай, қасқая:

Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менім кеңесім.
Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда.
Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит түрткіні көресің,
Жиёмбет қайда дегенде
Не деп жауап бересің? –

деп толғайды.

Ел басындағы халық үміт артқан басшының әділетті, көреген, ақылды, ұстамды, білікті болғанын қалаған жырау идеясы байқалады.

Сондай-ақ жыраудың қазақ жерін жаудан қорғауда талай көрсеткен ерлігі, хан-әкімдерге бас имеген өр мінезі, ерең батырлығы ерекше сөз болады. Ол өзінің ерлігі мен беріктігі, қайсарлығы жайында Есім ханға:

Менімен ханым ойнаспа,
Менім ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай,

Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайыңдай... –
дейді.

Бетің бар, жүзің бар демей, турасын кесіп айтатын қайсар, өжет жырау осы жырда қалмақ шапқыны кезінде хан мен үй ішінің қатты сасқанын, жау қолында кетуі мүмкін ханды жаужүрек батыр жыраудың жеңісті жорығының арқасында аман қалғанын айбар көрсете, тереңнен қозғап айтады.

Бейбіт күнде батырсынған ханның «қалмақтың Бөрі ханы келгенде, соқыр бурыл байталға жайдақ мінгенсің», «тас қалаға жан сақтан» деп жан сауғалаған жүрексіз, қорқақ мінезін әшкерелейді. Қалың еліне арқа сүйеген батыр «баскесер» деп тіл тартпаған, хан қаһарынан қорықпай, оның рақымсыздығын, қанішер, теріс мінезін әшкерелеп, Есім ханның ел аралық бітімгерлік, жер дауы, жесір дауы кезіндегі жөн-жосықсыз озбыр іс-әрекеттеріне қарсы шығып, өктем сөйлейді.

Қарсы келгеннің басын қақпай тынбайтын, қаһарланса қолына түскенді сұраусыз, құнсыз өлтіре салатын қанды қол Есімнің есерлігін өлтіре сынап:

Мен өлсем құнсыз кетер деме сен,
Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген
Тілеуберді құлындай, –

дейді.

Жыраудың бұл мінезі ханға жаға бермейді. Хан мен жырау арасындағы келіспеушілік өрши түседі. Оны «Әмірің қатты Есім хан» деген толғауынан көруге болады. Әрі батыр, әрі ақын Жиёмбет хан қаһарынан қаймықпай:

Бүлік салып бұйырдың,
Басын бер деп батырдың,
Қанын ішіп қанбаққа,
Жанын отқа салмаққа.
Атадан жалғыз мен емес,
Хан ие, ісің жол емес.
Жолбарыстай Жолымбет
Құрбандыққа қол емес, –

деп өзінің хан тәлкегіне көне қоятын осал жан емес екендігін білдіреді.

Халыққа арқа сүйеген, әділдікті аңсаған ақын ханның опасыздығын, екі жүзділігін әшкерелеп, ханға зіл тастай отырып, оны екінші көрмеске, онымен мәжілістес, сұхбаттас болмасқа серт бергендей шымырлата, буырқана, ашына жырлайды:

Қайрылып хайыр қылғуға
Қылғаның жоқ ұнаған.
Қайратым қанша қайтса да,
Мұнына, ханым, шыдаман!
Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ұран десермін,
Ат құйрығын кесермін...
Қарамасаң, ханым, қарама,

Сенсіз де күнімді көрермін! –
дейді.

Жиёмбет жыраудың толғауларынан жауынгер-жыраудың ерлік бейнесі, өр тұлғасы, асқақ рухы байқалады.

Жыраудың әділдікті ту етіп, шындықты шынайы шымырлата толғауының тәрбиелік мәні зор.

Есім хан Жиёмбет би ықпалында жүрген елдерді өзіне түгелдей қаратып алып, өзінің хандық құзырын бұрынғыдан да кеңейту үшін Жиёмбет биді биліктен тайдыруы қажет еді. Сондықтан Жиёмбет Бартоғашұлын қолға түсіреді де, оны Қиыр Шығысқа жер аудартып жібереді.

Хан қаһарына іліккен ақын қанша батыр болса да үстем таптан теңдік ала алмай, қол-аяғы байланып, жер аударылып кетіп бара жатып:

Қол-аяғым бұғауда,
Тарылды байтақ кең жерім!
Арманда болып барамын,
Қоштасуға аял жоқ,
Қалқаман, Шолан ерлерім, –

деп өкінішін білдіреді. Оның туған жерден жырақта жүрген кездегі толғауларынан туған еліне, жеріне деген шынайы сүйіспеншілігі айқын көрінеді. «Ханға қарсы тұрам деп» елінен айдалған батыр Жиёмбет Бартоғашұлы:

Қайрылып, қадам басарға
Күн болар ма мен сорға,
Өзен, Арал жерлерім?!.
Қиядан қолды көрсеткен
Төбеңе шығар күн бар ма,
Жотасы биік Дендерім?! –

деп сағынышты шерін төгеді. Бұл әр оқырманның отаншылдық, патриоттық, елжандылық сезімін оятары анық.

Елі мен жері үшін емірене ерлік жыр төккен жырау:

Ханға қарсы тұрам деп,
Түн ұйқымды бөлгенмін,
Жұртымды жөнге салам деп...
Атқа мінген ер едік
Қашырды бүйтіп елімнен
Күйеуден безген қатындай, –

деп хан озбырлығын толғайды. Өзінің әділеттік үшін бел буып, қолына қару алып, күреске шыққанын баяндайды. Жиёмбет жыраудың ел ішіндегі, халық алдындағы беделі қаншама жоғары болғанымен, ханмен тартысы сәтсіздікке ұшырайды.

Айдауда жүріп көрген қорлығы, азамат ердің ар-намысы болып көрінеді. Жырау Жиёмбет Бартоғашұлы – ерлік, елжандылық сезімге толы жыр-толғау қалдырушы, асыл сөз иесі әрі ел бүтіндігі жолындағы жеңісті жорықтардың қаһарманы.

Марғасқа жырау

Қазақ халқы ерлік күреске толы күн кешкен XVII ғасырдан бізге мәлім жыраудың бірі – Жиёмбет жырауға тете, Есім хандығының соңғы кезінде өмір сүрген Марғасқа жырау. Ол – сөз өнерін жете меңгерген, Есім ханның бір орталыққа бағынған ірі феодалдық мемлекет құру туралы идеясының ұраншысы болған. Жорықтарда бірге жүрген батырларының бірі, ханның жоғын жоқтап, жыр шерткен арқалы жыраудан бір ғана толғау бізге жеткен. Ол Есімнің қалмақтарға қарсы жорыққа кетуін пайдаланып, қазақ ауылын шапқан Ташкентті билеуші Тұрсынды 1627 жылы қолға түсіргенде айтылған жыры.

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын,
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың.
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың,
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың!
Еңсегей бойлы ер Есім
Есігіңе келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды!

Өлеңнен Марғасқа жыраудың от тілді, жауынгер, жорықшы жырау болғанын аңғарасың.

Семинар-практикалық сабақтардың үлгі тақырыптары

1. XV-XVII ғасырлардағы қазақ хандығының құрылуы мен күшеюі және қазақ мәдениеті.
2. Ақын-жыраулар мұраларындағы ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрі мен дәуір көрінісі.
3. Ақын-жыраулар – өз кезіндегі қоғамдық тәрбиешілер әрі халық педагогикасының туындыгерлері.

Студенттер білуі тиіс:

1. XV-XVII ғасырлардағы ақын-жыраулар және олардың өмір сүрген ортасын;
2. Ақын-жыраулар мұралары және оның ұлттық сипатын;
3. Ақын-жыраулар мұраларындағы этнопедагогикалық ойлардың мәнін және оның бүгінгі тәрбие мәселесіндегі маңызын.

Студенттер меңгеруі тиіс:

1. Ақын-жыраулар мұраларының мазмұнына салыстырмалы талдау жасап, оның тәлімдік идеяларын бүгінгі күнгі практикада пайдалануды;
2. Ақын-жыраулар мұраларының бүгінгі күнгі тәрбие мәселесіндегі маңызын дәлелдеп, мәнін айқындауды;
3. Ақын-жыраулар мұраларының қоғамдық және тәлім-тәрбиелік мәнін ашып түсіндіруді;
4. Ақын-жыраулар мұраларындағы тәлімдік ойларды бүгінгі педагогикалық мәселелермен сабақтастырып пайдалануды.

Білімін толықтыру тапсырмалары

1. XV-XVII ғасырлардағы ақын-жыраулар мұралары туралы қазақстандық ғалымдардың ірілі-ұсақты зерттеу еңбектерінің тізімін жасап, танысу.
2. Ақын-жыраулар мұраларына салыстырмалы түрде талдау жасап, ерекшеліктері мен ортақ байланысын түсіну.
3. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы тәрбиелік ой-пікірлердің бүгінгі күнгі өзектілігін (тәрбие мәселесіндегі тиімділігін) жазбаша дәлелдеу.
4. Ақын-жыраулар мұраларындағы тәрбие түрлерін кесте бойынша көрсету.
5. Ақын-жыраулар мұраларындағы ақыл-нақылға құрылған өлеңдерін жаттап алу.

Реферат тақырыптары:

1. Жарқын өмір тіленшісі – Асан Қайғы жырау.
2. Асан Қайғы жырау – ұлы ойшыл-философ.
3. Қазтуған жыраудың өскен ортасы, ақындық, азаматтық қалыптасу жолы.
4. «Ел бірлігі – татулықта» (Доспамбет жырау мұралары бойынша).
5. Хандық дәуірдегі хан көсемдердің мақсат-мүдде бірлестігі.
6. Шалкиіз жырау – ерлік пен елдіктің, достық пен қастықтың, ізгілік пен жауыздықтың әділ төрешісі.
7. Жиёмбет жырау, Марғасқа жырау – әділдікті ту еткен, жеңісті жорықтардың қаһармандары.
8. Адамгершілік ақылдары арқылы парасаттылыққа үндеу – жыраулар мұраларында.
9. Жыраулар мұрасының нысанасы – дәуір шындығын көрсету.
10. «Жеті жарғы» атты заңдар жинағы – әлеуметтік құқық қорғау негізі.
11. Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы және оның тәрбиелік мәні.
12. Шалкиіз жырау мұраларының ұрпақ тәрбиесіндегі орны.
13. «Ата көрген – оқ жонар» (Жыраулар мұралары бойынша).
14. Жыраулар мұрасы – береке-бірлікке, татулыққа үндеу құралы.
15. Жыраулар мұраларында ұлттық сезімнің нақты көріністері.
16. «Жаным – арымның садағасы» деу ерлердің ісі (Жыраулар мұралары бойынша).
17. Жыраулар мұралары – тәлім-тәрбие құралы.

Тест тапсырмалары

Нұсқау: төмендегі жауаптардың дұрысын дөңгелектеп көрсетіңіз.

1. Алтын Орда, Қазан, Астрахан хандықтары заманында өмір сүріп, ұлы Мұхаммед және Әз-Жәнібек хандармен бірге болған ноғайлы дәуірінің перзенті:

- A) Асан Қайғы жырау
- B) Бұқар жырау
- C) Майқы би
- D) Үмбетей жырау
- E) Қожаберген жырау

2. Асан Қайғы жыраудың:

«Әй, хан мен айтпасам білмейсің

Айтқаным көнбейсің

Шабылып жатқан халқың бар

Аймағын көздеп көрмейсің», – деген толғауындағы хан есімі:

- A) Жәнібек хан
- B) Тәуке хан
- C) Қасым хан
- D) Абылай хан
- E) Есім хан

3. «Халық мұңын арман етіп, алысты меңзеген... өзі үшін емес, елі, жұрты үшін ізденген ел қамқоры», – деген ойдың авторы:

- A) Әуезов М.
- B) Сүйіншәлиев Х.
- C) Табылдиев Ә.
- D) Жарықбаев Қ.
- E) Қалиев С.

4. Асан атына «Қайғы» деген сөздің тіркесе айтылуының себебі:

- A) Халық қайғысын, мұңын жоқтаған
- B) Өз басында қайғысы бар
- C) Мұңлы
- D) Тұлдай жетім
- E) Балама аты

5. Аңыз жырларда Асан Қайғы жыраумен және оның баласы Абатпен пікірлес болған жырау:

- A) Қазтуған жырау
- B) Бұқар жырау
- C) Үмбетей жырау
- D) Қожаберген жырау

Е) Доспамбет жырау

6. Асан Қайғы жыраудың «Еділ бол да, жайық бол» өлеңінің негізгі көтерген мәселесі:

- А) Береке-бірлікке шақыру
- В) Ханды өткір сынау
- С) Тіл тазалығын дәріптеу
- Д) Адамгершілікке үндеу
- Е) Елін, жерін қорғауға шақыру

7. Қазақ хандығы құрылмай тұрғанда Асан Қайғы жыраудың өмір сүрген тұсы:

- А) Алтын Орда
- В) Ақ Орда
- С) Қазақ хандығы
- Д) Қырым хандығы
- Е) Астрахан хандығы

8. Асан Қайғы жыраудың әкесінің айналысқан кәсібі:

- А) Саятшы
- В) Құсбегі
- С) Малшы
- Д) Мұғалім
- Е) Дәрігер

9. «Түгел сөздің түп атасы» атанған Майқы бидің ұрпағы болған жырау:

- А) Асан Қайғы жырау
- В) Көтеш ақын
- С) Жиёмбет жырау
- Д) Үмбетей жырау
- Е) Шал ақын

10. «Еділ менен Жайықтың

Бірін жарға жайласаң,

Бірін қыста қыстасаң,

Ал қолыңды маларсың

Алтын менен күміске! ...» – деген өлең авторы:

- А) Асан Қайғы жырау
- В) Қожаберген жырау
- С) Доспамбет жырау
- Д) Үмбетей жырау
- Е) Марғасқа жырау

11. Асан Қайғы жыраудың: «Қамысы боранға қалқа, малға азық, қысы болмаса жазы қапырық, ордалы елге орын болмас», – деп келген жері:

- A) Бетбақ далаға
- B) Қызыл жарға
- C) Балқаш көліне
- D) Жоңғар ойпатына
- E) Сырдария алқабына

12. Асан Қайғы жыраудың саят құрудағы мақсаты:

- A) Ел қондырар жерұйық іздеу
- B) Сауық-сайран құру
- C) Жаудан тасалану
- D) Тыныштықты көксеу
- E) Шұрайлы мекен табу

13. Саятшы Сәбиттің баласы, данышпан жырау:

- A) Асан Қайғы жырау
- B) Бұқар жырау
- C) Көтеш ақын
- D) Үмбетей жырау
- E) Шал ақын

14. «Бұл заманда не ғаріп,
Ақ қалалы боз ғаріп.
Жақсыларға айтпаған,
Асыл шырын сөз ғаріп», – жыр жолдарының авторы:

- A) Асан Қайғы жырау
- B) Шал ақын
- C) Сыпыра жырау
- D) Марғасқа жырау
- E) Ақтамберді жырау

15. Ұлы Мұхаммед ханмен бірге болған жырау:

- A) Асан Қайғы жырау
- B) Жиёмбет жырау
- C) Сыпыра жырау
- D) Тәтіқара ақын
- E) Доспамбет жырау

16. Асан Қайғы жыраудың руы, тегі:

- A) Дулат
- B) Үйсін
- C) Қаңлы
- D) Қоңырат

Е) Арғын

17. Ұзақ өмір сүріп, әрі тарихи тұлға, әрі аты аңызға айналған жырау:

- А) Асан Қайғы жырау
- В) Доспамбет жырау
- С) Марғасқа жырау
- Д) Қожаберген жырау
- Е) Бұқар жырау

18. Асан Қайғы жырауды «көшпенділер философы» деп атаған тұлға есімі:

- А) Уәлиханов Ш.
- В) Алтынсарин Ы.
- С) Торайғыров С.
- Д) Байтұрсынов А.
- Е) Дулатов М.

19. Қазтуған жыраудың ата-тегі жайлы «көшпенділердің шынжыр балақ, шұбар төс әскери аристократиясы сияқты», – деген ойды айтқан ғалым:

- А) Мағауин М.
- В) Мұштак Ғ.
- С) Досмұхамедов Х.
- Д) Әлжанов Ш.
- Е) Қалиев С.

20. Қазтуған Сүйінішұлының өмірге келген жылдары:

- А) XV ғасырдың 20-30 жылдарында
- В) XV ғасырдың 10-20 жылдарында
- С) XV ғасырдың 60-70 жылдарында
- Д) XV ғасырдың 40-50 жылдарында
- Е) XV ғасырдың 70-80 жылдарында

21. «Балдағы алтын құрыш болат

Ашылып шапсам дем тартар,

Сусыным қанға қанар деп...» – деген жыр жолдарының авторы:

- А) Қазтуған жырау
- В) Доспамбет жырау
- С) Марғасқа жырау
- Д) Қазтуған жырау
- Е) Тәтіқара ақын

22. Алғаш рет Қазтуған жырау жырлары басылған кітаптың авторы:

- А) Мұштак Ғ.
- В) Мұқанов С.
- С) Әуезов М.

- D) Қалиев С.
- E) Табылдиев Ә.

23. Қазтуған жыраудың дүниеден өткен кездегі жас шамасы:

- A) 75
- B) 73
- C) 91
- D) 84
- E) 60

24. Қазтуған жыраудың өзіне арналған мадақ жыры:

- A) «Бұдырайған екі шекелі»
- B) «Белгілі биік көк сеңгір»
- C) «Алаң да алаң, алаң жұрт»
- D) «Тоғай, тоғай, тоғай су»
- E) «Қарағайлы көдік бойында»

25. Қазтуған жырау қазақ хандығына қосылған алшын тайпасы руларымен бірге Еділдің бергі бетіне өткен жыл:

- A) 1480
- B) 1420
- C) 1430
- D) 1452
- E) 1467

26. Қазтуған жыраудың шыққан әулеті:

- A) Көшпенді шонжар
- B) Ақсүйек
- C) Батыр
- D) Кедей
- E) Орта шаруа

27. Қазтуған жыраудың туып өскен өлкесі:

- A) Еділ бойында
- B) Шуда
- C) Орынборда
- D) Балқаш көлінің маңында
- E) Сырдария жағалауында

28. «Алаң да, алаң, алаң жұрт

Тоғай, тоғай, тоғай су» – деген өлеңнің авторы:

- A) Қазтуған жырау
- B) Марғасқа жырау
- C) Бұқар жырау

- D) Үмбетей жырау
- E) Шал ақын

29. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ноғайлының атақты жырауы:

- A) Доспамбет жырау
- B) Қазтуған жырау
- C) Бұқар жырау
- D) Жиёмбет жырау
- E) Тәтіқара ақын

30. Доспамбет жырау қайтыс болған жыл:

- A) 1523
- B) 1527
- C) 1530
- D) 1528
- E) 1534

31. Доспамбет қандай бағыттағы жырау:

- A) Жорықшы
- B) Үйлестіруші
- C) Сыншы
- D) Қолбасшы
- E) Ақын

32. Доспамбет жырау өмір сүрген дәуір:

- A) XV ғ. басы – XV ғ. соңы
- B) XV ғ. соңы – XVI ғ. алғ. ширегі
- C) XIV ғ. басы – XV ғ. алғ. ширегі
- D) XVI ғ. басы – XVII ғ. ортасы
- E) XVII ғ. басы – XVIII ғ. соңы

33. Доспамбет жыраудың жарақаттанған кездегі өлерін суреттеген толғауы:

- A) «Арғымаққа оқ тиді»
- B) «Тоғай, тоғай, тоғай су»
- C) «Қарағайлы көдік бойында»
- D) «Белгілі биік көк сеңгір»
- E) «Алаң да алаң, алаң жұрт»

34. Доспамбет жырау туралы жыр жазған тұлғалар:

- A) Махамбет ақын, Бұқар жырау
- B) Қазтуған жырау, Жиёмбет жырау
- C) Бұқар жырау, Ақтамберді жырау
- D) Қожаберген жырау, Марғасқа жырау
- E) Үмбетей жырау, Шал ақын

35. Доспамбет жыраудың руы:

- A) Кіші ноғайлы
- B) Қаңлы
- C) Керей
- D) Дулат
- E) Сақ

36. «Бетегелі Сарыарқаның бойында

Соғысып өлген өкінбес!» – деген өлеңнің авторы:

- A) Доспамбет жырау
- B) Қазтуған жырау
- C) Бұқар жырау
- D) Үмбетей жырау
- E) Шал ақын

37. Доспамбет жыраудың қайтыс болған жас шамасы:

- A) Отыз жас
- B) Жиырма жас
- C) Қырық жас
- D) Елу жас
- E) Алпыс жас

38. Доспамбет жырау жайлы әңгімені жазған ғұлама ғалым:

- A) Радлов В.
- B) Аманжолова Д.
- C) Османова М.
- D) Левшин А.
- E) Мелиоранский П.

39. «Ноғай уа құмық шығырлары» атты кітаптың жарияланған жылы:

- A) 1893
- B) 1896
- C) 1967
- D) 1891
- E) 1952

40. Доспамбет жырау туралы 1971 жылғы жазылған кітаптың аты:

- A) «Алдаспан»
- B) «Бес ғасыр жырлайды»
- C) «Ертедегі әдебиет нұсқалары»
- D) «Қазақтың қысқаша тарихы»
- E) «Шежірелер жинағы»

41. Доспамбет жырау қатысқан шайқас:

- A) Қырым шайқасы
- B) Аякөз шайқасы
- C) Тастөбе шайқасы
- D) Куликово шайқасы
- E) Атлах шайқасы

42. «Айналайын Ақ Жайық,

Ат салмай өтер күн қайда,
...Күмбір, күмбір кісінетіп
Күреңді мінер күн қайда...
Алты құлаш ақ найза

Ұсынып шаншар күн қайда», – деп өткендегі жауға ойран салған ереуілді күндерін көксеген жырау:

- A) Доспамбет жырау
- B) Асан Қайғы жырау
- C) Қазтуған жырау
- D) Шалкиіз жырау
- E) Марғасқа жырау

43. «Сөре, сөре, сөре қар» – деген өлеңнің авторы:

- A) Доспамбет жырау
- B) Бұқар жырау
- C) Қазтуған жырау
- D) Марғасқа жырау
- E) Тәтіқара ақын

44. Ғалым Х.Сүйіншәлиев: «Халық ...бірнеше хандар тұсында қызмет еткен, әрі батыр, әрі жырау деп аңыздайды. Ол ноғайлы қазақ дәуірінде шығып, Жәнібекті, Орақ, Мамайды, Би Темірді көрген...» – деп, өмірбаянынан дерек келтірген жырау:

- A) Шалкиіз жырау
- B) Доспамбет жырау
- C) Қожаберген жырау
- D) Ақтамберді жырау
- E) Үмбетей жырау

45. XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген жыраулық поэзияның алыбы:

- A) Шалкиіз жырау
- B) Шал ақын
- C) Ақтамберді жырау
- D) Тәтіқара ақын
- E) Марғасқа жырау

46. Шалкиіз Тіленшіұлының дүниеге келген жылы:

- A) 1465
- B) 1450
- C) 1560
- D) 1543
- E) 1531

47. «Жаманнан туған жақсы бар

Адам айтса нанғысыз,

Жақсыдан туған жаман бар

Күндердің күні болғанда

Бір аяқ асқа алғысыз» – дей келе, адамның жақсы не жаман болуы шыққан тегіне байланысты емес, халқына тигізген пайдасына, халық үшін еткен еңбегіне байланысты деген ой қай өлеңге тиесілі:

- A) «Айырдан туған жампоз бар»
- B) «Ағала ордам қонған жұрт»
- C) «Қоғалы көлдер, қом сулар»
- D) «Талпынып салдың егінді»
- E) «Нашарлар қайтып күн көрер, егін салар құлқы жоқ»

48. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Шалкиіз жырау өмір сүрген ғасыр:

- A) XV
- B) XV-XVI
- C) XX
- D) XIX
- E) XVII

49. «Жығылғанды тұрғызсаң, қисайғанды түзейсің, Меккеге барып, қажы болмай-ақ жұрттың қамын ойласаң, халық сыйлар беделге ие боласың», – деген тоқтау сөздің иесі:

- A) Темір биге
- B) Жәңгір ханға
- C) Бөгембай батырға
- D) Абылай ханға
- E) Есім ханға

50. Шалкиіз жыраудың жігіттік шағы өткен жер:

- A) Ноғай Ордасында
- B) Бөкей Ордасында
- C) Ақ Ордада
- D) Алтын Ордада
- E) Қазақ хандығында

51. «Жауынды күні көп жүрме,
Жар жағасы тайғақ-ты,
Жаманға жақыным деп сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман өз басыңа айғақты» – деген жыр жолдарының авторы:

- A) Шалкиіз жырау
- B) Асан Қайғы жырау
- C) Қазтуған жырау
- D) Доспамбет жырау
- E) Марғасқа жырау

52. Шалкиіз жырау қазақ поэзиясының өлең өрнегін ... ақын

- A) Байытқан
- B) Дамытқан
- C) Таратқан
- D) Жаңартқан
- E) Зерттеген

53. Шалкиіз жырау шығармалары қағаз бетіне түскен ғасыр:

- A) XIX
- B) XX
- C) XVIII
- D) XV
- E) XVI

54. Шалкиіз жырау жинақтары жарияланған кезең:

- A) Қазан төңкерісі
- B) Ақпан төңкерісі
- C) Тамыз төңкерісі
- D) К.Қасымұлы төңкерісі
- E) Екібастұз спарк мыс кең ішіндегі төңкеріс

55. Шалкиіз жыраудың шығармалары жарияланған тіл:

- A) Орыс-қазақ
- B) Қырғыз-қыпшақ
- C) Араб-парсы
- D) Орыс-ағылшын
- E) Орыс-түрік

56. Шалкиіз жырау өмірінің соңғы кезеңдерін өткізген сарай ханы:

- A) Хақназар хан
- B) Қасым хан
- C) Абылай хан
- D) Тәуке хан

Е) Есім хан

57. Шалкиіз жыраудың ерлік рухқа, романтикаға толы жыры:

- А) «Ершобан»
- В) «Би Темірге айтқаны»
- С) «Асқар тау»
- Д) «Қарағайлы көдік бойында»
- Е) «Тоғай, тоғай, тоғай су»

58. «Шығырмақ бұлт жай тастар,
Ағытқан қойды жол бастар,
Ақ шекпенді жел бастар,
Шешен адам сөз бастар» – деген жыр жолдарының авторы:

- А) Шалкиіз жырау
- В) Доспамбет жырау
- С) Марғасқа жырау
- Д) Үмбетей жырау
- Е) Қожаберген жырау

59. Шалкиіз жыраудың дүниеге келген жері:

- А) Жайық
- В) Сыр өңірі
- С) Жетісу
- Д) Баянауыл өңірі
- Е) Аякөз өңірі

60. 1490 жылы Шалкиіз жыраумен бірге болған тұлға:

- А) Темір би
- В) Хақназар хан
- С) Мұса би
- Д) Жәңгір хан
- Е) Абылай хан

61. «...адамдық пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық арасындағы ежелгі күрестің түрлерін алғаш осы Шалкиіз толғауларынан кездестіреміз...», – деген ғалым:

- А) Дербісәлин Ә.
- В) Қалиев С.
- С) Мағауин М.
- Д) Табылдиев Ә.
- Е) Тәжібаев Т.

62. Шалкиіз жыраудың білім алған тілі:

- А) Мұсылманша

- B) Татарша
- C) Орысша
- D) Қазақша
- E) Парсыша

63. Шалкиіз жыраудың нағашы атасы:

- A) Мұса би
- B) Темір би
- C) Майқы би
- D) Шорман би
- E) Байдалы би

64. «Жағаға жақын қонғанда,
Жайылып сулар алмас па,
Жаманға дос болғанда,
Жазымда басы қалмас па,
Жат туғанды өз еткен

Жақсының ғұмыры аз-ақ болмас па!» – жыр жолдарының авторы:

- A) Шалкиіз жырау
- B) Доспамбет жырау
- C) Қазтуған жырау
- D) Асан Қайғы жырау
- E) Тәтіқара ақын

65. Ерлік, патриоттық сезімге толы өлең-жыр қалдырушы, асыл сөз иесі:

- A) Жиёмбет жырау
- B) Доспамбет жырау
- C) Қазтуған жырау
- D) Үмбетей жырау
- E) Ақтамберді жырау

66. Жиёмбет жырау өмір сүрген ғасыр:

- A) XVI-XVII
- B) XVI
- C) XVII-XVIII
- D) XV-XVI
- E) XVIII

67. Есім хан тұсында Жиёмбет жыраудың атқарған қызметі:

- A) Әскербасы
- B) Күйші
- C) Ақылгөй
- D) Жауынгер
- E) Ақын

68. «Арқаға қарай көшермін,
Алашым ұран десермін,
Ат құйрығын кесермін ...» – деген жыр жолдарының авторы:

- A) Жиёмбет жырау
- B) Асан қайғы жырау
- C) Ақтамберді жырау
- D) Марғасқа жырау
- E) Қазтуған жырау

69. Жиёмбет жыраудың руы:

- A) Алшын
- B) Дулат
- C) Адай
- D) Үйсін
- E) Қаңлы

70. Жиёмбет жырау әскербасы қызметін атқарған хан тұсы:

- A) Есім хан
- B) Қасым хан
- C) Абылай хан
- D) Тәуке хан
- E) Жәңгір хан

71. Жиёмбет жыраудың немересі:

- A) Қара батыр
- B) Сырым батыр
- C) Байбақты батыр
- D) Бөгембай батыр
- E) Қабанбай батыр

72. «Мен өлсем құнсыз кетер деме сен

Кешегі өзің ұрып өлтірген

Тілеуберді құлыңдай...» – деп қарсы келгеннің басын қақпай тынбайтын,
қаһарланса қолына түскенді сұраусыз, құнсыз өлтіре салатын хан есімі:

- A) Есім хан
- B) Хақназар хан
- C) Жәнібек хан
- D) Керей хан
- E) Тәуке хан

73. Алау батырдың Жиёмбет жырауға туыстық жағы:

- A) Нағашы жағынан
- B) Арғы атасынан
- C) Әкесі жағынан

- D) Қайынжұрт жағынан
- E) Бөле жағынан

74. Есім ханның Жиёмбет жырау мен оның інісіне қысым көрсету себебі:

- A) Сыйға жіберген аруды інісінің тартып алғаны үшін
- B) Есім ханды сатып кеткені үшін
- C) Хан туралы жаман хабар таратқаны үшін
- D) Ұрлық жасағаны үшін
- E) Өтірік жала жапқаны үшін

75. «Қайратым қанша қайтса да...» – деген сөздерінен Жиёмбет жыраудан аңғарылатын ой:

- A) Бақытты шағын
- B) Қатты қиналғанын
- C) Жасы ұлғайыңқырап қалғанын
- D) Денсаулықтың қадірін
- E) Адал жардың жоқтығын

76. «...Мұныға, ханым, шыдаман!

Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ұран десермін,

Ат құйрығын кесермін» – деп, Есім ханға өзінің өкпесін, осал емесін

білдірген жырау:

- A) Жиёмбет жырау
- B) Үмбетей жырау
- C) Қазтуған жырау
- D) Доспамбет жырау
- E) Ақтамберді жырау

77. Жиёмбет жыраудың ойраттармен соғысы болған жыл:

- A) 1620
- B) 1624
- C) 1625
- D) 1629
- E) 1630

78. Жиёмбет жыраудың ойраттармен болған соғыста басқарған жүзі:

- A) Кіші жүз
- B) Орта жүз
- C) Ұлы жүз
- D) Барлығы дұрыс
- E) Дұрыс жауабы жоқ

79. Жиёмбет жырау неше ағайынды:

- A) 3
- B) 2
- C) ағайыны жоқ
- D) 1
- E) 5

80. Жиёмбет жырауды Жайық бойындағы қалмақтардан босатқан батыр:

- A) Сырым батыр
- B) Байбақты батыр
- C) Жолымбет батыр
- D) Қабанбай батыр
- E) Бөгембай батыр

81. «...Қол-аяғым бұғауда,
Тарылды байтақ кең жерім!

...Ақ ісімді жасырмай,
Атқа мінген ер едім,

Қашырды бүйтіп елімнің» – деген жыр жолдарының авторы:

- A) Жиёмбет жырау
- B) Марғасқа жырау
- C) Бұқар жырау
- D) Доспамбет жырау
- E) Қазтуған жырау

82. Марғасқа жыраудың бізге жеткен жалғыз өлеңі:

- A) «Еңсегей бойлы Ер Есім»
- B) «Өлеңге тоқтамайды Шал ақының»
- C) «Өрлігінді сұрасаң»
- D) «Тоғай, тоғай, тоғай су»
- E) «Белгілі биік көк сеңгір»

83. Марғасқа жыраудың толғауы «Ертедегі әдебиет хрестоматиясына» енгізілген жыл:

- A) 1967
- B) 1867
- C) 1977
- D) 1962
- E) 1865

84. Марғасқа жырау өмір сүрген хан тұсы:

- A) Есім хан
- B) Тәуке хан
- C) Абылай хан

- D) Жәңгір хан
- E) Хақназар хан

85. Марғасқа жыраудың бізге жеткен жалғыз өлеңіндегі сарын:

- A) Батырлық
- B) Қорқақтық
- C) Өшпенділік
- D) Екіжүзділік
- E) Адамгершілік

86. Марғасқа жырау жөнінде зерттеген ғалым-жазушы:

- A) Мағауин М.
- B) Әуезов М.
- C) Уәлиханов Ш.
- D) Қалиев С.
- E) Кекілбаев Ә.

87. «Қол-аяғым бұғауда

Тарылды байтақ кең-жерім», – деген ой кімге тиесілі:

- A) Марғасқа жырауға
- B) Майқы биге
- C) Әнет бабаға
- D) Бұқар жырауға
- E) Шал ақынға

88. Марғасқа жыраудың Есім ханға қатыстық жағы:

- A) Жорықшы жырауы
- B) Ақыны
- C) Нөкері
- D) Ақылгөйі
- E) Қолбасшысы

89. Өзі өмір сүрген ортадағы, сол кезеңдегі атақты басшыларының әдеби кейпін, өшпес бейнесін жасаған жырау:

- A) Марғасқа жырау
- B) Жиёмбет жырау
- C) Бұқар жырау
- D) Асан Қайғы жырау
- E) Үмбетей жырау

90. «Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын,
...Алғалы тұр жаныңды
Шапқалы тұр қолыңды!..» – деген жыр жолдарының авторы:

- A) Марғасқа жырау
- B) Жиёмбет жырау
- C) Асан Қайғы жырау
- D) Қожаберген жырау
- E) Доспамбет жырау

91. Ақын-жыраулар поэзиясының тәрбиелік мәнін, педагогикалық негіздерін зерттеуге үлес қосқан ғалым:

- A) Қалиев С.
- B) Бөлеев Қ
- C) Мағауин М.
- D) Дербісәлин Ә.
- E) Табылдиев Ә.

92. Жыраулық поэзия дамыған дәуір:

- A) Алтын Орда
- B) Орта ғасыр
- C) Қазақ хандығы
- D) Қырым хандығы
- E) Қоқан хандығы

93. Жыраулардың ғұмырбаянынан тұңғыш дерек берген ғалым:

- A) Мағауин М.
- B) Кенжебаев Б.
- C) Егеубаев А.
- D) Тәжібаев Т.
- E) Әуезов М.

94. Жырау поэзиясының негізгі сарындары: ұлт-азаттық күрес, заман күйі, пенделік ғұмырдың жеке бас көңіл-күйі, адамның жас шамасы, опасыз жалған дүние, ...

- A) Ұрпақ тәрбиесі
- B) Отбасы тәрбиесі
- C) Қылмыс мәселесі
- D) Денсаулық мәселесі
- E) Ар-ождан мәселесі

95. Қазақ өлкесінде ақын-жырауларға бай өлке:

- A) Сыр
- B) Қарағанды

- C) Маңғыстау
- D) Ақмола
- E) Көкшетау

96. Өлең-жырдың ішінде қайғылы көңіл-күйге байланысты жыр:

- A) Қоштасу
- B) Жырлау
- C) Оралу
- D) Кездесу
- E) Жоқтау

97. Аса бай, өшпейтін, ғажайып туындылар қалдырған, жыраулар поэзиясының толысып, түрленіп, гүлденген дәуірі:

- A) XVIII
- B) XVI
- C) XVII
- D) XV
- E) XIX

98. «Жыраулық өнер өзінің табиғи даму барысында ежелгі түркі әдебиетіне тән жалпылама өсиет ғибрат айту шеңберінен шығып, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірді білдіретін, күллі қазақ елінің тынысын аңғартатын қоғамдық күшке айналды», – деген ойдың авторы:

- A) Келімбетов Н.
- B) Мағауин М.
- C) Сүйіншәлиев Х.
- D) Марғұлан Ә.
- E) Өмірәлиев Қ.

99. Алғаш Жетісуда қазақ хандығы құрылған дәуір:

- A) XV ғасырдың аяғы, XVI ғасырдың басы
- B) XVI ғасырдың аяғы, XVII ғасырдың басы
- C) XIV ғасырдың аяғы, XV ғасырдың басы
- D) XVII ғасырдың аяғы, XVIII ғасырдың басы
- E) XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың басы

2. XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар мұраларындағы гипертрофия тәрбие

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ел келешегі – жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты» – деп айрықша атаған. Мемлекетіміздің тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңінде негізгі мақсаттарымыздың бірі – тәрбиені ұлттық, халықтық тәліммен сабақтастыра жүргізу, ұрпақ бойына ұлттық адами-рухани құндылықтарды сіңіру.

Келешек қоғам мүшелерін ұлт өмірін өркендететін, жан-жақты жетілген ұлтжанды рухы биік, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісін кең етіп тәрбиелеуде «Тәрбиені ұлттық тәліммен сабақтастыра жүргізу керек»⁵⁴ – дейді белгілі ғалым Ә.Табылды. Ал, кезінде грек ойшылы Аристотель: «Біз тәрбиеде халық тәжірибесіне сүйенеміз»⁵⁵ – деген.

Ұрпақ тәрбиесі – ол еліміздің болашағының, ертеңінің қамы. Жалпы халқымыздың бала тәрбиесі жөнінде ата заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар. Халық сол тәжірибені пайдалана отырып, өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнділікті үйретіп, бала бойына сіңіруге тырысқан.

Қазақ халқының тәрбие дәстүрі қай халықтан болса да кем түсіп көрмеген.

Ол жөнінде ағартушы-педагог М.Жұмабаев: «Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан сол ұлт тәрбиесімен тәрбиеленуге міндетті»⁵⁶ – деп түйіндеген.

Этнотәлімгер-ғалым Ә.Табылды: «Біз халық тәрбиесін тірек тұтамыз. Адамзаттық асыл мұралар халық тәжірибелері арқылы қалыптасқан»⁵⁷ – деген. Шындығында, әрбір халықтың тәлім-тәрбие дәстүрі оның ұлттық мәдени мұраларында көрініс тапқан. Барлық адамзат қоғамы өзінен бұрынғы мәдени-асыл мұраларындағы тәрбие дәстүрін пайдалана отырып, жалғастырушы иегері болған.

Энциклопедист-ғалым Ш.Уәлиханов: «Халық кемеліне келіп, өркендеуі үшін, ең алдымен азаматтық пен білім керек» деп өте орынды айтқан. Ендеше, ел тарихын жан-жақты жетік білетін білімділікке, заман талабына сай елге тірек, нағыз ұлттық тұлға болатын азаматтыққа тәрбиелеуде мәдени мұраларымыздың арналы саласы – жыраулар поэзиясындағы ауқымы кең, түбірі терең, озық ойлы тәлім-тәрбиенің орны ерекше.

Жыраулар туған ел, оған деген сүйіспеншілік, елдің бүтіндігі мен бірлігі және өмір жайлы, достық, адамгершілік, тіршілік жайлы, халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған халық батырларының ерліктері жайлы сыр шерткен.

Жыраулар мұраларында елдің әлеуметтік тіршілігі, халық тағдыры, арман-мұратымен бірге адамгершілік, этика, мораль мәселелері кең орын алған. Оларда бүгінгі жастар тағылым алар дүниелер молшылық.

Мәселен, жоңғар шапқыншылығы кезінде халықтың береке бірлігін, Отанға адалдығын сақтау, намысты қолдан бермеу, өз Отанын жаудан аянбай

қорғау – ат жалын тартып мінуге жарайтын қазақ баласының қасиетті борышы екендігін ақын-жыраулар мұрасынан көреміз.

XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген Ақтамберді жыраудың:

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап, –

деген жыр жолдарымен Бұқар жыраудың:

Ер жігітке жарасар
Қолына алған найзасы,
Би жігітке жарасар
Халқына тиген пайдасы –

деген өлең жолдарында елін сүйер азаматтыққа, батырлық пен батылдыққа, елжандылыққа шақырып, Отанға пайдалы азамат болуды еске салады.

Бұл ағартушы-педагог М.Жұмабаевтың 14 ірі бөлімнен құрылған, қазақ топырағында тұңғыш жарық көрген «Педагогика» еңбегінің «Құлық сезімдері» бөліміндегі: «Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін» деген пікірімен сабақтас.

Отансүйгіштік сезімді ардақтап, батырлық ерлікті мадақтаған, ақылдылық, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген шығармалар жас ұрпақты ұлттық бірлікке Отанын, елін, жерін сүйуге, ұлттық тәуелсіз мемлекетті нығайтуға тәрбиелеуде маңызы зор.

Бұл бөлімде халқымыздың XVIII ғасырдағы өмірін, әлеуметтік тіршілігін, ой санасы мен көзқарасын өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген Қожаберген жырау, Ақтамберді жырау, Тәтіқара ақын, Үмбетей жырау, Бұқар жырау, Шал ақын мұраларындағы өшпес, өлмес тәлім-тәрбие дәстүріне тоқталмақпыз.

Қожаберген жырау

Өткен күннің шежіресін сырдай шертіп, қазақ қоғамындағы ірі оқиғалардың куәсі болып, қаруы мен қаламын тең ұстаған жыраулардың бірі – Қожаберген Толыбайсыншыұлы.

Артына мол поэтикалық мұра қалдырған ақын-жырау XVIII ғасырдағы әдебиет тарихына енбей, қағаберісте қалған. Жыраудың қазіргі уақытта өмірі мен өнерниетіне қатысты деректер жинақталып, XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихындағы орны айқындалуда.

Бұл жөнінде зерттеуші Т.Тебегенов: «Жазушы Нәбиден Әбутәлиев (Қожаберген жырау, «Жұлдыз», №3, 1984 ж., «Елім-ай» жырының авторы кім?, «Алматы ақшамы», 28-қыркүйек, 1988 ж.; «Елім-ай» – ел гимні, «Жас алаш», 17 желтоқсан, 1991 ж.; Қазақта Қожаберген батыр нешеу?, «Халық кеңесі»,

14-тамыз, 1992 ж.), экономист-ғалым Шаймұрат Смағұлов («Мәдениет», №10, 15-31 мамыр, 1993 ж.), Монғолияның Баян-Өлгий аймағындағы қазақтар арасындағы Қожабергенге қатысты деректерді жазған Р.Б.Ұятхан («Шалқар», №43, 22 қараша, 1992 ж.) сынды азаматтар Қожабергеннің шығармашылық өмірбаянына қатысты деректерді жинап, мерзімді баспасөз беттерінде жариялап жүр»⁵⁸ – деген.

Қазақ елі тарихында жырау, ақын, жауынгер қолбасшы, ел қамын жеген қайраткер ретінде танымал болған Қожаберген 1663 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Гүлтөбе – Маманай жерінде аса сыншылығымен әйгілі болған Толыбайсыншының шаңырағында дүниеге келген. Әкесі әскери қолбасшы, әрі би, әрі шешен кісі болған. Анасы – Ақбілек әрі батыр, әрі би Айдабол Құлболдының жалғыз қызы екен. Бала кезден нағашылары – Жалаңтөс батыр ұрпақтарының тәрбиесінде болып, Үргеніш, Бұқара, Самарқанд медреселерінде оқыған Қожаберген он үш жасынан өлең шығара бастаған. Білімді де білікті жырау мемлекеттік маңызды істермен айналысып, Әз Тәукенің сенімді елшісі болады. Жыраудың бұл өмір деректері өзінің:

Толыбайсыншы кенжесі ем Қожаберген,
Бата алған Әнет пен Әз Тәукеден.
Күйзелген ел жағдайын көзбен көріп,
Өзегім өртеңген соң айттым өлең

Тіліне араб-парсы болдым-жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп,
Көрші елге елшілікке ылғи барып,
Мен жүрдім қазағыма қызмет етіп –
деген жыр жолдарында бейнеленген.

Жалынды жыраудың ел ішіндегі опасыздармен күресіп, оларды сынға алған айбарлы тұлғасы, басқыншы жаумен айқасқан рухы биік батырлығы, қайраткерлігі, ерлікті, елдікті дәріптеудегі әділдігі мен шешендігі өз өлең-толғауларында көрініс тапқан. Оған «Баба тілі» дастанындағы:

Ерте жанған шырақпын
Оңайлықпен сөнбейтін...

Қорғағам елді, ханды да
Қалмақтар қанат жайғанда...

Таймаған жаудан жүрегім
Талмаған болат білегім –
деген өлең үзінділері, осы туындыдағы:

Таза тілің тұрғанда,
Неге керек шұбар тіл?!
Баба тілде дәріс ап
Тіршілікте өнер біл! –

деп туған тілдің беделін көтеруге үндеуі,

Қазақтың тілін қорғай біл,
Әлеумет, Сізден тілегім! –
деп болашақ ұрпаққа аманат етуі дәлел.

Қожаберген жыраудың өлеңдерінің (толғаулары, ән өлеңдері, тарихи өлеңдері, дастандары) қайсысын алсаңыз да халық тұрмысы, халық жайы, ерлік, елдік, адамгершілік, бірлік, достық, татулық, теңдік мәселесін көтергенін, өзі куә болған оқиғаны деректілікке негіздей жырлағанын көреміз.

Ғалым Т.Тебегенов: «Жинаушы азаматтардың деректеріне және басқа да қолжазбаларға, жарияланған мұраларына сүйене отырып: толғаулары («Ғасыр жас», «Жастық»); тарихи өлең-жырлары («Ата тек», «Қызылжар», «Қарасары», «Балта керей соқыр абыз», «Қойлыбай көреген», «Төрт жігіт»); ән-өлеңдері («Дүние», «Ақ сауыт», «Жігіттік», «Шилі өзен», «Сылаң Сыр», «Балқан, Балқан, Балқан тау», «Шоңғал, шоңғал шоңғал тас» т.б.); дастандары («Баба тіл», «Елім-ай!», «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Ер Сырым», «Қасқа жолды ер Қасым», «Қабанбай батыр», «Ер Жәнібек», «Орақ батыр», «Қорқыт баба»); күйлері («Дабыл», «Елім-ай», «Бозайғыр», «Аңырақай», «Күлдірмамай» т.б.) деп саралауға болады»⁵⁹ – деген.

Ал жыраулардың өмір жолы мен мұраларының қалай ақталғаны жөнінде Н.Әбутәлиевтің зерттеулерінде мағлұмат берілген. Н.Әбутәлиевтің, Қ.Биғожиннің айтуынша, толып жатқан дастан-жырлар туғызған Қожабергеннің әдеби мұрасын жинап, сақтаған – Сегіз Сері. ҚРҰҒА Қолжазба қорындағы Сегіз Сері шежіресінде Қожаберген жырау жайлы едәуір дерек бар.

Халқының апатты ауыр халін, оның жан төзгісіз салмағын өз көзімен көріп, қасіретті соғыстың бастан-аяқ бел ортасында болған қолбасшы әрі төрт-бес тілді меңгерген білімді, көріпкел бабамыз Қожаберген жыраудан қалған рухани қазыналарымыздың бірі – «Елім-ай» қисса дастанында XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басындағы қазақ қауымының бар болмысы, тарихи шындығы ащы әшкерлене реалистікпен суреттелген.

Жұртымнан неге аяйын өнерімді,
Жоғалтпан тірі жүрсем беделімді.
Халқымның ауыр халін баян етіп,
Бастайын «Елім-ай» деп өлеңімді, –

деп халқының күйзелісін ел ішіндегі алауыздық-сатқындықтарды, көршілердің жауыздық, қатыгездік, геносидтік саясатын сын көзімен сынай күйіне әшкере етіп, келер ұрпақтың көкірек көзі ояу болып, өткен ауыр күннің шежіресін білсін деген ниетпен жыр жолдарын өрімдеген.

«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған зұлмат күндеріндегі ел қайғысын өз қайғысы ретінде қабылдаған жырау:

...Ел едік, егін егіп, бейбіт жатқан,
Күтпеп ек жау болар деп пәле баққан,
Қысқа қам жасауға да үлгерместен,
Жолықтық қалың жауға дабыл қаққан.
...Болды ғой заман ақыр япырым-ау,
Жарар еді қазақ қалса апаттан сау,

Үлгертпей елден сарбаз жиюға да,
Соқтықты қапияда мейірімсіз жау¹²... –

деп дархан пейілді, момын халықтың жазықсыз апатқа душар болғанын күйзеле, ашына жырлайды.

Қазақтың сахарасы жүз құлпырған,
Қытай мен Ресейді қызықтырған –

деп жерінің асты-үсті қазынаға толы, даласы мыңғырған малға толы қазақ жеріне қызыққан Ресей, Қытай империясының көксеген арман-мүддесі – отарлау екенін ащына айшықтаған. Отарлаудың оңай жолы – қазаққа қалмақты айдап салып, өзді-өзін қырғызу арқылы босаған жерлерді емін-еркін иемденбек болған арамза ниетін:

Ресей қалмақтарға қой демеді...
Жердің елсіз қалғанын хош көрді орыс,
Оларға қажет болды иесіз қоныс, – деген

немесе,

Ресей, Қытай, қалмақ сұм ақылдасып,
Алмақшы қазақ жерін үшке бөліп –

деп күйзеле толғаған.

Қазақ жерінен дәмеленген Орта Азия хандықтарының саяси соқырлығына күйінген жырау:

Туысқан болыса алмай туысқанға,
Ұқсап тұр бүгінгі күн шын дұшпанға –

деп шындық көріністерін дәл басып, көрегендікпен кектене кестелеген.

Елін сүйген ер халықты бірлікке шақырып, бас сауғаламай елі, жері үшін атқа қонуын талап етіп, қазақ жауынгерлерін жігерлендіре, қиындықты жеңе білуге, шыдамдылыққа үндеп:

...Шабуылы жау қалмақтың күшті екен деп,
Кетпендер жаудан қорқып, тарап бәрің, –

деп, елдігін сақтап қалар ерлікке, ерліктің бастауы намысшылдыққа шақырды. «Бөгеуге күшті салып жанталастым, Жасымнан торғауытпен найзаластым» деген ер ақын қан майданның бел ортасында жүріп, қол бастап, батырлық, ерлікпен шайқаса жүріп, ерліктің, елдіктің насихатшысы да бола білді. Еліне деген сүйіспеншілігінен, өр намысынан, қазақтың елдігін сақтап қалу арманынан туған өзінің күш-қайратын, жігерлі де кекті қозғалысын бірде:

Сол кезде өзімді-өзім тоқтата алмай,
Ұрандап «Ошыбайлап» салдым айғай.
Сілтедім оңды-солды көк найзаны,
Жығылды талай дұшпан салып ойбай –

деп жырласа, бірде:

Қолбасшы батыр болмасам,
Кебелі сауыт кимейтін.
Ту ұстайтын болмасам,
Арабы ақ боз мінбейтін.
Талапты жігіт болмасам,

Ұрандап жауға тимейтін.
Майданда жауды жеңбесем,
Қызық дәурен сүрмейтін –
деп батырлық, айбарлы тұлғасын суреттейді. Жауынгер жырау шығармаларында «Ел қорғар ер» болудан артық бақыт жоқ деген идеяны үндейтін жыр жолдары молшылық.

Жауынгерлердің ерлікке бастар намысын қайрап, жігерін жарқыратып, қанатын қатайтып, еңсесін түсірмей рухын көтеріп:

Жорықта жолың болсын азаматым,
Болыңдар жаудан кекті қайтаратын.
Кеудеңде шыбын жаның болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын –

деп «намысты ерлік» елдікті сақтайтынына сенім білдіре, ел азаматтарына ақ тілекпен үлкен үміт арта, тәуекелге шақырып, ерлікке, елдікке үндейді.

Бұл соғыс қазағыма қатты батты,

Қара жер боздақтарын жұтып жатты –

деп жойқын апатқа ұшыраған халқының күйзелісіне күйініп, ызалы кек пен өксікке булыққан ақын ашына:

Майданда өл, жауға тірі берілмендер,

Төкпеңдер жау алдында беттің арын –

деп сардарларды рухтандыра, жігерлендіре жырлайды. «Жаным – арымның садағасы» деу ерлердің ісі дегенді уағыздайды.

«Өз елін қорғап өлген ердің арманы жоқ» деген ойды ерекше леппен:

Үйде, түзде болсаң да, бір-ақ өлім

Дұшпаннан алған дұрыс елдің кегін –

деп әр азаматты «бар өмірін еліне, халқына арнауына, жауға төтеп бере алатын беріктікке, шыдамдылыққа, табандылыққа, тектілікке үгіттей жырлаған.

Ер азаматтан еліне қорған, пана болуды тілеген ақылгөй жырау:

Өрлей түс қыран құстай көкте қалқып,

Үш жүзді соңыңа ерт түгел қамтып.

Дұшпанға тіршілікте басыңды име,

Жайнай бер, жанып тұрған отша шалқып, –

деп ер-азаматтарының намысын жауына таптатпайтын қаһарман ер болса деген арманын ерекше зор шабытпен, баталы тілекпен тебірене жырлайды.

Жалпы жырау жырларының тарихи деректілігі мол, тәрбиелік тағылымы терең, тақырыптық ауқымы кең.

Көргені көп, білгені мол жыраудың көздегені – адамды азаматтыққа, азаматтыққа қамқоршы болуға, адамгершілікке, өнегелі тірлікке үндеп, Отанын, туған жерін, Атамекенін қорғап, елдің бүтіндігін сақтап, бірауызды береке-бірлікті насихаттап, оны ұрпақтың ұрпағына аманат етуі.

Ақылшы жырау:

Бұл келген заман болды бастарыңа,

Тоқтарың қайырыла жүр аштарыңа

немесе,

...Әр уақыт тобың жазбай бірге жүрсен,
Татисың аз да болсаң, іргелі елге, –
деп ғибратты даналығын ақылгөйлiкпен уағыздайды.

Жырау жырларынан әр адамның бойына елжандылық, Отаншылдық, елін сүйер намысты ер, қаһарман азаматтықты дарытуға ұмтылғанын көреміз. Бұл сарын қазіргі таңда «ел тірегі – ұлы тұлға» тәрбиелеуде өзіндік рөлі мол.

Ақтамберді Сарыұлы

XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген жырау, қолбасшы батыр, қоғам қайраткері Ақтамберді Сарыұлы туралы Қазақ Совет энциклопедиясының 1 томында: «Қазақ тарихындағы аласапыран кезеңде өмір сүрген ...дәулетті шаруаның семьясында туған»⁶⁰, – десе, Қазақ ССР тарихында: «Ол – жоңғарларға қарсы жорықтарға қатысқан батыр, ерлік қимылды аңсаған қаһармандық күрестің жалынды жыршысы, замана қауымына танымал жырау, аты әйгілі ақын»⁶¹ – делінген.

Халық оны жоңғарларға қарсы жорықтар кезінде қол бастап, ерлік көрсеткен батыр, өзінің өжет те өткір сөзімен қалың қауымға әсері күшті болған жалынды жырау дейді.

Осындай заманының ірі қайраткер-азаматы, суырыпсалма өнерінің өкілі, аты шулы ақын, жалынды жырау Ақтамберді Сарыұлы қазіргі Семейге қарасты Аягөз өңірінде туып-өскен. Найман елінен шыққан әкесі – Сары, шешесі – Сырбике. Ол 1675 жылы дүниеге келіп, 93 жыл жасап 1768 жылы дүниеден қайтқан.

Оның толғауларының мазмұнынан өмірі жайлы, өмірден көрген өгейлікті басынан кешкен қиын сәттерді өрнектеген, адамзаттың азаматтық борышы мен адамгершілік қасиеттері жайлы тәлімдік ой тастап, өсиет айтқан, халық тәуелсіздігін аңсап, ерлікті ерекше дәріптеген, халқының бақыты үшін алдына қойған мақсатынан, берген серті мен арманынан нағыз ұлтжанды, патриот жырауды танысың.

Ақтамберді жырау өзінің жырларында тарих айта бермейтін жағдаяттарды, көкірегіне түйгенін салмақтап, саралап қана айта білген. Жыраудың:

Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп,
Жасым жетпей он беске...

...

Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін –

деуінен атадан жалғыз болып, 15-16 жасқа дейін жоқтықпен өмір кешіп, мейірімсіз жақындардың түрткісін көп көргенін аңғарасың. Пысық, елгезек, жетелі жас бала:

Қазір әлсіз болсам да,
Үмітім бар ақырдан –

деп түбінде жақсылықтың жеңетіндігіне сенеді, мойымайтындығын ескертеді. Жау қорлығын көрген еліне пана болуды арман еткен жырау өзі ер жетіп, қайраты толған кезде ел мүддесін ойлауға серт береді, ел тағдырына толғанады. Жаулардың көрсеткен қорлық-зорлығынан елін азат ету азаматтық борыш деп түсінген Ақтамберді жырау 17 жасынан қалмақ шапқыншылығына қарсы соғысқа қатысады.

Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым
Жеткіз деп құдай тілекке! –

деген жыр үзіндісінен қазақ еліне, туған жеріне деген елжандылық сезімі 17 жасында толық қалыптасқаны байқалады. Жырау жырларындағы елжандылық ой қазіргі қазақ жастарына рухани нәр болары анық.

Ақынның «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын толғауында жалаулы найза қолға алып, елге қорған болар батыр үні естіліп, өзінің алдына қойған асқан арман-мақсаты, өршіл ойы термеленеді.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз,
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екенбіз.
Сырттан сауыт киген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол қашырар ма екенбіз.
Жалаулы найза қолға алып,
Жау қашырар ма екенбіз?!

...

Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарар ма екенбіз!
Ел жазылып жайлауда
Жақсылар кеңес құрғанда
Мұртымыз өрге шаншылып,
Бұрын да сөйлер ме екенбіз!
«Ақтамберді қолы» деп,
«Жанайдың салған жолы» деп,
Жақсы атанар ма екенбіз! –

деп жүйрік ат мінуді, сұлуды сүюді, жауын бытыратып атып, жеңіспен оралған соң қоныс қарауды, жайлауда жазылып отырып кеңес құруды армандайды.

Жырау жырында ерекше леппен жауынгерлікке, ерлікке жау алдында батылдыққа, табандылыққа үгіттеу идеясы бар. «Өз елін қорғап өлген ердің арманы жоқ» деген ой-пікірді уағыздайды.

Елін, жерін, ауыл-аймағын, бала-шағасын, Хиуа, Қоқан хандықтары мен қалмақ, қытай шапқыншыларының талан-таражынан қорғауы, бар өмірін еліне, халқына, оның елдігінің бүтіндігін сақтап қалу жолына арнауы әрбір азаматтың азаматтық борышы.

Садақтың оғын мол салып,
Бетпақтың ең бір шөлінен
Төтелеп жүріп жол салып,
Қолды бір бастар ма екенбіз?!
Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бостырып, –

деп толғаған арынды жауынгер жыраудың екпінді леппен жеңісті айқасқа үндеген арманы халық көкейіндегі арманды ойлармен қабысып жатыр.

Ақтамберді жырау толғауларындағы елін шапқыншы жаудан қорғауда жан сауғаламай соғысуға үндеген жалынды насихат сарыны – «ел тірегі ерлерді» ерлікке бастары анық.

Ақтамберді – «Елі үшін еңіреген» ерлердің бірі, ел шетіне қорған, халқының кегін алып, «қатын-бала қамы үшін» қылышын сермеген, мақсаты айқын, айбынды жырау.

Ерлер жортар мал үшін,
Қатын-бала қамы үшін,
Әркім өзі талпынбақ,
Басына бітер бағы үшін –

деген мақсатты соғыстың жеңіске жетуі – елін сүйген, намысты, елжанды ерлердің арманының айғағы.

«Ерді намыс өлтіреді» демекші, жырда:
Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас.
Уа, жігіттер, жандарың
Жаудан аяй көрмеңіз... –

деп ұран тастаған жырау үні естіледі.

Елін, жерін сүйетін патриот жырау өзінің арман-тілегін, жауға қарсы аттанудағы мақсатын:

Кейде бір жерді жол қылсам,
Шөлді бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам, –

деп термелейді.

«Халық үшін жан пида» деп қол бастап жүрген батыр-жыраудың:
Жалынды жүрек қан қайнап,
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап –

деген жыр жолдарында елінің бас бостандығы үшін жаумен жан аямай, кескілескен күреске шақыру, қазақ елінің ата-мекенін, кең қонысын, бейбіт өмірін сақтап қалу идеясы жатқаны мәлім.

Ақтамберді жырау толғауларында «ермін» деген жігіттің әр тұста елі үшін ерлік көрсетуін, заманы мұқтаж етіп отырған ер-азамат болуын уағыздайды.

Ел шетіне жау келсе,
Алдыңа сірә дау келсе,
Батырсыңған жігіттің
Күшін сонда сынаса! –

деп, жігіттің жігіттігі қиын қыстау кезінде сыналады дегенді меңзейді.

Ойраттармен арадағы соғыста асқан ерлігімен, жалынды жырымен, қазақ жерін аман алып қалуда ерен батырлығымен көзге түскен Ақтамберді жырау өзінің ерлік тұлғасын:

Сыртым – құрыш, жүзім – болат,
Тасқа да салсаң, майырылман! –

деп өрнектеуінен батырдың қайсар мінезін қапысыз танысың.

Жаудан қорғалған елдің бақ-дәулет, өмір қызығы бейбіт еңбек, тату-тәтті бірлік, әділетті билікте деп ұғынған, «Жақсыдан әкім қойсаң, елді түзетер, Жаманнан әкім қойсаң, елді жүдетер» деген халық даналығын негізге алған жырау бұл тақырыпқа да жыр толғап, «Халқы тозып, кем болмас, әділ болса ұлығы» деп халық тағдырын ел басқарған әкімдердің әділдігімен байланыстырады.

Ел бастайтын, ел қамын ойлайтын, халыққа басшылық жасап, жол көрсететін әкімдерді, білімді де білікті жалпы ақылды, жайдары, кішіпейіл, ары таза, әділ азаматты ардақтай суреттеу арқылы кейінгі жастарға ізгіліктің үлгісін көрсетіп, ақыл-кеңес береді.

Білімді туған жақсылар,
Аз да болса көппен тең.
Жақсысы кеткен ауылдың,
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен шөппен тең, –

деп мақал-мәтел мақамымен әділдікті, білімділікті байыптай уағыздаған.

Жырау әділетсіз әкімнен, қайырымсыз байлардан аулақ болуға шақырып, олардың пендешілік, өзімшілдік, тәкәппарлығын:

Мал-басы өскен адамның,
Алды-арты бұрқан бу болар.
Өзінен-өзі зор болар,
Жетім менен жесірге,
Қазары ылғи ор болар –

деп жирендіре сынайды.

Атадан жалғыз боп шерлене өскен жырау халық даналығындағы «Жалғыздың аты шықпас, жаяудың шаңы шықпас» деген ойды өрбіте:

Атадан алтау туғанның
Жүрегiнiң бастары

Алтын менен бу болар.
Атадан жалғыз туғанның
Жүрегiнiң бастары
Сары да жалқын су болар,
Жалғыздық, сенi қайтейн!.. –

деп ру iшiндегi көп ағайындылардың атадан аздарға зәбiр, запа көрсетiш,
өктемдiк етуiн қапамен бейнелейдi.

Жағаға дұшпан қолы тимеске
Артында туысқанның көбi игi...
Ағайының көп болса,
Улы шерiк қолмен тең –

деп, береке-бiрлiгi ұйысқан ағайынның көптiгiн «Көптi жау алмайды» деген
оймен ұштастыра суреттеген.

Ақтамбердi жырау мұсылман баласы үшiн ата-ананы құрметтеу қасиеттi
Меккеге бару парызынан да артық деген ойын:

Мекенi iздеп нетесiң,
Меккеге қашан жетесiң,
Әзiр Меке алдыңда,
Пейiлiңмен сыйласаң,
Атаң менен анаңды! –

деп толғаған.

Сондай-ақ ақын адамгершiлiк идеяларына көңiл бөлiп, адамның
артықшылығы оның мiнезi мен ақылы, бiлiмi мен бiлiктiлiгiнде, жайдарлылығы
мен жомарттығында, шынайы шыншылдығы мен әдiлеттiлiгiнде, арлылығы
мен еңбекқорлығында екенiн өз жырларына арқау еткен.

Мiнездi болса жолдасың,
Күнде сонар қызбен тең.
Жаман болса жолдасың,
Астыңнан өткен сызбен тең

немесе,

Өз мiнiн бiлген жiгiттiң,
Тәлiмiнде мiн бар ма?! –

деп оқырманға тәлiмдiк ой тастайды.

Ақтамбердi жырау жырлары – ақыл, нақыл, афоризмдiк толғауларға
құрылған.

«Балаларға өсиет» деген өлеңi – келешек жастарды бiрлiкте, ынтымақта,
татулықта болуға уағыздаған, ақыл-нақылға толы дана сөздер. Мәселен,

Бiрлiгiңнен айрылма,
Бiрлiкте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке,
Араз болсаң алты ауыз
Елiңе кiрмес береке –

деп, ел келешегі жастарға ауыз бірліктің елді арман-тілегіне, мақсат-мүддесіне жеткізетінін ескертіп, халқын алауыздықтан сақтандырады.

Халықтың іргелі ел, берекелі жұрт болуын армандаған Ақтамберді жырау туралы: «Ақтамбердінің түйіндеуінде адам тірлігінің мұраты – жатқа жақыныңды жылатпай, ағайын-туған арасында береке-бірлікте ғұмыр кешу»⁶² – делінген.

Енді бірде жырау адал кәсіппен айналысып, берекелі ел болып, бейбіт тіршілік қамын ойлап, кәсіптің берекелі түрі мекен теуіп, егіншілікпен шұғылдану тәрізді мәселелерді де жырларына арқау еткен.

Нашар қайтып күн көрер,

Егін салар құлқы жоқ.

Босып жүр әне тоқтамай,

Мекен еткен жұрты жоқ.

Жастарды тәрбиелеуде жүйрік тілді Ақтамберді жырау өмірі мен өрелі ойлы өнериетінің маңызы зор.

Тәтіқара ақын

XVIII ғасырдағы ақын-жыраулардың көрнекті өкілдерінің бірі – Тәтіқара ақын. Зерттеушілердің пікірлеріне қарасақ, ақынның саналы ғұмыры Абылай хан төңірегінде өткен. Ал Абылай хан жорыққа аттанғанда Тәтіқара ақынды қасынан тастамаған екен. Ол – Абылай сарбаздарының айтулы да құрметті жырауы болған. Қалмаққа қарсы жорыққа қатысып, жауынгерлер рухын көтеретін ерлік туралы көне заман жырларын айтып, оған қоса айқас үстінде, қиын-қыстау шақтарда оларды күреске, батылдық пен қиындыққа мойымайтын қайсарлыққа үндейтін өлеңдерін табан астында шығарып, сарбаздарға жігер беріп, бойларына күш дарытқан-ды.

Тәтіқара ақынның бізге жеткен «Қамыстың басы майда, түбі сайда», «Кебеже қарын, кең құрсақ», «Кеше тоқыраулы судың бойынан», «Ассалаумағалейкум, жақсылар мен қасқалар!» деп басталатын өлеңдеріне үңілсек, оның өз дәуірінің сөз зергерлерінің бірі, өмір шындығын дәл айтатын батыл да турашыл, жігерді шыңдап, намысты қайраудың шебері екендігін танысың. Ол:

Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,

Ер жігіттің ерлігі осындайда –

деп жауынгерлердің ерлік намысын оятып, жігерін шыңдап, ел қорғар ерлерді «Ерді намыс өлтіреді» деген халық даналығымен сабақтастыра тәуекелге шақырады.

Жорықтағы сарбаздардың еңсесін түсірмей жігерлендіріп, рухын көтеру үшін суырыпсалма ақын Тәтіқара әр рудың қол бастаған батырларын асқақтата көтермелеп, намысын қайрай ерлікке үндеген. «Жаным – арымның садағасы» деу ерлердің ісі дегенді уағыздайды.

Қамыстың басы майда, түбі сайда,

Жәнібек Шақшақұлы болат найза,
Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
Дәрбісәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы,
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын,
Сары менен Баянды айт Уақтағы –

деп әр батырдың ерекше қасиеттерін ерлік істерін үлгі ете сипаттайды. Жәнібек Шақшақұлын саспайтын, батыл «болат найза» батыр десе, Сары мен Баянды табанды, қайтпас батыр, шабуылды бастайтын деп үлгі ете дәріптейді.

Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт...
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт –

деп қайтпас батырлардың өшпес ерлігін паш етіп, қалың қолды ажалдан құтылуға үндейді.

Елінің ар-намысын қорғай білетін азаматты дәріптеудің, үлгі-өнеге етіп ұсынудың ерлікке, төзімділікке, қажырлылыққа, тәуекелшілдікке үндеудің жастарды тәрбиелеуде маңызы зор.

Ақын сұрапыл майдан үстіндегі «елі үшін еңіреген ерлердің» жеңісті ерлігін, кейбір айқастағы табансыздық көрсеткен жеңілісті сәттерін де жасырмай жырлаған. Айқас алаңында жүректі жарып шыққан:

Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алғанда,
Ер Абылай қорыққан жоқ,
Әншейін еңкейе бере жылысты... –

деген шумақтан шайқас елесін көресіз.

Бәсентиін Сырымбет
Оқ жіберіп ұрысты.
Ақыл қалмас қашқанда,
Дегбір қалмас сасқанда,
Баяндай ерді көрмессің

Бұрылып жауды шанышқанда... –

деген шумақта «Жауды өлтірсең, өлімнен құтыласың» демекші, елге пана батырлардың ерлік қасиетін толғаған.

Тәтіқара – кезі келгенде тартынбай әділдікті, кемістікті айта білген батыл ақын. Тіпті, жұрттың өзі хан көтерген Абылай ханды өткір тілін қадап, «Хан-талау қылып алыңдар!» деген.

Үш жүздің баласы
Ақылдасып, қолдасып,
Хан көтеріп еді,
Үш жүздің баласын
Бір баласындай көрмеді.
Ат құйрығын сүзіндер,
Аллалап атқа мініңдер,
Хан-талау қылып алыңдар!

Жауына қаһармандық көрсеткен батырлар сөзін сөйлеп, халық мұнын мұндаған ақынның мұндай өктем сөздері ханға ұнамай, олардың ара қатынасы алшақтайды.

Өзі кедей ортадан шыққан, жоқшылық тақсіретін көп көрген ақынның қартайған шағы да мұқтаждықпен өткен. Оны өзінің халін сұрай келген игі жақсыларға:

Ассалаумағалейкум, жайсаңдар мен қасқалар,
Адам көңілін жоқтық шіркін басқарар,
Түзде жүрсем батырмын,
Үйге келсем пақырмын.
Таңертеңгі ішкен шалап
Қарында емес, қуықта,
Ажал шіркін алыста емес, жуықта.
Түссеңдер, міне, қара лашық,
Түспесеңдер – жолың ашық!.. –

деп толғаған.

Тәтіқара – ешкімге бас имей өткен, әділ, турашыл, бетті жауынгер ақын, жортуыл жыршы, сырт жаулармен күрестің ұраншысы, жаудан қайтпайтын батыр.

Үмбетей жырау

XVIII ғасырда Целиноград облысы, Ерейментау ауданында 1706-1778 жылдар шамасында өмір сүрген, әскери жорықтарға қатысып, батырлығы да, ақындығы да қатар жүрген, ел тыныштығын көксеп өткен жалынды ақын Үмбетей жырау – дидактикалық поэзияның әйгілі шеберлерінің бірі. Жырау мақалдап, мәтелдеп, халық даналығына сүйене отырып толғайды. Оның жастайынан сөз өнеріне ден қоюына ауыз әдебиеті мен ән өнерінен хабары бар, ел тарихына қанық өз әкесінің септігі тиді. Әкеден бағыт алған Үмбетей жырау халық шежірелерінен, шешендік сөздерінен, халық даналықтарынан тағылым алған.

Жырау жырларын оқи отырып, өзінің әділетті, ақылды кісі болғанын аңғарасың. Мәселен, «Бәкеге», «Жауқашарға» өлеңдерінде әділетсіздікті әшкерелеп, «тоқымы кеппей топтанып, ел тонауға аттанып» жүрген тоғыз тентек Жауқашардың ұлын сынға алады, оларға араша түскен Бәкеге:

Не бетіңмен қорғайсың
Жауқашардың тоғызын?

...

Көрші жұртты шулатып,
Жаудай шапқан не сұмдық –

деп жаман әрекетін әшкерелеп, жауыздықтарын беттеріне басады. Жақсы қылыққа, адамгершілікке, адалдыққа үндеген жырау Жауқашарға:

Бұрала біткен емендей

Қисық туған адамсың –
деп, оның адами қасиеті мен мінезіндегі оғаш қылықтарды ащы да өткір сынап,
адамдыққа шақырады.

Жалпы жырау жырларында адамды азаматтыққа, адамгершілікке, ізгілікке,
ешкімге қиянат жасамауға үндеген.

Жырау жырларынан жанұя мүшелеріне қандай талаптармен қарағанын
аңғарасың.

Ұл он беске келгенше,
Қолға ұстаған қобызың,
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса доңызың –

деп саралап, сын таразысына сала отырып, адамның жаманының қандай
болатынын нақты түйіндейді. Жырау «Бұқарға» деген арнауында:

Үйіндегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең,
Қойнындағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең

...

Арқана артқан тұзбен тең! –

деп оқырманға өрелі ой тастайды. Жанұядағы азаматтың, әйелдің, ұлдың
міндет-мұраттарына зиялы өрнектермен тоқталған. Жанұя бірлігін,
сыйластығын, татулығын, құрметін тілеп, әр адамның жаман кесірлі
қылықтардан аулақ, жақсы істерге жақын болуын уағыздаған.

Үмбетей жыраудың шағын толғауларының өзінен көпке ақылшы, кеңесші,
білгені, көргені мол, қонақжай, мейірімді келбеті елестейді. Оған:

Кісіні көрсең есікке,
Жүгіре шық, кешікпе,
Қарсы алмасаң мейманды
Кесір болар несіпке! –

деуі дәлел.

Үмбетей жырау көпшіліктің, көптен шыққан батырлардың ақылшысы
болған. Мәселен, Қазбекұлы Бекболат биге айтқан арнауында адамгершіл
ақылдар беріп, байсалды басшы болуын қалаған.

Батырлар да бір-бірімен бақталастыққа барып қалады. Осындай батырлар
арасындағы егеске де төрелік жасап, ақыл айтып, бітімге келтірген, бейбіт
өмірді көксеген. Үмбетей жырау «Ей, Ақтамберді» деп басталатын 13 жолды
өлеңінде алмас қылыштай өткір сөздері арқылы батырларды бітімге келтірген.

«Бәкеге», «Жауқашарға», «Бұқарға», «Бекболат биге», «Ақтамбердіге»
атты арнаулары барымташы шапқындарға тыйым салуға, адамгершілікке
үндейтін мәнді шығармалар.

Үмбетей жырау мұраларында ханнан гөрі қауым мен батыр бейнесі мол
бейнеленген.

Тарихта «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған аумалы-төкпелі
заманда өмір кешкен Үмбетей жырау – Бөгенбай батырдың сенімді серігі,

жалынды жыршысы, қарулас досы болған. Алғаш рет қалмақтарды қирата жеңіп, тойтара соққы берген Бөгенбай батырдың қолы еді. Жыраудың даңқын шығарған «Бөгенбай өліміне», «Бөгенбайдың өлімін Абылай ханға естірту» деген толғауларында Бөгенбай бастаған халық батырларын дәріптеп, ұрпағына өнеге еткен.

«Қалмақ қолы жеңілмейді – мыс» деген жалған лақаптың күлін көкке ұшырған, жоңғарларға қарсы күресте ел қорғаны болған Бөгенбайдың тұлға тұрпатын ерекше даралап:

Қолтығы ала бұғының,
Пәйкесіндей Бөгенбай.
Жалаңқия жерлерден
Жазбай түсіп түлкі алған,
Білегі жуан бүркіттің
Тегеурініндей Бөгенбай, –

деп оны асқар Алатауға теңеп, тегеурінді бүркітке балайды. «Болмашыдай анадан болат тудың, Бөгенбай» деп қастерлейді. Жырау Бөгенбай батырдың қайтпас қайсарлығын:

Ақ Шәуліге қос тігіп
Ауыр қол жидырып алдырдың,
Қалмаққа ойран салдырдың.
Қабанбай мен Бөгенбай
Арғын менен Найманға
Қоныс қылып қалдырдың! –

деп, елін жаудан қорғау жолындағы қайратты ерлігін:

«Қайтпаған қандай ұрыстан» деп дәріптейді. Ол жоңғардың бетін қайыруда қол бастаған жойқын батырдың қаһармандық істерін үлгі етеді.

Атамекенін, халқымыздың ұлан-байтақ жерін, бүкіл Сарыарқа атырабын жаудан қорғап, аман алып қалған батырдың ерлігін:

Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың! –

деп сүйсіне суреттейді. Жырларында халықты береке-бірлікке, батырын ерлікке үндейді.

Жырау әлуетті батыр, атақты қолбасшының өлімін Абылай ханға естірту кезінде Абылайдың жайы, оның «Сарыарқаны жерім деп, қалың қазақ елім» деп Үргеніштен келгендігі, Төле бидің түйесін баға жүріп, ер жетіп, ойраттармен күрес кезінде көзге түскенін, ерлік ісін:

Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,

...

Жау қашты деп айғайлап,
Абылайлап шапқанда... –

деп термелей отырып, осы сырт жауларға қарсы шыққан жорықтардың кейбір сәттерін ондағы батырлардың көрсеткен қайратын сөз етеді.

Жырау Бөгенбайды ғана емес, Абылай тұсында ханның атағын шығарған, халықтың береке-бірлігін ойлап, намысты қолдан бермей, Отанын жау құрсауынан қорғаған батырлар мен билердің ерлік мінезін саралай, даралай бейнелеп, оларға тәкәппарлықпен қараған Абылайға:

Аруағыңа болысқан,
Әділ билік қылысқан,
Қашпаған қандай ұрыстан...
Кейі батыр, кейі би,
Тәңірім берген сондай сый,
Ұмыттың ба соны, Абылай! –

немесе,

Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай –
Сары, Баян мен Сағынбай,
Қырмап па еді жауыңды,
Қуантпап па еді қауымды,
Ұмыттың ба соны, Абылай! –

деп, Абылайдың өткен өміріндегі ауыр күндер мен жеңісті жорықтарды есіне салып, ескерту жасап, тәубәсіне келтіреді. Жырау өзі қаралы хабаршы екендігін, атақты батырлардың бірі дүниеден өткендігін жеткізеді.

Уай, Абылай, Абылай
Абылай ханым бұл қалай?
Дұшпаныңды мұқатқан,
Жауыңа қарсы оқ атқан,
Аруағың табысқан
Батырың өтті Бөгенбай –

деп, ел сүйіктісі Бөгенбай өлімін, оған деген халық қайғысын әсерлі термелеп, «Асылыңнан айрылдың, батырың өлді – бақаның сынды, ордаң шайқалды» – деп тебірене:

Бөгенбай батыр өлген соң,
Көзімнің жасы көл болды-ай! –

деп, көңіл айта естіртеді. Батыр дүниеден қайтқанда жанында болған жырау «Батырды қолдан өткіздім, сәлемін міне жеткіздім» дей отырып, қол бастаған жойқын батырдың қаһармандық істерін толғап, өшпес бейнесін жасап, мадақтайды.

Жырау жырларын зерделей келе, ел бірлігін, ынтымақ, тыныштығының тірегі бола білген батырлар бейнесі арқылы әр адамның бойына елжандылық, отаншылдық, отансүйгіштік қасиеттерді дарытуға ұмтылғанын көреміз.

Қайғы хабаршысы Абылайды жұбатып, көңілін бекітеді.
Көзіңнің жасын тыя көр,
Жақсылық бата қыла көр,
Тағы да талай бақ берсін,
Балаңа алтын тақ берсін,
Бөгенбайдай жас берсін,

Өлшеусіз мал мен бас берсін!

Жыр халыққа бақ-береке, тыныштық тілеумен аяқталады.

Жауынгер, патриот ақынның Бөгенбай батырға арнаған толғаулары – адамдыққа, адалдыққа, елін сүйер ер болуға үндеген, деңгейі биік туындылар.

Үмбетей жырау – замандастары мен ұрпағының намыс, ар-ождан, адамгершілік қасиеттерін ұрпақтың ұрпағына аманат етіп, толғаған жыр жолдарымен қазақ рухани мәдениет даму саласында өшпес із қалдырушылардың бірі.

Бұқар жырау

XVIII ғасырда халық өмірінде сан қилы аласапыран, күрделі оқиғаларға толы ауыр кезеңде тұрмыс кешкен, сол кезеңнің әлеуметтік мәселелерін басымырақ жыр еткен – Бұқар жырау Қалқаманұлы 1688 жылы Баянауыл өңіріндегі табиғаты ерекше сұлу Сұңқарқия деген жерде туып, 1781 жылы Далба тауында (қазіргі Қарағанды облысы, Бұқар ауданы) дүниесалған. Әкесі – Қалқаман белгілі батыр, Ақша батырдың сарбазы. Ал Ақша – Түркістан өңірін билеген Тәуке ханның атақты қолбасшысы Бөгенбайдың әкесі. Бұқарға Әнет баба:

Есімің Бұқар болсын,

Мінгенің тұлпар болсын.

Дауысың сұңқар болсын,

Ісіңе халқың іңкәр болсын, –

деп бата беріп, атын қойған екен.

Бұқар жырау жас кезінде Бұқара, Самарқанд медреселерінде оқып, хат таныған адам. Дәріс алған ұстазы Қожаберген жыраудың:

Шәкіртім Сүйіндікте Бұқар жыршы,

Бұл Бұқар өзі ақын, өзі сыншы...

Бұқаржан биылғы жыл отыз жаста

Атағы ақын болып шықты Алашқа –

деуі соның айғағы.

Негізі Бұқар жырау өмірі, өскен ортасы, шығармашылық жолы мен болмысындағы асулар-кезеңдері досы Үмбетейдің Бұқардың зиратының басындағы толғауында нақты көрсетілген.

Туған жерің Жиделі-Байсын екен,

Елібай деп атаған бұқар маңы,

Атыңды Бұқар қойған сол себептен,

Мәлім ғой, ол – қазақтың ескі заңы.

Соғыста қалмақ жеңіп, босып келген,

Белгісіз келген жанның қанша саны.

Бастап келген Қалқаман – сенің әкең,

Батырды қарсы алыпты Бұқар хары.

Екі жылда еліне қайтарыпты,

Босатып Ембі, Жайсаң екі араны.
Онда сенің бір жасар бала күнің,
Қазақта Өз Тәукенің хан заманы,
Тілің шықпай жасында,
Бала болдың сен мылқау.
Бір аяулы жан десетін,
Іштен туған кем сырқау.
Сырқат па, әлде
Мұны қиын жобалау
Дәл он екі жасында,
Бақыт қонды басыңа.
Тілің шықты сөйледің,
Қолдан қолға тимедің,
Төре, қара қасында
Бұлбұл құстай сайрадың,
Топты көрсең жайнадың
Көріктей басқан күпілдеп,
Көмекейің бүлкілдеп,
Сөйлер сөзден таймадың
Тәукенің болып жаршысы,
Халқыңның болып заршысы,
Белді бекем байладың.

Сонымен бірге Үмбетей жырау Бұқар жыраудың Тәуке ханнан бастап, онан кейінгі қазақ хандары: Қайып, Сәмеке, Әбілмәмбет, Күшік, Әбілхайыр, Барақ, Абылайды көргенін, ірі-ірі шешуші кеңестерге қатысып, солардың ортасында жүргенін:

Өткіздің тоғыз ханды толғауменен,
Шештің талай түйінді болжауменен –
деп толғаған.

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Бұқар жыраудың Тәуке хан тұсында Ордадағы белді биі, батагөйі болғандығы аңғарылады.

Тәуке ханнан кейінгі билік құрған қазақ хандарымен Бұқар жырау Абылайға дейін ортақ тіл табыса алмай, өмірден мұқтаждықты көп көрген.

Бұқар жырау ерекше бедел мен құрметке Абылай хан билік құрып тұрған кезде ие болды. Абылай хан таққа отырған кезде Бұқар ел арасына атағы жайылған ақын, дуалы ауыз би, едәуір жасқа келген егде адам еді.

Жырау өлеңдерін жинап, қағаз бетіне түсірген – белгілі ғұлама, фольклорист әрі ділмар ақын М.Ж.Көпеевтің айтуынша, Бұқар жырау – «қарадан шығып хан болған» өз заманының ең ықпалды билерінің бірі. Өз заманындағы жандар бұл кісіні «көмекей әулие» деседі дейді.

Бұқар жырау мұралары 1920-1930 жылдардан бастап жиналып, зерттеліп келеді. Оның мұрасы әр жылдарда әртүрлі жинақтарға еніп, жарық көрген. Мәселен, Бұқар жыраудың үлкенді-кішілі 49 толғауы «Алдаспан» жинағына еніп жарық көрді. Даланың дара данасы Бұқардың шаңға көмілген Пекин

архивіндегі 36 толғауын Мұхтархан Оразбайұлының атамекеніне қайтаруы да үлкен мақтаныш әрі рухани байлығымызға қосылған үлес. Бұқар жырау өзі өмір кешкен тұста басқыншы жаудың езгісінде қалған халықтың басын құрап, азаттық күреске бастайтын қолбасшы батыр мен алғыр басшы қажет деп түсінді. Сыншы, болашақты болжағыш әулие жырау кісі есігінде жүрген Сабалақты жүріс-тұрысынан, мінезінен тегін адам емес екенін байқап, кереметтей қасиеттілігін танып, Орта жүзге хан болуына Бөгенбаймен бірге көп ықпал еткен. Ел басына күн туған кезде де ел басқарушылық қасиетін танып, үш жүздің басын қосар, заңғар қызмет атқарар, арыстан мінезді хан деп Абылайға зор сенім артады. Ол жөнінде Қазақ ССР тарихында: «Феодалдық таптың жыршысы бола отырып, Бұқар сонымен қатар өзінің шығармаларында заманының кейбір маңызды тарихи оқиғаларын әділ көрсетті. Оның шығармаларының өзекті тақырыбы Отанды сүю, патриотизм болды. Ол қазақ халқының Жоңғар феодалдарына қарсы азаттық күресін жырлады, халықты бірлікке, ерлікке шақырды, осы күрестің ерлері – Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек сынды батырларды мадақтады. Жырау қазақтың үш жүзінің басын қосатындай бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құруды армандады. Қазақ елі сыртқы жаулардың шабуылы мен ішкі қырқыс-тартыстардан әлсіреген кезеңдегі хандардың ішіндегі ең мықтысы Абылай еді. Бұқар жырау халық үмітін ақтайды деген ниетпен хан образын асқан тұлға ретінде жырлады. Россия мен Қытай арасында айла қолданған Абылайдың саясатын қостап отырды, ол Россиядан қазақ даласына келіп жатқан жаңа лептер мен құбылыстарды түсінбеді. Бірақ өзінің күрделі және қайшылықты творчестволық жолының ақырғы кезінде Бұқар жырау Россиямен тату болу қажет деген қорытындыға келді»⁶³, – делінген.

Көргені көп, тоқығаны, түйгені мол жырау өмір құбылыстарына іштей бойлап, замана жайын тереңдей суреттеген, үлгі-өнегеге құрылған толғаулары кейінгіге мирас болуда. Бұқар жырау – заманындағы ел тіршілігінің бірден-бір көзі – бірлікті ту етіп ұстап, жұрт іргесінің сөгілмеуін көздеген. Өз дәуірінің саяси ахуалына ықпал ете алған тарихи тұлға. Заманы қантөгіс ұрыстарға, тынымсыз жорықтарға дөп келген баба жырау ел билеу, қол бастау, көш түзеу істеріне қатысып отырды. Ол туралы профессор Б.Кенжебаев: «Бұқар жырау өз тұсындағы қазақ халқының күй-жайын, мұң-тілегін, болашақ тағдырын... білдіріп, бірлігін, ынтымағын көкседі»⁶⁴ – деп бағалайды.

Бұқар жырау ел тағдырын, ел бүтіндігі мен бейбіт өмірін, тәуелсіздігін жырларына арқау еткен. Ол ағайыншылық, татулық, елді берекелі ететін ең қажет нәрсе, бірауызды, ынтымақты ел ғана іргесі берік, тату-тәтті өмір сүретіндігіне сенім білдіреді. Қазақ қауымының ел болып, ірге бекіту, жан-жақтан андыздаған жаулардан қорғану үшін басты шарт бірлік екенін терең түсініп, оны ұрпақтың ұрпағына аманат етіп толғайды.

Сірә, бір кеңес құрыңыз,
Бірауызды болыңыз...
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,

Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз! –
деп, «Ағайын тату болса, жат жанынан түңілер» деген халық мәтелін қоштай өсиет айтқан.

Жақын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетіретер,
Ағайынның аразы.
Елдің сәнін кетіретер.
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетіретер.

...

Бұл жалғанда бір жаман –
Ағайынның аласы –
деп толғайды.

Бұқар жырау «бірауызды болмаған, қас тұрпатты қылықты» сынайды, ел ішінің, ағайын арасының бірауызды болуын насихаттап, берекелі бірлікке үндейді. Жырау елдің тағдыры – «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығарып, қазақтың өзара елдігін сақтауында, сонда ғана тізгінін жауға бермейді – деп ынтымақшыл, бауырмашыл болуға шақырады.

Яғни, жерінің бүтіндігін сақтау, қоныстарын жатқа алдырмау дұшпанға тізгін бермей, әрдайым сақ болып, жауынгерлік әзірлікте тұру қажеттігі – жырау идеяларының бірі. Үш жүз жыл бұрын айтылған бұл пікір қазір де мәнін жойған жоқ.

Жыраудың «Бірінші тілек тілеңіз» атты толғауы – өмірлік нысанасы мен дүниеге көзқарас танымын танытатын шығарма. Он бір тілектен тұратын бұл жырдан жыраудың арман-тілегі; ынтымағы күшті ел, мамыражай бейбіт өмірге деген құштарлық, жеке семьяның ырыс-бақыты ел бірлігі халық болашағымен тығыз байланысты деген мәнді элеуметтік қорытындысы мен елін бірлікке, ынтымаққа шақырып, «жердің тұлданып тұрмауы», «қарт бабаңның топқа жаяу бармауы», «анаңның аңырап қалмауы», «ардақтап жүрген бикештің жылай да жесір қалмауы», «жер қайысқан қол келіп, сонан да сасып тұрмауы» ел ынтымақ-бірлігінде деп түйіндейді.

«Бірлік болмай, тірлік болмас!» – деген сырт жау соқтыға алмайтын айбынды ел болу үшін жұрттың ынтымағы болуы шарт. Ел бірлігін, ынтымағын сақтау мәселесі «Керей, қайда барасың?» атты толғауында сөз болады.

Бұқар жырау қазақ руларының өзара тату тұруын, мал, қоныс-қыстау үшін қырқыспауын насихаттайды, елін бірлік берекеге үндейді.

Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмандар жанжал-ерегес, –

деп қантөгіс кекті қырқыстың қажетсіз екенін батыл айтып отырған.

Осындай ойсыздықтан, жауапсыздықтан сақтандыруы осы күнгі өмірдің қажетімен үндесіп тұр.

Ел бірлігі, ел ынтымағы, сыртқы жауға қарсы күрес Абылай ханды жырлауда негізгі өзегі болды. Бұқар жырау тұлғалаған Абылай хан – ел тұтқасы, халық қамқоры, жоқ жігіттердің жоқшысы. Хан Абылайды жеті жасар бала кезінен батыр болып қамал бұзып, хан тағына отырған кезіне дейін сатылап баяндайды.

Хан Абылай атандың
Дүниеден шықпай мініңіз.
Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың,
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың,
Әділдікпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз –

деп ханның ел басқару ісіндегі жетістіктерін жоғары бағалай отырып, халық аңсаған басшы бейнесін жасауға талпынады.

Сондай-ақ Абылай ханның жауына мейірімсіз, қайсар батыр, жаудан тайсалып көрмеген, елін сүйер ер азаматтығын:

Жеті күн кіріп ұрысқа,
Өлімге басың байладың –

деп толғайды.

Күпшек санды күреңді
Табияға жаратқан,
Қырық сан қара қалмақты
Жарлығына қаратқан.
Ай балтасын алтынменен бұлатқан...
Еңсесі биік боз орда
Салтанатқа орнатқан...
Табандасқан дұшманға
Күнінде қылыш шауып өткерген... –

деп, жау қашырған қолбасшы, білгір көсем ретінде ерлігін, салтанатын, байлығын сөз ете отырып, ханның халық алдындағы беделін арттыру, халықты хан төңірегіне топтастыру арқылы сырт жау басынбайтын айбынды ел болуы мемлекеттің айбарлы бірлігінде екенін халықтың көзіне елестете насихаттайды.

Бұқар жырау мұраларын саралай келіп профессор Қ.Жұмалиев: «Ел бірлігін жырлау – Бұқар өлеңдерінде негізгі мәселенің бірі... Ол ел бірлігі мәселесіне үлкен мән береді»⁶⁵, – дейді.

Мәселен, «Биік тауға жарасар», «Жақын жерден шөп жесе», «Асқардан биік тау болмас», «Алыстан қызыл көрінсе», «Керей, қайда барасың?» т.б. толғаулары ел тәуелсіздігіне арналған.

Ел иесі құт болса,
Халқы ала болмайды –

деп, елдің ырысы, құты, бірлігі басшының әділеттілігінде, кемеңгер ақылдылығында, ондай басшыны халқы да сүйеді дегенді уағыздайды.

«Ей, Абылай, Абылай» деген өлеңінде жырау:

Жиырма беске келгенде,
Бақыт берді басыңа.
Тақыт берді астыңа,
Отыз жасқа келгенде
Дүниедей кең едің.
Отыз бес жасқа келгенде,
Қара судың бетінде,
Сығылып аққан сең едің.
Қырық жасқа келгенде
Алтынды тонның жеңі едің.
Қырық беске келгенде,
Жақсы-жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының,
Атының басын бір кезеңге теңедің, –

деп Абылайдың ел бірлігін ұйымдастырудағы рөлін, жаулармен күресті басқарудағы шеберлігін суреттеу арқылы жалпы жақсы қасиеттерді насихаттап, оны басқаларға үлгі етеді.

Абылай тұсындағы жоңғар қалмақтарының күшті ханы – Қалдан Серен. Ол – 1723 жылы қазақ елін «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшыратушы. Оны Абылай бастаған қазақтардың ойсырата жеңгенін, сондағы ханның бұйрық-жарлықтарын бұлжытпай орындаған сенімді серіктері, көзсіз ерліктерімен дараланған батырларды сипаттайды.

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар –
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек...
Абылай салды жарлықты,
Қалдан ханды қашырып,
Шеп салған жерін бұздырып,
Ұрысты қатты қыздырып –

деп, ел үшін ерлік көрсеткен батырларды ұрпаққа үлгі ете толғайды. Абылай ханның батыр қолбасшылығы, елдің бірлігі, қаһарман батырлардың көзсіз ерлігі – жеңіс туын желбіреткендей. Келер ұрысқа аттанар жортуыл ерлеріне:

Жазықсыз елді күйдірме,
Қанішер тартсын жазасын.
Ел шаруасын бүлдірме,
Қайтарар бір азасын.
Хан ордасын талқанда,
Ер екен деп қарасын.
Қатыгез жауды шауып ал.

Ел екен деп санасын, –
деп қарт жырау кекті нағыз қанды қол тобынан ал, жазықсыз елге тимеуді ақылгөйлiкпен ескертеді.

Қазақтың қолын бастап, халқын қорғап, өмірлерін жауға қарсы күреске арнаған Бөгенбай, Ер Олжабай, Қабанбай, Наурызбай, Баян, Малайсары, Жәнібек, Райымбек, Тілеуке тағы осылар сияқты жаужүрек қолбасшылар жырауды пір тұтқан. Батырлар жыраудың бірге болуын қалап, жеңістің нышаны санаған. Өйткені соғыстың ауыр сәтінде әулие жырау ұран тастап, әскерді әруақтандырып отырған.

Халқының іргелі ел болып, тыныш өмір сүріп, кемеліне келгенін аңсаған ұлы жырау өзінің бір топ өлеңдерінде қазақ халқының жоңғар феодалдарына қарсы азаттық күресін жырлап, халықты бірлікке шақырып, қазақтың үш жүзінен шыққан қол бастаған батырларын мадақтап, оларға ел-жұрт атынан міндет жүктеп, әрқайсысының ерлігін жіктеуге арнады.

Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай.
Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек
Ормандай көп орта жүз,
Содан шыққан төрт терек.
Тұғыр болған сол еді,
Сіздей төре сұңқарға –

деп күрес ерлерін мадақтаса,
Малайсары, батырым,
Күшіңе сай ақылың.
Елдің кегін жоқтайтын,
Жаттан өлді жақының.
Жауды жайрат аянбай –

немесе,

Қара қабан Бөгенбай,
Қайтпа жаудан кек алмай –
деп ел атынан тапсырма берсе, ерлікпен қаза тапқан Бөгенбайды:
Өкпе қылған ел үшін,
Жауда кеткен кек үшін,
Қазақтың абырой-арына,
Сарп қылған бар күшін.

...

Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған,
Қисапсыз қол көрінсе
Қорқып жаудан қайтпаған –
деп суреттеу арқылы кейінгі ұрпаққа ерлікті үлгі-өнеге етіп отыр.

Бұқар жырау толғауларындағы Абылай хан мен оның сенімді батырларының бірлік бейнелері әр дәуір адамдары үшін қымбат, ерлік үлгілері болары хақ.

Бұқар жырау Абылай ханның барлық іс-әрекеттеріне, ішкі-сыртқы саясатын толық қоштап, бас шұлғи бермеген. Елдік мәні бар толғамды ақылға көнбеген кезінде азуы алты қарыс ханға өктем сөйлейді. Ханның ісі халық тілегіне қайшы келмеуі қажеттігін, ел бірлігі үшін дұрыс бағыт сілтеп отырады.

Қарт жыраудың ақыл-кеңесіне көнгісі келмеген кезде ханның бүгінгі шалқыған тұрмысы мен кешегі жоқшылық кешкен азапты күндерін бүкпесіз бетке басып тартынбай толғайды. «Атаң тексіз құл, анаң түрікменнің төріндегі күн, өзің жалаң аяқ жар кешкен арқар ұранды жат едің, момын елге келіп бек болдың» деуге дейін барады.

Сыртқы жау қаупі жойылғаннан кейінгі ханның өзі бастар жорықтарына дана жырау қарсы шығады.

Абылай бірде көрші отырған орыс мемлекетімен соғыспақ болғанда, Бұқар жырау оған қарсы шығып, бұқара мүддесін қорғап қалады. Көрегендік байлам жасап, «Орыспенен соғыспа!» деген әмірлі өктем сөзін айтады.

Ашуланба, Абылай!
Көтерермін, көмермін,
Көтеріп қазыға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басыңа моншақ көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба! –

деп, Абылай ханның тасыған көңілін басарлықтай батыл қарсылық білдіреді.

Соғыссаң кетер сәніңіз...

Жаулық жолын сүймеңіз, –

деп жөнсіз соғыспауға көрші елмен достық қатынаста болуды үндейді.

Жоңғарлар шабуылынан зәразап болған жұрт тілегі бейбіт өмір, оған қарсы іс қылсаң, халық сыйынан айырыласың, деп ақыл беріп:

Ханның жақсы болмағы –
Қарашының елдігі.
Қараша халық сыйласа,
Алтыннан болар белдігі –

деп хан мен халықтың бір тілекте болуын насихаттайды.

Елдің берекелі бірлікшіл болуы бастаушыға байланысты деп түсінген жырау:

Би жігітке жарасар
Халқына тиген пайдасы, –

деп, еліне пайдасы тиер, ел қамын ойлар, жалпы халыққа зияны тимес әділетті басшы болуды уағыздайды.

Халық пен хан арасына дәнекер болған жырау «басшысыз халық азады, халықсыз хан тозады» дегенді мықтап ескерген. Ханға да, халыққа да осы пікірін айтып, толғап өткен.

Ел еркіндігін, елдігін сақтап қалып, орыс, қытай патшаларына отарланбауын арман еткен жырау өзге жұртқа бодан болудың қасіретін «көріп келгендей» мөлдіретіп көрегендікпен:

Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер –

деп жырлаған.

Болжамшыл қарияның елінің тағдырына терең көз жіберген толғауларында көрегендік байлам жасап:

Жемірлерге жем беріп,
Ел қамын жеген жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есепке алар барыңды
Елінді алар қолыңнан, –

дегендері, соңғы II-III ғасырда шындығында бастан кешуі, таңқаларлық жай.

Демек, Бұқар жырау – халықтың әулие данышпаны, ақылшы көсемі, көреген, болашақты болжаушы, дуагөй бітімші, салдарлы сыншы, әулие көсемі, дәуір дүлдүлі, ұлы жырау.

Қазақ халқының тарихында шоқтығы биік, өмірінің соңына дейін терең достықта, татулықта болған, халық деп соққан үлкен жүректі осы екі ұлы тұлға Бұқар жырау мен Абылай ханның өмірі мен өнерниеті ұрпақтарына үлгі.

Абылай хан өз кезінде қытаймен де, қалмақпен де, орыспен де әртүрлі дипломатиялық қарым-қатынаста болған.

Орыс энциклопедиясының бірінші томында: «Ресейге де, Қытайға да бодан болудың өзгеше түрін шебер пайдаланған хан Абылай мұнда да өзін тәуелсіз ұстап, өз елінің батасын алды»⁶⁶ – деп жазылған.

Ал Абылай ханның көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынаста болуына Бұқар жыраудың ықпалы болғаны анық. Арқалы жырау, қабырғалы би Бұқар жырау өз тұсындағы Абылай ханның бас идеологы болған.

Бізге жеткен 1300 жол шамасындағы Бұқар жырау өлеңдері – ылғи толғаулар. Толғау – заманындағы әлеуметтік ірі мәселелерді қамти алатын үгіт, тәрбие тағылымына құрылған өлеңдер. Жырау толғаулары үлкен көптеген ғибрат, үлгі-өнегеге құрылған тақырыптарды қамтиды. Ал біраз өлеңдері бірлік, елдік, этика, мораль жалпы адамгершілік мәселелерін қамтыған. Ал кейбір толғауларында өз көңіл-күйі, ой-сезімдері кеңінен сипатталған. Көрнекті ғалым М.Мағауин: «Бұқар қазақ өлеңін тақырыптық жағынан байытты»⁶⁷ – деген.

Дүлдүл жырау адамзат еңбегін желпіне жырлап, бұқараның көңіл-күйін білдіріп отырды.

Оның шығармаларынан жыраудың өзі өмір сүрген қилы заман келбеті айқын танылады. Хан-сұлтандардың, ірі феодалдардың әр жүзде, тіпті жекелеген руларда өз билігін жүргізбек болған, ұлттық мүддеге қайшы, баққұмар саясаты, руаралық тартыстың күшеюі, заманның өзгеруіне байланысты адамдардың санасындағы құбылыстар – міне, осының бәрі де белгілі мөлшерде жырау өнернамасынан көрініс тапты.

Жаманмен жолдас болсаңыз
Көрінгенге күлкі етер,
Жақсымен жолдас болсаңыз
Айрылмасқа серт етер.
Сыпайы сырын білдірмес,
Ақырын ғана бүлк етер

десе,

Жақсы болсаң, толарсың,
Жаман болсаң, маужырап барып соларсың

немесе,

Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес.

Бұқар жырау адамның рухани байлығын жоғары бағалап, адамның ақыл-ойына дүниедегі байлық та, билік те тең келе алмайды дейді. Оған жыраудың:

Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Әлемнің хаты өлмейді, –

деуі дәлел.

Адамның ұлылығы әлеуметтік жағдайында емес, адамгершілік құндылықтары мен рухани байлығында, құлықтылық сапасында дейді.

Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас деменіз,
Жарлыны жарлы деменіз,
Жарлы байға тең келіп,
Жайлауға жарыса көшпес деменіз...
Қу таяқты кедейге
Дәулет бітпес деменіз –

деп, өмірдің өтпелілігін, бүгін шалқып отырғандардың күні ертең-ақ суы тартылған құдықтай құрғап қалатынын болашақты болжайтын әулие жырау төңірегіндегілерге ой тастай толғайды. Бұқар жыраудың жақсылық пен жамандық, барлық пен жоқтық, ащы мен тұщы, аштық пен тоқтық туралы терең мағыналы толғаулары жетерлік.

Бұқар жыраудың атақты өлеңдерінде адамға сенім, адамзаттың имандылығы жөніндегі ойлары кеңінен қамтылған.

Тәңірім сөзі бұрқанды айт
Тәңірім салса аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт...

немесе,

Кұдайыңа құл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң,
Кұдай тағалам өзі берер несіпті –

деген жолдармен

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Пиғылы жаман залымның,
Тіліне еріп азбасқа –

деп, құдай қаламайтын іске аяқ баспа, дінді берік ұстанған адамға Алланың рахматы көп деп, діннің қажет екендігін ұлы жырау қадап айтқан. Діннен безгенді тәңірі қолдамайды, имандылықтың негізі – дінде дегенді айтады.

Адам өмірінің кезең-кезеңдері туралы «Жиырма деген жасыңыз», «Атам болған жиырма бес», «Ей, Абылай, Абылай» т.б. өлеңдерінде адам өмірінің әр кезеңі суреттелген.

Жастық пен кәрілікті қарама-қарсы қойып суреттеу арқылы жырау жастықтың артықшылығын ұтымды көрсеткен. Жастарға «Уақытыңды құр бос өткізбе, ол кейін іздесең де табылмас», – деп өсиет айтады.

Халық «Өнер алды – қызыл тіл» десе, Бұқар жырау – сөз өнерінің қиындығын, құрметтілігін, даналығын әбден ұғынған адам. Ол:

Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ, – дейді.

Жалпы түз тұрғындарының ұлттық дүниетанымы, ұлттық адами құндылықтары жырау толғауларында сипатталған. Олардың сол дәуірлердегі кісілікке, парасаттылыққа, елдікке бастар алтын тұғыр – салмақты сөздері бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде нағыз тәрбие құралы болары анық.

Жыраулар мұраларындағы Отаншылдық, елжандылық сарын қазіргі таңда ел тұлғасы – азаматтың биік бейнесін жетілдіруде үлкен өзіндік рөлі бар екендігі шүбәсіз. Халқымыздың рухани дамуында Бұқар жырау толғауларының алар орны ерекше. Көрнекті тұлға Ә.Марғұлан: «Бұқар жырауды Абылай ханның белгілі жыршысы, кейінгі қазақ ақындарының бірден-бір көшбасшы ұстазы»⁶⁸ деп бағалайды.

Шал ақын

XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясының көрнекті өкілінің бірі – Шал ақын. Абылай ханның жақын серігі, беделді рубасыларының бірі Құлеке батырдың баласы. Ал шешесі – атақты Үйсін Төле бидің қызы. Шал ақын аталып кеткен Тілеуке Құлекеұлы 1748 жылы Көкшетау өңірінде дүниеге

келеді. Ес біліп, ер жетіп қалған кезде Есіл бойына келіп оның соңғы өмірі Солтүстік Қазақстан облысы, Қаратал ауылында өтеді.

Шал ақынды жастайынан үлкендерше сөйлеп, төрелік айтатын мінезіне қарай жеңгелері, жалпы жұрт Шал деп атап кеткен делінеді зерттеулерде. Не десе де Шал ақын жас кезінен сөзге үйір, өзі ойлы, тілі ділмар болып өседі. Тура мінезді, өткір тілді Шал ақын – он бес жасында-ақ ақын ретінде халыққа танымал болады. Оны жырау өзі туралы:

Он бесте тартып міндім аттың жалын,

Сол кезде айтқан сөзім оқ пен жалын –

деген өлең жолдарынан аңғаруға болады. Топ алдында көсіле жыр төгіп, жұрт көңілінен шығып, ел сүйіктісіне айналған Шал ақынның жастық шағы жайында:

Асу-асу жерлерді арыстадым,

Қайда дүбір бар болса қалыспадым.

Кешегі қас батырлар, қайран жақсы

Алдына хан-қараның қарыштадым.

Жырау мұралары тақырыптық жағынан біршама бай, ауқымы кең, халықтық беті айқын. Белгілі психолог ғалым Қ.Жарықбаев: «Шал Құлекеұлы да (1748-1819) қазақ өмірінің ұңғыл-шұңғылына үңіле қараған, оның рухани тіршілігіне, мәдени дамуына шама-шарқынша үлес қосқан зиялыларымыздың бірі»⁶⁹ – деген.

Шал ақын – адамгершілік идеясын көтеріп, әділ істі, ізгі ниетті жақтап, адамға тән жақсы қасиетті, нағыз достықты дәріптеп, жамандықты әшкерелеген.

Жаманға дәулет бітсе ауа айналар,

Жақсыға дәулет бітсе бақ байланар,

Басыңа жазатайым бір іс түссе,

Арасы дос пен дұшпан абайланар

немесе,

Жамандар өзін-өзі зорға балар,

Бір өзінен басқаны төмен санар,

Жақсылар ағын судай, асқар таудай,

Жаймалап қайда жақсы орын алар –

деген өлең жолдарында өмірде кездесетін жайларға терең ой жүгіртіп, жамандық пен жақсылықты жасайтын адам, олай болса жақсы адам мен жаман адамның ара жігін аша суреттеу арқылы «жақсылықты» мадақтай, дәріптей насихаттау, үлгі ету, ал «жамандықтан» сақтандыру идеясы тұр.

Қас жаманның белгісі

Жиын тойға барғанда

Тамағына өкпе өтер,

Өкпелеймін деп кетер.

Нәпсің бір көкжал бөрідей,

Иманың бағлан қозыдай,

Егер тыю салмасаң

Иманыңды жеп кетер –
деп әдепсіздікті әшкерелей, сынай отырып, «жаман әдет», «жат мінездерден»
аулақ болуға үндейді.

Қаныпезер бұзақы жігіт болса,
Тыныш жатқан еліңе дау келтірер, –
деп елдің шырқын бұзатын ақымақ болмауды нұсқайды.

Тентекті тентек десең, бұтын созар,
Тентекке тізгін берсең, жұртың тозар
Мақұл менен тентекті салыстырсаң,
Түбінде тентектен де мақұл озар –
деп, көпті көріп, көп нәрсені байқаған ақын, басынан өткенін таразылап әулетті
сөздермен жеткізген.

Ақылы жоқ надандар,
Іс бітірмес жамандар,
Жүз болса да бірмен тең, –
деген.

Арамзалардың жұғымсыз бейнелерін суреттеген тәлімдік мәні терең
жырлары жат мінездерден сақтандыраны анық.

Шал ақында тағылым алатын нәрсе көп.

Жігіттер, сақтаныңыз жаман достан,
Досыңның жаманынан артық дұшпан,
Өштескен жаудан аман сақтанады,
Тиеді «достық» оғы қапылыстан

...

Басыңа іс түскенде жаман досың
Беруге ат құйрығын жарамайды, –

деп опасыз, екіжүзді, пәтуасыз адаммен дос болмауды, басыңнан бақ тайғанда
жалт беретін уақытша достан аулақ болуды таза ақыл бере толғап, шынайы дос
пен жалған досты ажырата білуге шақырған.

Замандастарына ақыл-кеңес, үлгі-өнеге, насихат айту арқылы адамгершілік
мораль мәселесіне кеңінен тоқталған жырау:

Жақсыны алыс, жаманды жақын деме,
Жақсы атансаң біреудің қақын жеме,
Жақсымын деп біреудің қақын жесе,
Жаман адам сол болар, мақұл деме.
Жақсының жүрген жері той болады,
Ақыл жоқ, кей адамда бой болады.
Көрмеге қандай жаман болса-дағы,
Парасат кей шаһбазда ой болады –

деп, жақсы мен жаманды ажырата білу әркімге парыз деп ой түйіп, жақсының
жақсылығы – көпке, туған елге ортақ болуында деп ізгілік жолын ұсынады. Бұл
ойы халық даналығындағы «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат» деген
ой-пікірмен ұштасып тұр. Жақсы адамның белгісі – парасаттылық бойға,

көрікке байланысты емес, ішкі рухани байлығы мол, ойлы адамдарда да болады деген ойын білдіреді.

Жігіттер жау алмайды ақылды алсаң,
Білгішке көп білетін жақындасаң,
Қарап жүрген кісіге адам тимес,
Сабыр қып өз бойыңды мықты ұстасаң –

деп кеңес береді.

«Ақыл – тұрған алдында асқар тауың» деп, не нәрсені ақылға жеңдіріп істесе, жақсы болмақ. Яғни, жақсы болу – ақыл-парасатқа байланысты деген қорытындыға келеді.

Өзі жаман жақсыны көре алмайды,
Сыртынан ғайбат айтып атады тас
Мұндай жанның әдеті осы деп біл,
Өзіңе дос таба алмай, жинайды қас, –

деп өзімшіл-күншіл, іші тарлықтан жирендіре сақтандырса,

Айта берсе, таусылмас Шал кеңесі,
Мешкейдің жіліншік өтер кең өңеші.
Алдына келген асқа жаудай шабар,
Басқаның болса-дағы несібесі

...

Ұятсызға бас пенен жамбас қойсаң,
Қорқау қасқыр секілді жеуді біледі.
Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,
Жарамайды қатты болу тікенектей.
Білімің болса-дағы ұшан-теңіз,
Пайда жоқ өз халқыңа еңбек етпей.

...

Ашылмас жігіт адам сыннан өтпей
Не нәрсе талаптансаң табылады,
Ғибрат ал жақсылардан жақын жүріп,
Қаша көр жамандықтан аулақ беттей...

деп жоғары адамгершілік идеяларын ұсынады. Әрбір азаматты жаны таза, инабатты, әдепті, қайырымды, білімді, еңбекқор болуға, алған білімін, ғибратын еліне, халқына қалтқысыз қызмет етер адал жан болуға шақырады. Адал еңбек ету – адамгершілік белгісі. Бұл жан біткенге ортақ парыз деп түсіндіреді.

Адамгершілікке тән қасиеттің бірі – бірлікке ұмтылу, ынтымақты құптау, татулықты сақтау яғни, халық даналығындағы «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген идеяны:

Бақ-дәулет, мал бітерде ырыс қонар,
Ынтымағы ағайынның дұрыс болар –

деген өлең жолдарымен паш етеді.

«Ағайын татулығы – ел ырысы» дегенді құптаған жырау:

Ағайының көп болса,
Бірлігі оның берік болса,

Жамандық жер кез келсе,
Бір-біріне сеп болса,
Бүтін тұрған бұзылмай
Отыз екі тіспен тең –

деген.

Шал ақынның өмір тәжірибесін оймақтай сөзбен тізіп, өз байламын ұсынған әсерлі шумақтарынан ғибадатты кең ой түйесіз.

Жігіттің өзім білем дегені,
Басына салған ойраны,
Ісін көпке бергені,
Тастан соққан қорғаны.
Өсек басты болады,
Қыздың жасқа толғаны.
Жан шошырлық жаман іс,
Ағайын ала болғаны –

деген шумақтарындағы неден сақтанып, неден аянбау керектігі жөніндегі тағылымды ойы қай заманда да мағынасын жоймас ақылдың көзі.

Жырау пасық адамдар тобына қадала түсіп, олардың ашқарақ, сұғанақ, опасыздығын әшкерелеп, байлығына сеніп, асқақтаған өркөкірек байлар мен әділетсіз, парақор әкімсымақтарды:

Байды құдай атқаны –
Дәулетіне мас болар
Ханды құдай атқаны –
Қоңсысымен қас болар...

деп немесе көп пара бергеннің сөзін сөйлеп, сойылын соғатын Күлен шешен деген бисымаққа:

Өлсең де қабырыңда тек жатпайсың,
Төре беріп, біреуден пара жесең, –

дейді. Ол мансапқор, мақтаншақ, ешкімге қайыры жоқ, алдампаз, опасыз мінездерді сынап, кісі хақын жемей, адал қызмет етуін, ел билеушілердің әділ жолдан таймауын қалаған ақын:

Халқын талаған хан онбас,
Дәулетіне мастанған бай онбас –

деген пікірге келеді. Жырау адамгершілік ақылдары арқылы парасаттылыққа үндейді.

Шал ақын өз дәуіріндегі әлеуметтік тұрмыстың шындық көріністерін кең қамтып сипаттауға елеулі үлес қосты.

Байлар малын бақса екен өзі жүріп,
Кедей де өлмес еді күнін көріп
Өз малын өзі бақпай бос қаңғырар,
Бір кедейді жалдайды пайда көріп, –

деуі жанын күйттеген байдың шаруақор боп, өз дәулетін өз еңбегімен тапса деген ниеті, халықтың қамын ойлаудан туған жанашырлық пиғылы, әрі ақылы еді. Бай мен кедей арасындағы өмір, тірлігіндегі қарама-қарсы жайды, теңсіздік

пен әділетсіздікті сипаттайды. Ал кедейлік туралы өлеңінде жоқтыққа мойымайтын қайсарлық, жұмыстан тартынбайтын елгезектікке шақырып, «кедейдің кенже ұлы – ұйқы мырза» деп жалқаулықтан жирендіреді.

Жырау адам өмірі, өмірдің мәні, фәни мен бақи, дін мәселелерін де өзінше толғайды.

Шал ақынның шығармашылығын ой елегінен өткізген ғалым М.Мағауин: «Шал ақынның біздің заманымызға жеткен мұрасы тақырыптық жағынан алғанда біршама бай. Бұлар: дін, этика, мораль мәселелерін, байлық пен кедейлік, о дүние мен бұ дүние жайы сөз етілетін философиялық-дидактикалық үлгідегі туындылар»⁷⁰ – деп атап көрсетуінде үлкен маңыз бар.

Адамның өсу жолын, адам өмірінің әрбір кезеңін өзінше шебер суреттей келе, жігіттер жас кезінде тәубәға кел, ажал деген көзді ашып жұмғандай-ақ деп ойын түйіндейді. Өмірді бағалай білу керек деп, жастарға өсиет қалдырады:

Кәрі өлсе соққан дауыл тыңғандай-ақ,
Жас өлсе бәйтерегің сынғандай-ақ,
Жігіттер, жас уақытты бос өткізбе,
Тағдыр деген көзді ашып-жұмғандай-ақ.

Кәріліктің ауыр азабын, сиықсыз тұралаған кейпін:

Белгісі кәріліктің кетер күшін,
Болмайды жастағыдай ешбір ісің,
Кәрілік – дауасыз дерт ем қонбайтын...
Жылаймыз қартайдық деп соның үшін –

деп бейнелей келіп:

Шалдың екі көзі жайнап жатыр,
Кеудемде нәпсі шіркін қайнап жатыр
Байлаулы арқаным жоқ, қазығым жоқ.
Қайтейін, кәрілік шіркін байлап жатыр –

дейді.

Шал ақын сопы емес, дегенмен діндар адам. Оны ақынның:

Бұл дүниеден өткен соң,
Шын дүниеге жеткен соң...
Кімнің жақсы, жаманын
Бір жаратқан хақ білер –

деген алғашқы термесіндегі өлең жолдарынан аңғарасың.

Ол: «Құдая құдіретіңмен сақтағайсың» деп тәңірге сиына келе:

Жігіттер ораза ұста, намаз оқы,
Парасат майданы бар тергеледі –

деген.

Ер жігіттің қандай болуын:
Айдынды жақсы аймен тең,
Жомарт жігіт баймен тең,
Шешен жігіт дүрмен тең,
Иманды көңіл нұрмен тең

немесе,

«Ер жігіт жауға аттанған ердің көркі», деп ел қамын ойлар ер болу парызын, әділет жолын және адам бойына лайық абзал қасиеттерді нұсқайды.

Шал ақын шығармаларындағы кеңінен тоқталған тақырыбы – әйел жайы. Ақын өлеңдерінде жанұя берекесі, бала тәрбиесі, ағайын-туыстың татулығы, ерлі-зайыптылардың тату-тәтті өмірі тебірене жырланады.

Әйел алсаң қарап ал ақылдысын,

Ол сенің ақыреттік жақын кісің.

Ағайын-туысқанға қайырылса

Дүниеде нағыз сол ғой мақұл ісің... –

деп жақсы, адал, ақылды жар таңдау, ондай қасиеттерді тани білу әр жігіттің міндеті дегенді уағыздайды.

Жақсы сол ерін күліп шаттандырса,

Атқарып тапсырмасын мойнына алса.

Ері жоқта күйзелтпей шаруасын

Ағайын, көршілерін жадына алса.

Сапардан ері келсе үйге кіріп,

Жылы жүзбен қарсы шығып қолын алса –

деп, жақсы әйелмен бас қосудың көрші-қоңсымен, ауыл-аймақпен көңіл жықпай тату-тәтті өмір сүруге, үй тыныштығы татулығы болуына әсерін дәл басып суреттеген.

Сондай-ақ отбасының шырқын бұзар, ашулы да долы, көкбет әйелдерді небір керемет сөз өрнектерімен суреттеген.

Бақытыңа кез бопты долы қатын,

Мұны алған ер жанжалға молығатын,

Ұрысса бар адамды жеңбей қоймас,

Бір үй түгіл, бір ауыл торығатын.

Ақын шығармаларында әйелдің өнегелігі мен он саусағынан өнер тамған өнерлігі, пысық та елгезектігі, жібектей мінезі мен алғыр ой, терең ақылы үлгі етіле сипатталады. Ақыл-кеңес астарласып жатады.

Аз нәрсені көптей қылады,

Көп нәрсені көлдей қылады,

Киіміне кір жұқпайды,

Асына қылшық тұрмайды,

Дүниесінің бәрі таза болады,

Ерінің бары, жоғын білгізбейді –

деп отбасы, ошақ қасындағы әйелдің озық үлгісін жасайды.

Жақсы әйелдерді салақ, жалқау, шайпау әйелдермен қатар қоя суреттеген.

Кез болса ер жігітке жақсы қатын,

Жақсы қатын шығарар ердің атын.

Жаман болса өз қылған істерімен

Еріне қалдырады жаман атын –

деп халық даналығындағы «Жақсыдан – шарапат, Жаманнан – кесапат» демекшідей, жақсыға ұмтылдыру, жаманнан жирендіру идеясы бар.

Жақсы қатын алсаңыз,
Алланың жауған нұрмен тең,
Жаман қатын алсаңыз,
Маңдайға біткен сормен тең –

деп жанұяның, ердің бақыты алған жарына байланысты дей келіп, «Жақсы әйел – жігіттің бағы болса, жаман әйел – өмір бойы соры» болатынын айтады.

Халық даналығындағы «Анасын көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш» дегендей, қыз, келін мәселесін де кеңінен сөз еткен.

Қыз қылықты болар,
Келін епті болар.

...

Келін жақсы болса –
Үйіңе көп кісі келеді.
Келін жаман болса –
Келген кісі кеткісі келеді –

деп болашақ отбасының ұйытқысы, баланың жан дүниесін нәрлендірер тәрбиешісі, қыз бен келінді адамгершілікке меңзейтін, өрісті өнегеге құрылған жыр шумақтарында өрнектеген. Жырау:

«Аяғын көр, асын іш» деген сөз бар,
«Шешесін көр, қызын» ал, сол белгісі...

деген өлең жолдарында қыз, келін тәрбиесінің анаға сын екенін меңзейді.

Жалпы жыраудың жырларынан өмір тәжірибесінен туған тәрбиелік мәнді ақыл-нақылға толы ойларын білуге болады.

Жырау жақсылық, имандылық, қадір-қасиет жайында толғанады. Өке-шешені құрметтеу, туысқа деген қарым-қатынастың, адал ниеттің, қандай жағдайда болмасын шынайы, таза болуын үндейді. Демек, ақынның «Арғымақ ат кімде жоқ», «Саясы жоқ бәйтерек», «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің» т.б. өлеңдері афоризмге, ақыл мен нақылға толы екенін көреміз. Ақын толғаулары өзінің өткірлігімен, батылдығымен, философиялық тереңдігімен ерекшеленеді.

Шал ақын мұраларының тәрбиелік тағылымын зерделей келіп, ғалым С.Қалиев: «Халыққа қызмет ет, ел қамын ойла деуден артық патриоттық сезім болуға тиісті емес. Бұл – Шал ақынның педагогикалық ой-пікірінің келер ұрпаққа айтар өсиетінің тобықтай түйіні»⁷¹ – деген.

Шындығында, жастарды адами-рухани құндылықтарға тәрбиелеуде ақын мұраларының орны ерекше.

Семинар-практикалық сабақтардың үлгі тақырыптары

1. XVIII ғасырдағы тарихи жағдайлар мен сол кездегі ақын-жыраулар мұралары.
2. Ақын-жыраулар мұраларындағы тәлімдік ой-пікірлердің бүгінгі тәрбие мәселесіндегі маңызы.
3. Жыраулар толғауларындағы ұлы арман.

Студенттер білуі тиіс:

1. XVIII ғасырдағы тарихи жағдайлар мен өмір сүрген ақын-жырауларын;
2. XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар мұралары, оның ұлттық сипаты мен қоғамдық мәнін;
3. Ақын-жыраулар мұраларындағы білімдік, танымдық, тәрбиелік ой-пікірлерді бүгінгі педагогикалық практикада қолданудың маңыздылығын, әдіс-тәсілдерін, жолдарын;
4. Ақын-жыраулар мұраларындағы негізгі идеялар қазіргі ұлттық тұлға тәрбиелеудегі бүгінгі педагогикалық мәселелермен сабақтастығын.

Студенттер меңгеруі тиіс:

1. Ақын-жыраулар мұраларының тәлім-тәрбиелік мәні мен қоғамдық сипатын айқындауды;
2. Ақын-жыраулар мұраларындағы тәлімдік ойларды бүгінгі педагогикалық мәселелермен сабақтастыра пайдалануды;
3. Әр еңбектегі тәрбие түрлерін айқындап, қоғамдық мәнін ашып, бүгінгі тәрбие мәселесіндегі маңызын еркін баяндап дәлелдеуді;
4. Ақын-жыраулар мұраларындағы негізгі идеяларын бүгінгі тәлім-тәрбиені жетілдіруде пайдаланудың әдіс-тәсілдерін.

Білімін толықтыру тапсырмалары

1. Ақтамберді жырау, Тәтіқара ақын, Үмбетей жырау, Бұқар жырау, Шал ақын мұраларын зерттеуге үлес қосқан қазақ ғалымдары және олардың еңбектерінің тізімін жасап, оқып танысу.
2. Ақын-жыраулар мұралары қазақ халқының тәлімдік ойларының ежелден дамып қалыптасқандығына және ол қоғамның адам тәрбиесіне деген сұранысы мен талабының нәтижесі екендігін, оның бүгінгі күн проблемаларымен сабақтастығына талдау жасау.
3. Ақын-жыраулар мұраларының жеке тұлға тәрбиелеудегі орнын анықтап, жазбаша дәлелдеу.
4. Ақын-жыраулар мұраларының қоғамдық, педагогикалық мәнін зерделеу.
5. Ақын-жыраулар мұраларындағы патриоттық тәрбие мәселесінің жас ұрпақ бойына ұлтжандылық, патриоттық қасиеттерді дарытудағы маңызын айқындау.

Реферат тақырыптары:

1. Тұз тұрғындарының ұлттық дүниетанымы, адамдық бейнелері, ұлттық мінезі – жыраулар толғауларында.
2. Бұқар жырау жырларының өзекті тақырыбы.
3. Шал ақынның тәлімдік мәні терең, халықтық беті айқын жырлары.
4. Үмбетей жыраудың тәлім-тәрбиесі.
5. Ақтамберді жырау – нағыз елжанды, патриот жырау.
6. Ақтамберді – әрі батыр, әрі ақын-жырау.
7. Тәтіқара – жауынгер ақын.
8. Бұқар жырау – ел бірлігі туралы.
9. Достықтың жаршысы – Бұқар жырау.
10. Бұқар жырау – мәмлегер қайраткер.
11. Жыраулар мұраларындағы батырлар бейнесі.
12. Үмбетей жырау мұраларындағы елжандылық сезім.
13. Ақын-жыраулар мұраларындағы патриоттық тәрбие мәселесі.
14. Тарихымыз – ерлікке бай тарих (Жыраулар мұралары бойынша).
15. Ақын-жыраулар ұрпақтарына ғибратты өлеңімен үлгі.
16. Ақын-жыраулар ұрпақтарына батырлық өнерімен де үлгі.
17. Ақын-жыраулар жырлары – тарихтың көркемделген беттері (Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастаны бойынша).

Тест тапсырмалары

Нұсқау: төмендегі жауаптардың дұрысын дөңгелектеп көрсетіңіз.

1. Ақтамберді қай рудың көсемі:

- A) Қаракесек
- B) Адай
- C) Жалайыр
- D) Қаңлы
- E) Дулат

2. Ақтамберді жырау өзінің алғашқы жырларын шығарғандағы жас шамасы:

- A) 10-11
- B) 11-12
- C) 15-16
- D) 17-18
- E) 19-20

3. Ақтамберді жырауды қамшы астына алып, найза ұшына ілмек болған ағайыны:

- A) Жангөбек Ботағара
- B) Бөгембай батыр
- C) Өз әкесі
- D) Әкесінің ағасының баласы
- E) Атасының немере інісі

4. «...Қатын бала қамы үшін

Әркім өзі талпынбақ,

Басына бітер бағы үшін» – жыр жолдарының авторы:

- A) Ақтамберді жырау
- B) Бөгембай батыр
- C) Қожаберген жырау
- D) Тәтіқара ақын
- E) Есет би

5. Ақтамберді жыраудың ақындық даңқымен қатар шыққан басқа атақтары:

- A) Балуандық, батырлық
- B) Әншілік, сазгерлік
- C) Зергер, ұста
- D) Мерген, саятшы
- E) Ақын, күйші

6. Ақтамберді жыраудың тамағына пышақ қадалып, өлім аузында тұрған соңғы сәтте құтылып кеткен сәті баяндалған жыр:

- A) «Бізді әкетті Марыға»

- B) «Мен, мен едім, мен едім»
- C) «Күлдір, күлдір кісінетіп»
- D) «Еңсегей бойлы Ер Есім»
- E) «Белгілі биік көк сеңгір»

7. «Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талды көп
Жалғыздық сені қайтейін» – деген өлең жолдарының авторы:

- A) Ақтамберді жырау
- B) Доспамбет жырау
- C) Асан Қайғы жырау
- D) Үмбетей жырау
- E) Марғасқа жырау

8. Ақтамберді жыраудың әкесінің есімі:

- A) Сары
- B) Жангөбек
- C) Жағалбай
- D) Сәбит
- E) Тілеу

9. «...атадан жалғыз туғанның жүрегінің басы сары жалқын су боларын – сары уайым басып, жалтақтап өсерін» өз жырында толғаған жырау:

- A) Ақтамберді жырау
- B) Үмбетей жырау
- C) Шал ақын
- D) Қожаберген жырау
- E) Бұқар жырау

10. Ақтамберді жыраудың соғысқа қатыса бастаған шағы:

- A) 17
- B) 16
- C) 19
- D) 14
- E) 18

11. Ақтамберді жыраудың өміріне сәйкес келетін тарихи оқиға:

- A) «Ұлы апат жылдары»
- B) «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама»
- C) «Ұлы нәубет жылдары»
- D) «Ұлы Отан соғысы»
- E) «Қалмақ қырылған»

12. Ақтамберді жыраудың қарамағындағы руларды үйретуге тырысуы:

- A) Отырықшылыққа
- B) Көшпелі өмірге
- C) Орыс тіліне
- D) Ынтымақ-бірлікке
- E) Достыққа

13. «Кәрі ақсайды ақылдан,

Ер ақсайды жақыннан,

...Бұлаңдап жүрген жігіттің,

Жомарт қолын жоқ кесер», – деген жыр жолдарының авторы:

- A) Ақтамберді жырау
- B) Шал ақын
- C) Қазтуған жырау
- D) Доспамбет жырау
- E) Марғасқа жырау

14. Ақтамберді жырау толғауларының көркемдік ерекшелігі:

- A) Өзіне дейінгі дәстүрлі жыр үлгісінде сөйлейді
- B) Жаңа мақам енгізді
- C) Жырларына ән қосты
- D) Сюжетке құрылды
- E) Қара өлең ұйқасында жазылды

15. Ақтамберді жырау шығармашылығынан мәлімет беретін жинақ және оның шыққан жылы:

- A) С.Мұқанов (1942 ж.)
- B) Қ.Сейтәлиев (1996 ж.)
- C) М.Жұмабаев (1935 ж.)
- D) М.Әуезов (1927 ж.)
- E) С.Сейфуллин (1932 ж.)

16. Ақтамберді жыраудың анасының есімі:

- A) Сырбике
- B) Айғаным
- C) Бопай
- D) Зере
- E) Ұлжан

17. Тәтіқара ақынның дүниеге келген өңірі:

- A) Қостанай өңірі
- B) Арыс өңірі
- C) Баянауыл өңірі
- D) Көкшетау өңірі

Е) Абралы өңірі

18. Тәтіқара ақын өмір сүрген тұстағы хан есімі:

- А) Абылай хан
- В) Қасым хан
- С) Жәңгір хан
- Д) Тәуке хан
- Е) Хақназар хан

19. Тәтіқара ақынның: «...сенің соңында өзінді хан көтерген үш жүздің баласы тұр. Оны бір балаңдай көрмедің бе?» – деп айтқан тоқтам сөзінің иесі:

- А) Абылай хан
- В) Кенесары хан
- С) Есім хан
- Д) Жәңгір хан
- Е) Әбілхайыр хан

20. Тәтіқара ақынмен көбірек бірге жүрген ханның есімі:

- А) Абылай хан
- В) Әбілқайыр хан
- С) Кенесары хан
- Д) Жәңгір хан
- Е) Тәуке хан

21. «Ақ сұңқар құстай түледі,

Аузын тасқа біледі» – өлең жолдарының авторы:

- А) Тәтіқара ақын
- В) Шал ақын
- С) Қазтуған жырау
- Д) Марғасқа жырау
- Е) Ақтамберді жырау

22. Тәтіқара ақынның өлеңі:

- А) «Ассаламағалейкум, жақсылар мен қасқалар!»
- В) «Еңсегей бойлы ер Есім»
- С) «Жағама қолдың тигенін»
- Д) «Өлеңге тоқтамайды Шал ақының»
- Е) «Өрлігіңді сұрасаң»

23. Тәтіқара ақын өмір сүрген дәуір:

- А) XVIII
- В) XV
- С) XVI
- Д) XVII

Е) XIX

24. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасын жырына арқау еткен жырау:

- A) Үмбетей жырау
- B) Тәтіқара ақын
- C) Қазтуған жырау
- D) Марғасқа жырау
- E) Доспамбет жырау

25. Үмбетей жырау шыққан жүз:

- A) Орта жүз
- B) Ұлы жүз
- C) Кіші жүз
- D) Барлығы дұрыс
- E) Дұрыс жауабы жоқ

26. Үмбетей жырауды «феодалдық ақсүйектерден шыққан» деп жазған ғалым:

- A) Смирнов Н.
- B) Майлин Б.
- C) Левшин А.
- D) Радлов В.
- E) Мелиоранский П.

27. «Жасыңнан сырлас болған,

Үлкенде болса құрдас болған

Батырың өлді – Бөгенбай!» – деген өлеңнің авторы:

- A) Үмбетей жырау
- B) Доспамбет жырау
- C) Қазтуған жырау
- D) Ақтамберді жырау
- E) Бұқар жырау

28. Үмбетей жыраудың эпикалық күші бар өлеңі:

- A) «Бекболат биге»
- B) «Бөгенбай өлімі»
- C) «Бәкеге»
- D) «Қалданменен ұрысып»
- E) «Айналасын жер тұтқан»

29. Үмбетей жыраудың әкесінің есімі:

- A) Тілеу
- B) Айқожа
- C) Абылай

- D) Сары
- E) Сәбит

30. Үмбетей жыраудың барымташы ұрылар кейпін жеткізетін шығармасы:

- A) «Көксіздір»
- B) «Бұқарға»
- C) «Бәкеге»
- D) «Бесті берсең, семіз бер»
- E) «Көкте бұлт сөгілсе»

31. Үмбетей жыраудың Бөгенбай батыр өлімін жеткізуі:

- A) Абылай ханға
- B) Кенесары ханға
- C) Әбілхайыр ханға
- D) Қасым ханға
- E) Есім ханға

32. Үмбетей жыраудың дүниеден өткен кездегі жас шамасы:

- A) 110
- B) 98
- C) 70
- D) 88
- E) 93

33. Үмбетей жыраудың өмір жолын зерттеген ғалым:

- A) Мұқанов С.
- B) М.Мағауин М.
- C) Қалиев С.
- D) Сүйіншәлиев Х.
- E) Өмірәлиев Қ.

34. «Бәкеге» арналған шығармасы жазылып алынған жыл:

- A) 1968
- B) 1917
- C) 1867
- D) 1965
- E) 1924

35. Тарихта болған батырлардың ерлігін жырлаған жырау:

- A) Үмбетей жырау
- B) Бұқар жырау
- C) Ақтамберді жырау
- D) Қожаберген жырау
- E) Шал ақын

36. Үмбетей жырау дүниеге келген өңір:

- A) Ақмола өңірі
- B) Шу өңірі
- C) Талас өңірі
- D) Арыс өңірі
- E) Көкшетау өңірі

37. Үмбетей жыраудың жақын досы болған жырау:

- A) Бұқар жырау
- B) Қазтуған жырау
- C) Доспамбет жырау
- D) Марғасқа жырау
- E) Қожаберген жырау

38. Үмбетей жырау мән берген толғау:

- A) философиялық-дидактикалық
- B) философиялық-ағартушылық
- C) философиялық-танымдық
- D) Философиялық-әдеби
- E) Философиялық-тарихи

39. Үмбетей жыраудың әкесінің ел ішіндегі аты:

- A) Абыз
- B) Молда
- C) Бақсы
- D) Емші
- E) Палуан

40. Үмбетей жырау өмір сүрген дәуір:

- A) XVIII
- B) XVII
- C) XV
- D) XIX
- E) XVI

41. «Бай болмаған бай болса, –

Жайламаған сай қоймас,

Би болмаған, би болса, –

Айтылмаған сөз қалмас» – жыр жолдарының авторы:

- A) Үмбетей жырау
- B) Қожаберген жырау
- C) Марғасқа жырау
- D) Жиёмбет жырау
- E) Тәтіқара ақын

42. Қожаберген жыраудың руы:

- A) Керей
- B) Қаракесек
- C) Адай
- D) Дулат
- E) Қоңырат

43. Қожаберген жыраудың ғұмыр кешкен жылдары:

- A) 1663-1773
- B) 1661-1765
- C) 1662-1767
- D) 1665-1781
- E) 1668-1770

44. Қожаберген жыраудың қосымша меңгерген тілдері:

- A) Араб, парсы
- B) Орыс, татар
- C) Өзбек, башқұрт
- D) Қытай, ағылшын
- E) Түрік, неміс

45. Қожаберген жыраудың әкесінің есімі:

- A) Толыбай
- B) Күлеке
- C) Тіленші
- D) Бортоғаш
- E) Тілеу

46. Қожаберген жырауға тән жүз:

- A) Орта жүз
- B) Ұлы жүз
- C) Кіші жүз
- D) Дұрыс жауабы жоқ
- E) Барлығы дұрыс

47. Қожаберген жыраудың қалмақ әскерлерінің басқыншылық жорықтары жайлы оқиғаны жырлаған дастаны:

- A) «Қоғалы көлдер, құм, сулар»
- B) «Елім-ай»
- C) «Жауқашарға»
- D) «Бөкеге»
- E) «Қалданменен ұрысып»

48. «...Жыраудың мақсаты, міндеті – не болса сол көңіл ашар, әлде не дерлік сөзді айту емес...» деп бағалаған тұлға:

- A) Әуезов М.
- B) Өмірәлиев Қ.
- C) Жұмабаев М.
- D) Сүйіншәлиев Х.
- E) Мағауин М.

49. «Елім-ай» дастанында баяндалған оқиға:

- A) Мемлекеттік мәселелер
- B) Қалмақ басқыншылығы
- C) Ру-тайпалар тірлігі
- D) Әмеңгерлік мәселелер
- E) Бостандық мәселелері

50. Жыраулық дәстүрдің негізін қалаған жыраулар:

- A) Аталық пен Сыпыра жырау
- B) Бұқар жырау және Шал ақын
- C) Ақтамберді жырау және Тәтіқара ақын
- D) Марғасқа жырау және Үмбетей жырау
- E) Қазтуған жырау және Доспамбет жырау

51. Бұқар жыраудың:

«Күнінде мендей жырлайтын

Тоқсан үште қария

Енді де саған табылмас» – деген толғауының иесі:

- A) Абылай хан
- B) Тәуке хан
- C) Қабанбай батыр
- D) Бөгенбай батыр
- E) Жәңгір хан

52. Бұқар жырау бойынша жаратылыс заңдарының себебі мен салдары: таудан аққан тас бұлақ, тасыса құяр теңізге, ...

- A) Жақсыдан жаман, жаманнан жақсы туса да тартпай қоймас негізге
- B) Жаманнан жақсы туса да тарта берер негізге
- C) Жақсыдан жақсы туған да тартпай қоймас негізге
- D) Жаманнан жаман туса егер, тарта білер негізге
- E) Жақсыдан жаман туған да тартып қояр негізге

53. Бұқар жыраудың ел бірлігінің бәсең тартып, ынтымақтықтың берекесінің кеткендігінің атауы:

- A) Қас тұрпайылық
- B) Желкілдеген тұрпайылық

- C) Жамандықты тұтқан жұрт
- D) Алауыздық
- E) Қаскөйлік

54. Бұқар жыраудың:

«Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,

Сонан сасып қалмасқа» – деген жыр жолдары қай толғауға тиесілі:

- A) «Тілек»
- B) «Қилы заман»
- C) «Абылайға арналған өлеңдері»
- D) «Айналасын жер тұтқан»
- E) «Асқар таудың өлгені»

55. Бұқар жыраудың: «Болдым-толдым деп шалқая берме, жас күніңде қандай күй кешкенінді ұмытпа», – дегені кімге тиесілі:

- A) Абылай ханға
- B) Тәуке ханға
- C) Шал ақынға
- D) Бәйдібек бабаға
- E) Әнет бабаға

56. Бұқар жыраумен айтысқан башқұрт шешені:

- A) Байық
- B) Бабыр
- C) Балақ
- D) Сапақ
- E) Бахадүр

57. Бұқар жыраудың Абылай ханға өлімін естірткен батыр есімі:

- A) Бөгенбай батыр
- B) Қабанбай батыр
- C) Наурызбай батыр
- D) Жәнібек батыр
- E) Ағыбай батыр

58. Бұқар жырау бойынша тіршілік шарты: ер жігіттің қадірін ағайын білмес, жат білер, ...

- A) Қалың малы арзан деп, қарадан әйел алмаңыз
- B) Қалың малы қымбат деп, бай қызынан қашпаңыз
- C) Қалың малы арзан деп, кедей қызынан қашпаңыз
- D) Қалың малы тым қымбат, байдың қызын алмаңыз
- E) Қалың малы тым арзан, кедей қызын алмаңыз

59. Бұқар жыраудың Абылай ханның өтінішімен, тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтуы:

- A) Сәуегей
- B) Тәуіп
- C) Көмекші әулие
- D) Емші
- E) Әулие

60. «Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса, үй кетер,
Жатқа тізгін бермеңіз
Жаламенен бас кетер» – деген жыр жолдарының авторы:

- A) Бұқар жырау
- B) Ақтамберді жырау
- C) Әнет баба
- D) Майқы би
- E) Жиёмбет жырау

61. Бұқар жыраудың «Ал, айтамын, айтамын» толғауының иесі:

- A) Жәңгір хан
- B) Тәуке хан
- C) Абылай хан
- D) Бөгенбай батыр
- E) Тәтіқара ақын

62. Бұқар жыраудың «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Әлемді түгел көрсе де» жырларының негізгі өзегі:

- A) Табиғат пен адам өмірі
- B) Абылайға арналған өлеңдер
- C) Батырларға арналған өлеңдер
- D) Ақыл-парасатқа арналған өлеңдер
- E) Иmandылыққа арналған өлеңдер

63. Бұқар жыраудың:

«Күн батыстан бір дұшпан,
Ақырында шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Діндарының аты боп,

Күн шығысқа қарайды» – деген жыр жолдары қай толғауға тиесілі:

- A) «Қилы заман»
- B) «Тілек»
- C) «Абылайға арналған өлеңдері»
- D) «Бөгенбай тілімен естірту»
- E) «Көкте бұлт сөгілсе»

64. «Бұқар жыраудың сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек» деген сөздердің авторы:

- A) Сейфуллин С.
- B) Әуезов М.
- C) Көпеев М.Ж.
- D) Мағауин М.
- E) Өмірәлиев Қ.

65. Бұқар жыраудың тілі мен стилін қарастырып, зерттеген тұлға:

- A) Сыздықова Р.
- B) Әуезов М.
- C) Мағауин М.
- D) Сүйіншәлиев Х.
- E) Кәкішев Т.

66. Бұқар жырау түйіндеуіндегі тіршілік үйлесімі: биік тауға ығынан түскен панасы, терең сайға тобылғалы саласы, ...

- A) Келіншекке емшектегі баласы жарасар
- B) Ер адамға жанындағы әйелі жарасар
- C) Келіншекке бауырындағы баласы жарасар
- D) Келіншекке қасындағы ер адамы жарасар
- E) Қыз балаға бойындағы инабаты жарасар

67. Бұқар жырауға бата беріп, атын қойған данышпан:

- A) Әнет баба
- B) Сыпыра жырау
- C) Қорқыт ата
- D) Бәйдібек баба
- E) Сүйінбай Аронұлы

68. Бұқар жыраудың:

«Ғаділдігін Наушаруан ғаділге жеткерген,

Жомарттығын хатымтай жомарттан өткерген...» – деген мадақ өлеңінің

иесі:

- A) Абылай ханға
- B) Тәуке ханға
- C) Жәңгір ханға
- D) Хақназар ханға
- E) Керей ханға

69. «Бұқар жырау өз тұсындағы қазақ халқының күй-жайын, мұң-тілегін, болашақ тағдырын... бірлігін көкседі», – деп бағалаған тұлға:

- A) Кенжебаев Б.
- B) Әуезов М.

- C) Жұмалиев Қ.
- D) Қабдолов З.
- E) Сыдықов Қ.

70. Бұқар жырау шығармаларын үлкен үш арнаға тоғыстырып қараған жөн:

- 1) Абылайға арналған жыр-толғаулар
- 2) Отаршылыққа қарсы жыр-толғаулар
- 3) ...
- A) Жыраудың дүние-жаратылыс жайын қорғаған толғаулары
- B) Жыраудың адамгершілік асыл қасиеттерге арналған жыр-толғаулары
- C) Жыраудың имандылыққа арналған жыр-толғаулары
- D) Жыраудың тіршілік, өмір жайын қозғаған жыр-толғаулары
- E) Жыраудың бұқара халыққа арналған жыр-толғаулары

71. «Бақ көшсе ақылына қарамайды,

Жақсыны жаман адам табалайды

«Адам басы алланың добы» деген,

Қайда айдаса сол жаққа домалайды» – деген жыр жолдарының авторы:

- A) Шал ақын
- B) Марғасқа жырау
- C) Жиёмбет жырау
- D) Қожаберген жырау
- E) Бұқар жырау

72. Шал ақынның шын есімі:

- A) Тілеуке Құлекеұлы
- B) Тіленді Құлыкеұлы
- C) Құлыке Тілеукеұлы
- D) Тіленіш Құлеукеұлы
- E) Күлеке Тіленшіұлы

73. Шал ақын көбіне нені жырлаған:

- A) Бұқара халықты, өмір қайшылықтарын
- B) Байларды
- C) Балаларды
- D) Халық мұңын, зорлық-зомбылықты
- E) Ұрлық-қарлықты

74. Шал ақын туралы алғашқы хабар кімнің еңбегінен мәлім:

- A) Уәлиханов Ш.
- B) Құнанбаев А.
- C) Аймауытов Ж.
- D) Сүйіншәлиев Х.
- E) Әуезов М.

75. Шал ақынның басылған өлеңі (журнал атауы, жылы және оның саны):

- A) //Жаңа әдебиет, 1929 ж. №5 (1 өлеңі)
- B) //Жаңа әдебиет, 1930 ж. №8 (6 өлеңі)
- C) //Жаңа әдебиет, 1928 ж. №1 (2 өлеңі)
- D) //Жаңа әдебиет, 1925 ж. №3 (4 өлеңі)
- E) //Жаңа әдебиет, 1921 ж. №7 (3 өлеңі)

76. Шал ақынның өз өмірі туралы жазылған 9 жолдық өлеңінің басталуы:

- A) Он бес деген жасымай
- B) Қайран өмірім
- C) Өткен жылдар елесі
- D) Балдәурен шіркін, балалық
- E) Қилы өмір

77. Профессор Н.С.Смирновтың ойынша «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің» өлеңінің иесі:

- A) Абылай ханға
- B) Шал ақынға
- C) Үмбетей жырауға
- D) Өнет бабаға
- E) Бұқар жырауға

78. Шал ақынның өмірбаянын жазған тұлға:

- A) Малдыбаев Ғ.
- B) Уәлиханов Ш.
- C) Жұмабаев М.
- D) Исабеков Д.
- E) Ахметов З.

79. Т.Құлекеұлын «шал» деп атау себебі:

- A) Жастайынан үлкендерше сөйлеп, төрде отырып, төрелік айтқаны үшін
- B) Шалдар арасында өскендіктен
- C) Аты қиын болғандықтан
- D) Ақыл-парасаттылығының молдығынан
- E) Жеңгелерінің қалжындауынан

80. Шал ақын басқада замандастары сияқты ақыл айта отырып, толғайтын поэзиясы:

- A) Дидактикалық поэзия
- B) Әдеби поэзия
- C) Гуманистік поэзия
- D) Философиялық поэзия
- E) Педагогикалық поэзия

81. «Ерімнің бір тұрманы үзеңгісі,
Қыз 15-ке келеді түзелгісі,
«Аяғын көр, асын іш» деген сөз бар,
«Шешесін көр, қызын ал» сол белгісі» – деген жыр жолдарының авторы:
- A) Шал ақын
 - B) Қазтуған жырау
 - C) Марғасқа жырау
 - D) Жиёмбет жырау
 - E) Ақтамберді жырау
82. Шал ақынның ойынша тіршіліктің мәні:
- A) Адамгершілік
 - B) Байлық
 - C) Мал, дүние
 - D) Денсаулық
 - E) Қанағат
83. Ғ.Малдыбаевтың Шал ақынның көптеген өлеңдерін жариялаған газет аты:
- A) «Қазақ әдебиеті»
 - B) «Орыс әдебиеті»
 - C) «Жаңа әдебиет»
 - D) «Қазақ»
 - E) «Еңбекші қазақ»
84. Шал ақын өлеңдері басылған әдебиеттер:
- A) «Ертедегі әдебиет нұсқалары»
 - B) «Алдаспан»
 - C) «Бес ғасыр жырлайды»
 - D) «Қазақтың қысқаша тарихы»
 - E) «Шежірелер жинағы»
85. Шал ақынның сүйегі жерленген жер:
- A) Есіл өзені бойындағы Қаратал деген жерде
 - B) Семей облысының, Абай ауданындағы Жүрекадыр деген жерде
 - C) Целиноград облысының Ерейментау ауданында
 - D) Қазіргі Сергеевка селосының жанындағы Аютас деген төбенің түбіне
 - E) Гурьев облысы, Махамбет ауданында Қарт деген жерде
86. Көне жыраулар мұрасының білгірі, Мұрат ақынның алғашқы ұстазы:
- A) Есет би
 - B) Асан Қайғы жырау
 - C) Жиёмбет жырау
 - D) Доспамбет жырау
 - E) Марғасқа жырау

87. «Ноғайлының 40 батыры» жырын сақтап, келер ұрпаққа жеткізушілердің бірі:

- A) Абыл ақын
- B) Шал ақын
- C) Жиёмбет жырау
- D) Әнет баба
- E) Тәтіқара ақын

88. «Соқыр қылды көзімді көрмесін деп, жамандықтың соңына ермесін деп» қарсыластарына орынды тойтарыс бере білген қазақтың атақты ақыны:

- A) Шөже
- B) Жиёмбет жырау
- C) Марғасқа жырау
- D) Әнет баба
- E) Бұқар жырау

89. М.Қашқаридың сөздігінде аты аталған жырау:

- A) Шөже
- B) Майқы би
- C) Әнет баба
- D) Шал ақын
- E) Бұқар жырау

90. XI ғасырда көшпелі түріктерден шығып, көп жыр білген жыршы:

- A) Шөже
- B) Асан Қайғы жырау
- C) Қожаберген жырау
- D) Үмбетей жырау
- E) Шал ақын

91. М.Әуезов: «XIX ғасырдағы Жетісу ақындарының алтын діңгегі» деп атаған айтыстың асқан шебері:

- A) Сүйінбай Аронұлы
- B) Марғасқа жырау
- C) Доспамбет жырау
- D) Майқы би
- E) Есет би

92. «Жетім-жесір баланың
Маңдайынан сипай кет!
Ердің өзі өлді деп,
Әруаққа болма шет!
Құдай салды, біз көндік,

«Айықпайтын таптым дерт» – деген жыр жолдарының авторы:

- A) Бұдабай Қабылов
- B) Сүйінбай Аронұлы
- C) Есет би
- D) Ақмолла Мұхамедиярұлы
- E) Марғасқа жырау

93. Жыраулардың нақыл сөздерінің қазіргі түрі:

- A) Мақал-мәтел
- B) Тақпақ
- C) Бата
- D) Өсиет
- E) Рубаи

94. «Асылды сөккенменен аты кетпес,

Көңілден жаман сөздің таты кетпес» – деген жыр жолдарының авторы:

- A) Ақмолла Мұхамедиярұлы
- B) Сүйінбай Аронұлы
- C) Жиёмбет жырау
- D) Марғасқа жырау
- E) Ақтамберді жырау

95. Жыраулардың жоғары бағалаған жануары:

- A) Жылқы
- B) Қой
- C) Бүркіт
- D) Түйе
- E) Ешкі

96. «Қазақ ақын-жыраулары XV-XVIII ғасырлар шегінде бүкіл әлемдік мәні бар... мұра жасады», – деп тұжырым жасаған ғалым:

- A) Қалиев С.
- B) Мағауин М.
- C) Жарықбаев Қ.
- D) Сүйіншәлиев Х.
- E) Негимов С.

97. «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» монографиясында қазақ жыраулар поэзиясын әдебиетіміздің жеке мұрасы ретінде ғылыми-деректік жақтан алғаш рет жүйелеп берген ғалым:

- A) Сүйіншәлиев Х.
- B) Әуезов М.
- C) Мағауин М.
- D) Қалиев С.

Е) Негимов С.

98. Халық тағдырын, қоғамдық мәселені шешуде XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулармен бірге үлкен рөл атқарғандар:

- А) Хандар
- В) Билер
- С) Шешендер
- Д) Сұлтандар
- Е) Бектер

99. Жыраулар поэзиясы ...

- А) Халқымыздың тіл байлығы
- В) Халқымыздың ғажап өнері
- С) Халқымыздың ой-санасы
- Д) Халқымыздың тарихы
- Е) Халқымыздың мәдениеті

100. Ғалым Н.Келімбетов: «XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген қазақ-жыраулары поэзиясындағы әлеуметтік және дидактикалық сарындардың түп-төркіні ежелгі түркі әдебиетінде жатқанын аңғару қиын емес», – деп түйін жасаған зерттеу еңбегі:

- А) «Ежелгі түркі поэзиясы мен қазақ жыраулары»
- В) «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері»
- С) «Ақындар»
- Д) «XV-XIX ғғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ойлар»
- Е) «Қазақ хандығы тұсындағы тәлімдік ойлардың дамуы (XV-XVIII ғғ.)»

Сілтеме әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы // Егемен Қазақстан, 2018 ж., 21 қараша.
- 2 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы (Оқулық). – Алматы: Санат, 2006. - 232 б.
- 3 XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. – Алматы, 1933. - 17 б.
- 4 Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алма-Ата, 1964. - 193 с.
- 5 Марғұлан Ә. Қазақ халқының көне поэтикалық мұрасын жасаушылар туралы. Кітапта: М.О.Әуезовтің 60 жылдығына. – Алматы, 1959. - 73 б.
- 6 Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. – Алматы, 1976. - 224 б.
- 7 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
- 8 Қасқабасов С.А. Жырау, жыршы әрі ақын //Жамбыл туралы сөз: Баяндамалар мен мақалалар жинағы. – Алматы: М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 1996.
- 9 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956. - 22-23 б.
- 10 Сманова Н. Ғ.Мүсіреповтің педагогикалық ой-пікірлері: Автореф. ...пед. ғыл. докт. – Алматы, 2005. - 27 б.
- 11 Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық /Т.Ақшолақов, Т.Жұмажанова, С.Қалиев, С.Дүйсебаев. Өңд., толықт. 2-бас. – Алматы: Мектеп, 2009. - 352 б.
- 12 Жармұқаметов М. «Елім-ай» жыр дастаны //Қазақ әдебиеті, 1981 ж., 15 май (кейінгі үзінділер де осы жырдан алынды).
- 13 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Ер-Дәулет, 1994. - 121 б.
- 14 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1968. Т.1. - 248 б.
- 15 Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті /Жау. ред. М.Жармұхамедов, Қ.Сыдықов. – Алматы: Ғылым, 1983. - 9 б.
- 16 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы (1-кітап). – Алматы: Қазақ университеті, 2001. - 160 б.
- 17 Қалиев С. Тәрбиенің түп тамыры //Қазақстан мектебі, 1989. - 29 б.
- 18 Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. – Алматы, 1983. - 148 б.
- 19 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы (1-кітап). – Алматы: Қазақ университеті, 2001. - 163 б.
- 20 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы: Мектеп, 1986. - 159 б.
- 21 Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы (Зерттеу). – Астана: Елорда, 2000. -288 б.
- 22 Баласағұни Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. - 21 б.
- 23 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006. - 5 б.
- 24 Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. – Алматы, 1976. - 224 б.

- 25 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956. - 4 б.
- 26 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. -7 б.
- 27 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы (1-кітап). – Алматы: Қазақ университеті, 2001. - 220 б.
- 28 Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. – Алматы, 1983. - 192 б.
- 29 Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: ҚМКӘБ, 1971. - 20 б.
- 30 Қалиев С. XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. – Алматы: Рауан, 1990. - 6 б.
- 31 Жұматаева Ш. Дулаттың тәлім-тәрбиесі //Қазақ тілі мен әдебиеті, 2001. №3. - 45 б.
- 32 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956. - 42 б.
- 33 Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі және оны орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану. – Алматы, 2010. - 5 б.
- 34 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: он томдық /Құрастырғандар С.Қалиев, К.Аюбай. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005-2010.
- 35 Бұл да сонда
- 36 Бұл да сонда
- 37 Бұл да сонда
- 38 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.
- 39 Крупская Н.К. Собр., соч. Т.1. Изд.-во АПН, РСФСР, 1950. - 169 с.
- 40 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004.
- 41 Оразбекова К. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы: Дәуір, 2000.
- 42 Мағауин М. Бес ғасыр белестері. Кітапта: «Ай заман-ай, заман-ай...» – Алматы: Қазақ ССР баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы, 1991. - 8 б.
- 43 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. - 245 б.
- 44 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы (Оқулық). – Алматы: Санат, 2006. - 226 б.
- 45 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық /Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. - 23 б. *(кейінгі өлең үзінділері осы кітаптан алынды).*
- 46 Сейфуллин С. Шығармалар. –Алматы, 1964. Т.6. - 25 б.
- 47 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006. - 38 б.
- 48 Әбішева Н. Жыраулар. – Алматы: Білім, 2007. - 13 б.
- 49 Мағауин М. Ғасырлар бедері (Әдеби зерттеулер). – Алматы: Жазушы, 1991. - 30 б.

- 50 Әбілұлы М. Шалкиіз жырау жырларындағы діни-танымдық сарындар //Жамбыл-Тараз газеті, 2004. №31, 17 шілде.
- 51 Әбішева Н. Шалкиіз жырауды оқыту //Қазақ тілі мен әдебиеті, 2002. №5. - 25 б.
- 52 Мағауин М. Бес ғасыр белестері. Кітапта: «Ай заман-ай, заман-ай...» – Алматы: Қазақ ССР баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы, 1991. - 9 б.
- 53 Қазақ Совет энциклопедиясы. Т.4. – Алматы, 1975. - 443 б.
- 54 Табылды Ә. Ұстаз тәлімі. – Алматы: Білім, 2006. - 49 б.
- 55 Бұл да сонда, 98 б.
- 56 Алмурзина Г. Тәрбие – қоғам алдындағы басты міндет //Жанұя мен мектептегі тәрбие, 2009. №4. - 3 б.
- 57 Табылды Ә. Ұстаз тәлімі. – Алматы: Білім, 2006. - 98 б.
- 58 Тебегенов Т. Қожаберген Толыбайсыншыұлы шығармашылығы /Қазақ тілі мен әдебиеті, 1997. №11-12. - 60 б.
- 59 Бұл да сонда, - 61 б.
- 60 Қазақ Совет энциклопедиясы. Т.1. – Алматы, 1972. -222 б.
- 61 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы (Оқулық). – Алматы: Санат, 2006. - 313 б.
- 62 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы (1-кітап). – Алматы: Қазақ университеті, 2001. - 192 б.
- 63 История Казахской ССР: В 5-ти т. – Алма-Ата, 1979, Т.3., - 196 с.
- 64 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің мәселесі. – Алматы, 1942. - 23 б.
- 65 Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. - 43 б.
- 66 Орыс энциклопедиясы Т.1. – Петербург, 1911. - 20 б.
- 67 Мағауин М. Алдаспан. – Алматы: Атамұра, 2006. - 46 б.
- 68 Марғұлан Ә. Қазақ халқының көне поэтикалық мәдениетін таратушылар туралы. Кітапта: М.О.Әуезов. Сборник статей к его шестидесятилетию. – Алма-Ата, 1959. – 76 с.
- 69 Жарықбаев Қ. Ақын армандаған әйел //Ақ босаға газеті, 1992. №5.
- 70 Мағауин М. Бес ғасыр белестері. Кітапта: «Ай заман-ай, заман-ай...» – Алматы: Қазақ ССР баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы, 1991. - 10 б.
- 71 Қалиев С. XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. – Алматы: Рауан, 1990. - 47 б.

Өз бетінше жұмыс істеуге арналған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы. 2008. - 44 б.
2. «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарлама. – Алматы: ЮРИСТ, 2004. - 132 б.
3. Алдаспан /Құраст. М.Мағауин. – Алматы, 1971.
4. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық (Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев). – Алматы, Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті бас редакциясы –РББ. 1991. –Т.1. - 384 б.
5. Бес ғасыр жырлайды. 1-3 томд. – Алматы: Жазушы, 1984-1985. - 495 б.
6. XVII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы, 1962. Өсиетнаме. – Алматы, 1982.
7. Қалиев С. XV-XIX ғасырлар ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ойлар. – Алматы: Рауан, -1990. - 88 б.
8. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998. - 128 б.
9. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. – Алматы: Білім, 1999. - 153 б.
10. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы. I том., /Құраст.: Жарықбаев Қ., Қалиев С. – Алматы: Рауан, -1994. - 317 б.
11. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы. II том., /Құраст.: Жарықбаев Қ., Қалиев С. – Алматы: Рауан, -1998. - 415 б.
12. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995.
13. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі (XV-XIX ғ. бірінші жартысындағы ақын-жыраулардың тәлім-тәрбиелік пікірлері). – Алматы, 1980. - 121 б.
14. Әлсатов Т.М. Қазақ хандығы тұсындағы тәлімдік ойлардың дамуы (XV-XVIII ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1999. - 198 б.
15. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау. – Алматы: Нұрлы Әлем, 1998. - 200 б.
16. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: Теориясы және практикасы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. - 304 б.
17. Ақын-жыраулар поэзиясы. Оқу құралы – Алматы: Ғылым, 2001. - 280 б.
18. Сыдықов Қ. Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым. 1974. - 244 б.
19. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. - 432 б.
20. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы, 1968. - 168 б.
21. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 176 б.
22. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995.
23. Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы, 1995.
24. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994.

25. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, -1976. - 200 б.
26. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974.
27. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. – Алматы: Рауан, 1994. - 144 б.
28. Тәжібаев Ә. Өмір мен поэзия. – Алматы: Ғылым, 1970.
29. Табылдиев Ә. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие тәрбие. – Алматы: Қазақ университеті, 1991.
30. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. - 904 б.
31. Дербісәлин Ә. Дәстүр және жалғастық. – Алматы, 1976.
32. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы, 1970.
33. Краткая казахская энциклопедия. – Алматы, 1985-1989.
34. Көбесов А. Сөнбес жұлдыздар. – Алматы: Қазақстан, 1979.
35. Танабаев Ә. Жыраулар поэзиясы және табиғат. – Алматы: ҚазАқпарат, 1999. - 161 б.
36. Қазақ совет энциклопедиясы. I-II том. – Алматы: Ғылым, 1976-1980.
37. Қуанғанов Ш.Т. Бұқар жырау. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1992. - 48 б.
38. Асан Қайғы /Құраст. Н.Мұхамедханов. – Алматы, 1973.
39. Бұқар жырау. Шығармалары /Құраст. М.Жармұхамедұлы. – Алматы, 1992.
40. Абылай хан /Құраст. С.Дәуітов. – Алматы, 1993. - 317 б.
41. Песня Шалкииза хану Битемиру /Харузин А. Киргизы Букеевской орды. М., 1889; Астраханский вестник. 1893. №12.
42. Қалиев С. Тәрбие тағылымы тереңде. //Қазақстан мұғалімі, (1989, № 1).
43. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. //Қазақ әдебиеті, (1991 ж., 11 қаңтар)
44. Серғалиев М. Сөз асылы. //Социалистік Қазақстан (1974 ж., 7 наурыз)
45. Педагогика тарихы (Білім беру және педагогикалық ойлар тарихы). Оқулық. ҚазМЕМҚызПУ – Алматы, 2009. - 398 б.
46. Сейтәлиев Қ. Педагогика тарихы – Алматы: Білім, 2008.
47. Мағауин М. XV-XVII ғасырларда жасаған жыраулар. //Ана тілі, (1992, - 8-16 бб.)
48. Баймағамбетова Ж. Қазақ ақын-жыраулары бала тәрбиесі туралы //Бастауыш мектеп (2005, №9. -59 б.)
49. Малдыбаев Ғ. Шал ақын кім? //Қазақ әдебиеті (1958. №48)

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
I тарау. ЖЫРАУ – АСЫЛ СӨЗ, АДАМИ ИДЕАЛДАР ИЕСІ	5
II тарау. ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫ – ДӘУІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ.....	9
III тарау. АҚЫН-ЖЫРАУЛАР МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ.....	
1. XV-XVII ғасырлардағы ақын-жыраулар мұраларындағы тәлім-тәрбие ...	18
Асан Қайғы	20
Қазтуған жырау	26
Доспамбет жырау	30
Шалкиіз жырау	34
Жиёмбет жырау.....	41
Марғасқа жырау.....	45
Тест тапсырмалары.....	48
2. XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар мұраларындағы гибратты тәрбие ...	66
Қожаберген жырау.....	67
Ақтамберді Сарыұлы	72
Тәтіқара ақын	77
Үмбетей жырау.....	79
Бұқар жырау.....	83
Шал ақын	93
Тест тапсырмалары.....	103
Сілтеме әдебиеттер тізімі.....	121
Өз бетінше жұмыс істеуге арналған әдебиеттер.....	124

Елубаева М.С.

**ҰЛЫ ДАЛА АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ
ТАҒЫЛЫМДЫҚ МҰРАЛАРЫ
(XV-XVIII ғғ.)**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ